

КазФЗ
635 - 09
К90

КУЙЕУ КЕЛТІР. КЫЗ УЗАТ



8 1 2007

09

б

жас

Ис-
дан от
сағадан
Бақыттың
лерімізден, 2
лық, инабаттыль.


қыз ұзат» ... Апыр-ау, бұл
тіп елжіремегелі небір заман
алындағы тынысымды кеңітіп,
ып барады ғой...
астық шақ біздің де басымыз-
ық сезімге бөленіп, ақ бо-
Немерелі, шөберелі болдық.
Ол кезде алды дария әже-
әзік женгелерімізден иманды-
лық, яғни халқымыздың бойына
ғасырлап сінген ұлттық мінез, қасиет жайында
жің естітінбіз. Қызыға тыңдал, өзіміздің де со-
ларға үқсағымыз келетін. Сосын белгілі Қазан
төңкерісі келіп, сіз бен біз білетін Кеңес үкіметі
ориады. Бәріміз болашагымызға үмітпен қараң,
шыныайын бақыттымыздың басы болар деп сендік.
Осы төңкеріс әкелген ортақ мәдениетке, ортақ
дәстүрге еліктедік. Имандылық ескіліктің
сарқыншагына бағаланып, кейінге ысырылды.
Сөйтіп, бірте-бірте ұлттық мінезімізден, салт-
дәстүрімізден алыштап, не өзгеге, не өзімізге
үқсамай дұбара күйге түскенімізді байқамай да
қалыптыз.

(Жалғасы мұқабаның үшінші бетінде)

КҮЙЕУ КЕЛТІР, ҚЫЗ ҰЗАТ



АЛМАТЫ «АНА ТІЛІ» 1992



ББК 63,5
К 90

Редакторы Сырым БАҚТЫГЕРЕЕВ

К 90 Күйеу келтір, қыз ұзат (Құрастырган
Ш. Керімов, филология ғылымының кандидаты) ---
Алматы: Ана тілі, 1992. — 112 бет.
ISBN 5-630-00099-3

K 0301070000—037
415(05)—92 027—92

ББК 63,5

ISBN 5-630-00099-3

© Ш. Керімов, құрастырушы, 1992

ҚЫЗДЫ АУЫЛДА КҮНДЕ ҚЫЗЫҚ

Қадирлі оқырман!

Сіздің ұлыңыз ер жетіп, қызыңыз бой жетіп келе ме? Өзгенің тойын қызықтау жөнінің бір басқа да, өз тойыңызды өткізу жөнінің бір басқа екеніне ой жібере бастадыңыз ба?! Егер солай болса әлі де өз төсегіңізге өзіңіз симай талаі түнді тыныршып өткізеріңіз сөзсіз. Өйтке, той жасаудың сол құндердегі сауық-сайран салтанаты гана емес, мән-маңызы одан әлдеқайда жоғары ғұмырнама сабактастыры екендігін, ең алғаш сонда, салалы түрде сезінер едіңіз де байлық-болмысыңыздың, мұддемүмкіндігіңіздің шек-шекпірін таразылап, ата-аналық парызыңызды өтеудің ең бір жауапты, ең бір қының да соны сүрглеуіне түсер едіңіз.

Демек, той қамымен шектеліп қалмай үрпақ қамын, оның тектілік, тәндік тазалық сипаттың ойлау, ата-бабалық пен жалпы адамзаттық арнаадағы асыл қасиеттерді адал жалгастыру рәсімінде, аиттық тұргыда жүрек ауыртар едіңіз. Әңгіме неліктен осылай қойылып отыр?

Құдайга шүкір, тәүелсіздік дәмін тата қоймаганымызben, ең алдымен ұлт аралық туыстық емес, ұлттық туыстық, ұлт аралық жан-жүйе емес, ұлттық жан-жүйе негізінен бүргандаимыз. Үміт оянды, қиял да қанагаттанғандай. Десек те, ұлттық уызынаң ңар алған, ұлттық тәрбие бесігінде тербеліп есken, қаны, тілі, ділі таза, қиядагыны қағуга қарымды, тәні шымыр, ойы өрелі үрпақ тағдырын, ең алдымен, осы өз ұлымыз бен өз қызымыздың отау көтеруімен тікелей байланыстыруды шынайы сезінген кезеңде, өзегіңді өрттей шарып, мына бір жәйт, жаныңа тыным тапқызбайды. Ол, қалай болғанда да, үрпақты аздырмай жайы. Тарихтан жақсы белгілі, үрпагы азган талаі ұлт ұлт болудан қалып, жер бетінен жым-жылас жоғалып кетті емес пе?! Осы жәйттен хабардар ата-бабамыз: «Малым-жанымның са-

дагасы, жаным – арымының садағасы» деп ар-намыс үшін отқа да, сұға да түскен гой. Тұрмысқа жасауымен жөнелтіп тұрып қызына әкесі: «Балам, жаман болма, атаңа нәлет көлтіресің» деп, неке қияр тойынан кейін күйеу баласына енесі: «Балам, қорлама қызыымды, атагымды өлтіредесің» деп, осы ар, намысты қелесі үрпаққа тағы арқалатты-ау!

«...Батырлық, байтың кімде жок
Ғашықтың жәні бір басқа...», —

деп үздіккен Қыз Жібектей аруын үкілетіп өсірген халқымыз бұл ғажап сиқырлы сезіміңіз өзін жөнді жерінде тежелеп үстап, қасиет-қадірін жойып алмауга тырысқан гой. Тамыры тым-тым тереңде кететін, қыз таңдау немесе жігіт таңдау, құда тұсірту, қыз алғын, қыз берісудің толып жатқан жол-жоралғысын сақтау сияқты дәстүрлер, міне осындаи, «үрпағым бұзылмасын, бақытым ортаймасын» деген аталақ ұлы мұраттан туған.

Сап ғасырды артқа тастап бізге жеткен халықтық асыл мұраларымызда қызы, дәлірек айтқанда қыз өсер отауды жігіттің өзі емес әуелі жігіттің әкесінің таңдауында, содан соң барып жігіттің сол қызы көріп, танысувында үлкен мән жатқан жоқ па?! Айталақ, «Ер Төстік» ертегесінде келін ізден, ел кезген Ерназар бір үйге түсіп, керегеде ілүзі тұрған сегіз сырғаны көргенде еңкілден жылаш бастайды.

«...Үйдің өзбішесі Ерназардан:
— Неге жылладың? — деп сұрайды.

Жыллаган себебім: тоғыз ұлым бар, содан тоғыз келін ілдегі жүрген адаммын. Тоғыз ұлымның бір әке, бір шешеден тұраны сияқты тоғыз келінімің де бір әке, бір шешеден тұран болуын ізден жүрген адаммын. Керегенің басымдагы көп сырғаны көрсөнде тігеліме жеттім сой деп қуанып қалған едім, сапшам биреу кем екен, содан жылан отырмын, — дейді Ерна-ар.

— Ендеше, жылама, таңы бірем бар, оғе тұр, — деп өзбіше тұсбақаннан тағы бір сырғаны алғып келеді. «Кенжекейімнің сырғасы еді, мұны сегіз қызымының сырғасына араластырмаймын, ана қыздарым бір тәбе, Кенжекейім бір тәбе. Сондықтан Кенжекейімнің сырғасы олардікінен бір бөлек тұрады» — деп сырғаны қайтадан орнына іліп қояды.

Ерназар оған:

— Сениң сегіз қызың бір тәбе, Кенжекейің бір тәбе болса, менің сегіз ұлым бір тәбе; Төстігім бір тәбе еді, Кенжекейің Төстігімдікі болсын, — дейді.

Сөйтін, Ерназар тоғыз қызға құда түсіп қайтады...».

Ерназардың тогызы келінді тогызы үйдеп іздемей, бір үйдеп іздеуінің өзі келіндерім де ұлдарым сияқты бауырлас, сыйлас болса екен деген тілекке меңзейді.

Осындағы байыргы жақындастыққа, сыйластыққа үегізделген құдандалықтың таеви бір түрі «Қозы Қөрпеш-Баян сұлу», «Алпамыс» жырларында айшықты қөрінеді. Әйелдері җүкті болған екі әсес егер біріміздің әйеліміз ұл туып, екіншіміздің әйеліміз қызы туся, өскен соң оларды үйлендірелік деп көліседі. Мұны — атастыру дейді. Бұдан, әрине, қазақ жастары бұрын тек әкесінің үйгарамымен үйленген екен деген қорытынды туласа керек. Қозының да, Алпамыстың да қалыңдықтарын ізден шыгуларына атастыру дәстүрі тұрткі болғанымен Қозы мен Баян, Алпамыс пен Гүлбарышын арасындағы ажырамас маҳаббат бір-бірлерін қорғанип кейін гана барып шоқтай қызып, өрттей лаулайды гой. Сондай-ақ, атастырылған ұл мен қызы өскен соң әкелеріндей достықпен өнуге тиісті болған деген пікірмен де келісу қызын. Айталақ басында ишет дұрыс болғанымен кейін Баяның әкесі Карабай мен Гүлбарышының әкесі Сарыбайдың құйрық-бауыр жесікен құдасынан қаша қөшүінің өзі мұндай достықтың өнеге туынп, мирас еттер достықпен төрт қайнаса сорпасы қосылмайтындығын қөрсетеді. Демек, қайын атасы іс жүзінде «сатып кетсе» деге Қозы мен Алпамыстың қалыңдығын ізден шыгуы әке:лер достығын жалғастыру иштеп тұмаған, ата дәстүрін ар-намысындағы қабылдаган, ар-намысын көздің қара-шығындағы сақтаган мінездінің ісі болса керек.

Кыз Жібектің:

«...Өлтегі Талегеннің рас болса
Құдайым Кыз Жібекті неге алмайды...», —

дей келіп, екінші бір нұсқада:

«...Артымда жеткіншегім бар деуші елі,
Жесірін ізден келіп неге алмайды...», —

*деп зарлауында да осындаі терең мән жатыр. Бүгінгі ара-
мыздығы ойлы ақын Қадыр Мырзалиев те:*

«...Бір жаманы үйленіп женесіне,
Бір жақсысы жесірін қашыптаған...», —

демей ме?!

Жар таңдау ата-анаға гана емес, қызы бен жігіттердің өздеріне де үшкен сын. Жігіт — зерде-зейні, өнері, тапқырлығы, қүш-жігер, қайрат-қаруы, білімі; қызы — ата-тегі, ақыл-парасаты, сымбат-қөркі, іс-өнері сияқты қасиеттерімен сарапанған. Білек қүшіне сын — жекпе-

жектеп, ақыл-санага сын – жұмбақ айтысқа дейінгі толып жатқан кедергілерден өту міндет санаған.

Міне, осылайша тең теңін тапқаннан кейін, әке, шеше қызын ұзатуға немесе ұлын үллендіруге де айрықша жа-уапкершілікпен қараган. «Алпамыс» жырындағы:

«...Екі тектік баласын,
Ептемекке келгенмін.
Елдестірмек елшіден,
Жауластырмақ жаушыдан,

Құска шықкан аушымын.
Сізде қыз бар, бізде — ұл,
Кызыңа келген жаушымын...», —

сияқты тұспал сөздермен басталатын құдалықтаяғы. жол-жоралғысына дейінгі кіріс шығысқа, мұмкундігінше, ешбір ата-ана, тарылмаган. Өйткені, осындай жол-жоралғылар арқылы жас отауды қөттеп көлемедеп, сән-салтанатымен тік тұргызып та жіберген.

Айталық, «Ер Төстікте» мынандай бір көрініс бар: «Кенжекейдің әкесі қыздарына түгел енші беріп, көп жасаумен ұзатады. Сонда Кенжекей әкесінің берген еншісіне — мінгізген ат, арттыраған түйе, тарттыраған жасауына разы болмайды. «Әкем маган жылқыдан Шалқұйрық атты берсін, жасаудан Ақсырмалды берсін, түйеден Құба інгенде берсін», — дейді.

Кенжекейдің әкесі қызына ашууланып, кісісін қайтарып жібереді:

— Қызыма айта бар, Ерназардың байлығы оған жетеді. Шалқұйрық атты сұраганы неси? Шалқұйрық жылқымның құты, құтқа қыз ие болған жер бар ма еken? Құба інген түйеменің басы, түйеменің басын сұраганы неси, қызда ондай түйе арттар бар ма еken? Ақсырмалды сауыт атадан ұлға қалған мұра, мені қызым құ бас дегені ме? Қызым өйтіп жауалығын білдірмесін, — дейді.

Кенжекей әкесіне қайта кісі салыпты: «Шалқұйрықты сұраганым, ерсе лайық ат еді, ер мінсін деп едім; Құба інгенде сұраганым, ер қосын артсын деп едім; Ақсырмалды сауытты сұраганым, Ер Төстік ер еді, сол ер кисін деп едім», — депті.

Әкесі Кенжекейдің сөзінен жеңіліп сұрагандарын беріпти.

Сән, салтымен ұзатылып бара жатқан қызынан жа-шеши, осылайша ештеңесін де аяマイды. Алайда, бұдан бар болған соң бай несін аясын, қайта байлығын көрсетіп, бедел, абыройын өсіруге үмттылмай ма, деген де ой тууы мүмкін. Әрине, мұнда да шындық жоқ емес, әйтсе де ең басты ата-аналық міндет — мәпелеп өсірген ұлы мен қызын мүмкіндігінше ата дәстүрімен, жол-жоралғысымен сәнді етіп үллендіруге немесе тұрмысқа шыгаруга келіп саяды. Егер осы дәстүр қайсысының тарапынан болсын

бұзыла қалса, сонысына ең қаталына дейінгі толып жатқан үкімдер шыгарылып, ол үкімдер сондай қаталдықпен орындалатын болған. Ақтөбе облысы, Шалқар ауданының Сынтас деген жерінде осыны айгақтайдындағы бір аңыз сақталған.

Атақты бай үзатылып бара жатқан қызына керемет мол жасау жасайды. Сансыз мал, көзді жайнатқан есепсіз дүние, мұлікті қызының алдына салады. «Әкелік парызымды адап өткердім еой», — деп көңілі шалқыған әке құйменің қоңыраулары сыңғырлап, жолға түсер шақта қызыны шақырып алғып: «Разымысың қызыым», — деп сұрайды. Соңда жаңағы бүкіл байлықты қөзіне ілмекен қызы: «Жоқ, разы емеспін, босагам борлаусыз, есігім сырлаусыз қалды», — дейді. Шалқыған көңілі шарт сынған әке: «Қара тас бол да қатып қал», — деп қарғайды. Қалыңдықтың көші сол бойда тұстастай қаратас болып қатып қалыпты. Нақ осындағы аңыз Шымкент облысында да кездеседі. Онда қызы: «Итаяғым күміспен құттелмей қалды», — деп іреніш білдіріпті. Сол қатып қалған қөштер сұлбасы қазір де бар.

Тұңғыш перзеніт дүниеге келгеннен соң қыздың өз үйіне төркінделеп, қүйеудің қайынданап, жиениң негашылап келіп қайтқанынан, осыдан соң қүйеу жігіттің әкесінің ұлын еншилеп шыгарғанынан кейін гана «Жас отаудың жал-құйрығы бүтінделді, өмірлері құттеленді» деп, екі жақтың да көңілдері жайланаған.

Міне, осы — жар таңдаудан «жас отаудың жал-құйрығының бүтінделгеніне» дейінгі толып жатқан салт-дәстүрлерді, оның жөн-жосығын, жол-жоралғысын, ырым-кәдесін білу, бәрімізге де ганибет қой. Әрине, уақыт өз өзгерісін жасап жатады, бірақ ата-дәстүрлеріміздің кеңірек біліп, оның құнделікті тіршілігіміздегі сабактастығын қолдан келгенше үзбекенге не жетсін. Осы мақсатта, құрметті оқырман, халқымыздың ұлттық салт-дәстүрлері жайында жазылған, қазір тарихи мұралармызға айналған еңбектерден қызды үзатып, үлді үйлендіруге байланысты қызықты. деректер келтіретін шагын үзінділердің ұсынып отырмыз. Әрине, нақты бір халықтың бүкіл болмысын танып, түсінуге қызығушылық қай кезде де болған еой. Қазан төңкерісіне дейін де, одан кейін де толып жатқан еңбектер жазылған. Алайда, соңғы жетпіс жыл көлемінде, белгілі себептермен, соның көпшілігі қолымызға тимеді, жарияланғандарының өзі идеологиялық ықпалдың әсерінен ұлттық болуымызды өңіраз әлсіреғіп көрсетті. Енді гана осындағы «құлыштаулы»

қазынадарымыз жарық көре бастады. Осы шағын еңбекке біз де, шағын гылыми ортага болмаса, қалың қөпшілікке белгісіз болып келген тарихи мұраларымыздың кейір тақырыбынызға қатысты үзінділерін қазақшалап, ұсындық.

Халқымыздың откен ғасырдағы салт-дәстүрлері жайлы жазылған еңбектерде Л. Ф.-Баллюзек пен Н. И. Гродековтің есімдері де жиі аталады. Элеуметтік жағдайы, саяси көзқарасы басқаша отаршы орыс патшасының генералдары шалғайдағы «қайдағы бір» қазақтардың қызы беріп, қызы алысудағы жол-жоралғыларына, / ырым, кәделеріне неліктен қызыға қалды? Жақсы, қызықты-ақ дөлік, «қайдағы бір» сол генералдардың жазбалары біз үшін несімен құнды болып отыр?

Гәп мынада. Торғай облысында 1865 жылдың әскери губернатор болып тағайындалған Л. Ф. Баллюзек осы қызметте 12 жыл істеді. Талай экспедицияларда болған, Қырым согысынша қатысқан, Қытай мен Жапон елдерін шарлаган генералга патшалық Ресей, өз мүддесінде тағы бір өтеге астарлы да жауапты жұмыс тапсырды.

XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейдің қоғамдық өміріне елеулі өзгерістер әкелген реформалар, оның ішінде 1864 жылғы сот реформасы дүниеге келді. Бұл кезде қазақ даласын отарлау толық аяқталған еді. Енді осы саясатты жаңа жағдайда жаңаша жүргізуің қажеттігі туады. Ал оның бір жолы — бодан елін еркінсіттей, етегінен басып отыру үшін іштен шалу — яғни боданының бұкіл болысын — тұрмыс-салтын, мінез-құлқын біліп алып, соган сайжымысқы әрекет жасау болатын. Міне, осы әрекеттің идеологиялық та жүгін көтеру мақсатында 1869 жылды Мәскеуде арнайы миссионерлік қоғам құрылды. «Қазақтардың тамырын басып көру үшін» жер-жерге жедел түрде бағдарламалық құжаттар жөнелтілді. Айталақ, 1882 жылдың наурызында Батыс Сібір генерал-губернаторы Семей облысындағы уезд бастықтарына қазақтардың салт-дәстүр тәртібін жинақтап, жалпы жіберуді тапсырды. Осы материалдар негізінде статистикалық комитеттің құрметті мүшесі П. Е. Маковецкий «Қыргыздардың дәстүр заңдылығын зерттеу бағытындағы материалдар» атты еңбек жазды. Сол сияқты Торғай облысының әскери губернаторы Лев Федорович Баллюзек те жергілікті қазақтардың жалпы іс жүргізу тәртібін, оның ішінде салт-дәстүрлерін де зерттеуге кіресті. Бұл жұмысқа облыстың белгілі адамдарын — сұлтандар мен билерді, беделді ақсақалдарды жұмылдырды. Әсіресе, осы материалдардың біраз бөлігін Сейдалиң деген сұлтан жи-

нап береді. «Менің бұйрығыммен бұрынғы Басқарманың орынборлық қырғыз қызметкерлері жинаған қырғыз дәстүрлөрі туралы материалдарды баспаға ұснаға отырып осы мәліметтерді жинауга қатысқандардың бәріне, әсіресе осы жұмысқа мейлінше көп күш жұмсаған штаб ротмистрі Сейдалин сұлтанга айрықша ықыласымды білдіруді өзіме міндеп санаймын»,* — деп жазды генерал кейін. Мұндағы Сейдалиннің, сол кездерде Тройцк округтік сотында сот мүшесі болған белгілі Жансұлтан Шуақұлы Сейдалинде қатысы бар ма, жоқ па, ол жағы бізге белгісіз, алайда еңбектің деректерге молдығына, гылыми құндылығына қарағанда, материалдарды жинағандардың ішінде, шындығында да, ойы қарақты, зерделі адамдар аз болмаганеа үқсайды.

Нақ осы пікірді Сырдария облысының санақ комитетінің төрағасы, атақты Хиуа жорығына қатысқан генерал-майор Н. И. Гродековтің еңбегі хақында да айтуга болады. Ол да материалдарды жаңағыдай жолмен, яғни қарауындағы қырғыз, парсы, сарт тілдерін жақсы білетін А. Н. Вишнегорский деген офицер арқылы жергілікті ауыл ақсақалдарына, ел агаларына жинастыруды. Жеті ай бойы жүргізілген жұмыста материалдар көп жиналды, оны сұрыптаап, жүтелеп жазып шығуға Н. И. Гродеков бір жылды үақытын жұмсады.

Патша генералдарының сұзғісінен шыққандарымен, әр-ине мұны ұмытуға болмайды, атап да еңбектер, сөз жоқ, қолдағы жазбаларды салыстыра оқып, халқымыздың үлттық дәстүрлерін тереңдірек түсінуімізге көмектеседі. Сондай-ақ діндарлығы үшін есімі ауызға алынбай, ұзақ жылдар бойы оқырмандарға белгісіз болып келген, өткен гасыр мен үстіміздегі гасырдың тогызында «Тауарих ҳамса» атты елеулі еңбек жазып қалдыраған көрнекті тарихши, этнограф Құрбанеғаш Халидидің осы еңбегінен берілген үзіндіде де осы тақырыпта мол мағлұматтар келтіріледі.

Жинақты құрастыру кезінде 1948 жылы бұрынғы Қазақ ССР Фылым академиясы орыс тілінде шыгарған «Материалы по казахскому обычному праву» жинағы, әр жылдары жарық көрген «Қазақтың музыкалық фольклоры», «Жаржар», «Беташар», «Той кітабы», «Наурыз», «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті», «Ақ бата» жинақтары, Монгол қазақтарының халық әдебиеті үлгілері, С. Қасқабасовтың орыс тілінде шыққан «Родники искусства», Х. Аргынбаевтың


* Л. Ф. Б а л л ю з е к . Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие в Малой Киргизской орде силу закона. Предисловие. Записки Оренбургского отдела ИРГО, вып. II, 1871 г., стр. 133

«Қазақ халқындағы семья мен неке», Б. Уахатовтың «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы», «Қазақтың халық өлеңдері», Т. Бекхожинаның «Қазақтың 200 әні» атты еңбектер, О. Асқар құрастырыған «Қара өлең» атты жинақ, ел аузынан жиналғып, республикалық газет журнaldарда жарияланған тұрмыс-салт жырлары пайдаланылды.

Соңғы жылдардың жалпы орта және арнаулы орта оқу орындарымен бірге жогары оқу орындарында да халқымыздың үлттық салт- дәстүрлерін оқыту қылға алына бастады. Тек, өкінішке орай, бұл жұмыс мейлінше баяу жүргізілуде. Мінездегі сыйбырлыққа қоса, білікті мамандардың, сондай-ақ арнайы оқу құралдарының тапшылығы да үлттық болмысымызben жақынырақ таныса тусуімізге айтарлықтай қыындықтар келтіріп отыр. Сондықтан, жинағымыз осы олқылығымыздың орнын толтыруға сәл де болса септігі тисе, мақсатымыздың орындалғаны деп есептер едік.

Баспадан

ҰЛДЫ ҰЯҒА, ҚЫЗДЫ ҚИЯҒА



той:

құда тұсу тойы;
есік-төр көрсету тойы;
ұрын тойы;
қыз ұзату тойы;
келін түсіру тойы.

КӘДЕЛЕР, ҮРҮМДАР, ЖОЛ-ЖОРАЛҒЫЛАР:

үкі тағар;
бас жақсы;
сұт ақы;
сәүкеле байғазысы;
шатыр байғазысы;
ат байлар;
ентік басар;
отау жабар;
төсек салар;
шаш сипатар;
кемпір өлді;
ит ырылдар;
күйеу аттандырар, т. б.

*Ыбырай
Алтынсарин*

**ОРЫНБОР ВЕДОМСТВОСЫ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ
ҚҰДА ТҰСУ, ҚЫЗ ҰЗАТУ ЖӘНЕ ТОЙ ЖАСАУ
ДӘСТҮРЛЕРИНІҢ ОЧЕРКІ**

Даңқты қазақтар әрқашан өзінің баласына басқа бір рудан, тайпадан барып, өзіндей даңқты адамдардың қызын айттыруға тырысады, қазір де солай. Қазақ арасындағы анызға қарағанда, қыз айттырудың мұндай тәртібі Есім деген ханың бүйріғы бойынша орнаған көрінеді. Қазақ карттары мұндай тәртіpte алысты болжағандық бар екенін, өйткені, қазақ арасы тыныш болмаған кездерде оның халыққа пайда келтіргенін айтады. Шынында да, қазақтарға кейбір билердің ықпалының ете құштілігіне қарағанда (би деген атақ қазір де бар), жауласып отырған рулардың басты адамда-рының бір-бірімен құда болуы жеке рулардың өзара тату-ласуына себеп болды деуге болады. Қазақ арасында қазір берік орын теуіп отырған әдет, атап айтқанда, өзінің сегіз атадан жақын туыстарының қызына үйленбеу әдеті, мүмкін, оны себептен енгізілген болар...

... Баласына қалың бергісі келген ата-ана, құда болғысы келген адамның үйінс өзінің скі-үш жақын адамдарын жіберіп, құда болу жөнінде соз салғызады. Егер қыздың ата-анасы бұл үсіністы кабыл алса, жіберілген адамдар сол арада қалыңмал туралы сойлесіп келісседі. Дәүлетті адамдардың беретін қалыңмалы, басқаша айтқанда қарамалы, әдетте, келісуінс қарай, ірілі-уакты 47 жылқы болады. Қалыңмалдың мөлшері жөнінде мынандай бір өзгешеліктер бар: Кіші жүзде (бұрынғы Орынбор облысы қазақтарының батыс жағы мен орта жерінде) қалыңмалға 50 жылқы (бес жи-рима) беріледі. Орта дәүлетті қазақтар уақ майдарын, мысалы, құлышын, бұзауын, тағы басқаларын қосқанда, 37 қара береді. Оның үстіне, қалыңмалмен кабат, бесжаксы туралы да келіследі. Бесжаксыны қалыңдығының сәүкелесіне арнап, қүйеу беруге тиіс. Ең бай казақ бесжаксыға 500—600 сом береді, орта дәүлетті адам 200—300 сом береді, мұндай кәде, кебінесе, ақшалай төленеді.

Ең жақ сөз байласқаннан кейін, сөз салуға жіберілген адамдар ауылына қайтады. Осыдан кейін көп кешікпей, күйеу баланың ата-анасы оның қайын атасының үйіне, жоғарыда айтылған шартты әбден бекіту үшін, 5—10 адамнан құралған құдашылар жібереді. Құдалардың келе жатқан хабарын есітіп қалыңдықтың ата-анасы ауылдан оқшаулау бір жерге үй тігеді де оның ішіне кілем жайып, көрпе төсеп, көпшіктер қояды; қонақтар сол үйде қабылданады, бірақ мұның өзгеше салты болмайды.

Ертеңіне құдалар айттырылып отырган қыздың әкесінің үйіне шақырылады. Бұл арада мынадай бір қызық әдет болады.

Қонақтар қалыңдықтың үйіне шақырылғанға дейін бір топ әйел жиналып, сүйік қамыр әзірлейді, балшық экеледі, оның бәрін жеке табактарға салып қояды, бірнеше жаулық, арқан дайындалған қояды, үйдің жанында өгіздер байлаулы тұрады. Бірнеше әйел әлгі айтылған балшық, қамырларын колдарына алып, есіктің жанына көрінбей тұрып алады, содан кейін үйге құдалар шақырылады. Бұлар кесіл табалдырықтан аттай бергенде, жасырынып тұрган әйелдер, қапылыста бас салып, біреулері құдалардың бетіне қамыр жағады, екіншілері балшық жағады, содан кейін құштеп бастарына жаулық тартады, теріс қаратып өгізге мінгізеді, сөйтіп таңып тастайды да, өгізді далаға қарай қуып ала жөнеледі. Осыған әбден құлсіп алғаннан кейін скіншісінse кіріседі. Арқаның бір үшін шаңырактан откізіп алады да, екінші үшінша, бет-пузы қамыр-қамыр, балшық-балшық болған құдалардың біреуін байлап, арқаның ана үшінан тартып, байғұс құданы шаңыракқа салыратып іліп қояды. Шаңырактан түсіріп алып балшыкқа аунатады, апанға салады, тағы да сондай әзілін істейді.

Құдалардың мұндай түріне қараганда, мысалы, өгіздің үстінен таңылған құданы өгіз тулас жығып кеткенін көргенде, шынында да, ішек-сілең қатады, сақалы желпілдеген среккітің басына жаулық тартқан кезде, тіпті құлқінді тыя алмайсың.

Ақырында мұның бәрі аяқталып, құдалар қалыңдықтың үйіне шақырылады. Осы арада оларға кәде беріледі. Бірінші, ең бағалы кәдес күйсудің әкесіне беріледі, скінші кәде сол ауылдың үлкеніне беріледі, сонан кейінгісі келген қонақтарға үлестіріледі. Кәденің бағалы болуы берушінің көңіліне, мырзалығына байланысты: бірақ көбіне, оның бағасы бесжаксының сомасына теңелуі керек. Көбінесе, бесжаксының өзі де кит кигізудің есебінен күйеудің ата-анасына қайтарылып беріледі.

Құдалар ауылына қайтқаннан кейін қүйеудің экесінен кәде, қалыңмал, бесжақсы алу үшін енді ол ауылға қалыңдықтың экесінің өзі барады, немесе өзінің орнына баласын, не туысқанын жібереді.

Ауыл адамдары қүйеудің ауылына келген қонақтарды да қалыңдықтың ауылында болған тәртіппен, сондагы әзілмен қарсы алады. Барған құдалар қалыңдықтың ауылында қандай келемежге ұшыраса, қүйеудің ауылына келген құдалар да нақ сондай келемежге ұшырайды.

Келген қонақтар қазақтардың дәстүрлі тойынаң кейін, қалың мал алуға кіріседі, егер қалыңға арналған малдың ішінде ауру, не басқа бір кемшілігі бар мал болса, ондай мал қалың мал қатырынан шыгарылады, оның орнына басқа мал қосылады. Қүйеудің экесінің беретін кәделері, бұл сапар, қалыңдықтың экесінен алынған кәделерден, бағасы жағынан алып қарағанда кем болады, бірақ қалыңдықтың экесінің шеккен мұндай зияны басқа бір реттермен етеледі.

Алғашқы құда түскеннен кейін екі-үш жыл еткен соң қүйеудің ата-аналары қүйеуді қымбаттық кәделермен қалыңдығына жібереді, — бұл кәде «*i лу*» деп аталады. Бай адамдардың беретін ілуі, орта есеппен, 40—50 жылкы болады. Ілумсін бірге және басқа да заттар — әртүрлі жібек, шұға, шыт сияқты (әйелдерге үлестіру үшін) жіберіледі; бұл кәделер «жыртыс» деп аталады. Жыртыстың бағасы 200 сомға дейін барады.

Қүйеу қайына барғанда қатарынан жақсы кінуге, ертүрманы сай жақсы ат мінуге тиіс, атқа салынатын ертүрман таза күміспен не, ең болмағанда, күміс жалатқан заттармен әшкейленуге тиіс. Қүйеу басына бөрік кимеу керсек, өйткені бөрік оның бетін түгел жаба алмайды, ал қазақтың әделтілік тәртібі бойынша, ондай жағдайда, қүйеудің беті түгел керінбейу керсек, сондыктан ол бөріктің орнына, бұл жылы, оқалы* тымак киүог тиіс. Қүйеудің жанында үш-төрт жолдасы болады, олардың жасы үлкені кәде үлестіру сияқты шаруашылық жағын басқарады. Бай қүйеудің жолдасының ішінде әнші, құлдіргіш, сықаққой адамдары да болады.

Қүйеу қалыңдықтың ауылына келген соң қайындары шығып, ілуге әкелген малын көреді, егер оны аз тапса, немесе мал басында кемістік бар деп тапса, қүйеу байғусты ауылға түсірмей, кейін қайтарып жібереді. Қүйеу қайын атасына

* Қүйеу қайын атасына, қайын енесіне, қайын ағасына және қайын атасының жасы үлкен тұмаларына неке киярга дейін жүзін көрсетпеуге тиіс, сондыктан олармен алдекайда кездесіп қалған кезде жасырынып қалуы не қашып кетуі керек (Б. А.).

оның көніліндегідей ілу әкелуге тиіс, тек сондаға ол көнілді, құрметті түрде қарсы алынады.

Ашық түрде рұксат етілген тәртіп бойынша келіп, қалыңдығын ең алғашкы рет көргө келген күйеу, шаруашылық жағынан қаншама есебіне жетік болсадағы, қалыңдығын көргө өте ынталы болғандыктан, қайын атасының* арсыз-ұятызы талаптарына, көбінесе, еріксіз көнеді. Ақырында, аларын алып, көнілі тынған қайын атасы күйеудің ауылга келіп түсіне рұксат етеді.

Ауылдан екі шакырымдай жерге шатыр тігіледі, оған төніректегі ауылдан күйеуді қарсы алуға шакырылған әйелдер жиналады. Шатырга қарай келе жаткан күйеу мен оның жолдастары әйелдер шатырдан шықкан кезде тегіс аттарынан түседі. Әйелдер жакындаپ үелген кезде, күйеу бас ішп тәжім етеді. Соңан кейін қалыңдықтың жақын туыстары оны көлтүктап, жолдас-жораларымен бірге күйеуге арналап тігілген кілем төсөліп, жақсы төсек салынған шатырга әкеліп кіргізеді. Осы арада күйеу жолдастарының үлкені — отағасы әкелген кәделерінің біркатарапын әйелдер, үлестіреді: қалыңдықтың туыскандарына бүтін бір кесек матадан, басқаларына бір кезден, екі кезден әр түрлі мата береді, қалыңдықтың туыскандарының қыздарына көрімдік деп аталағын аса құнды кәделер беріледі. Екі тоғыз, яғни тоғыз-тоғыздан екі балек зат қайын атасына жіберіледі, онымен қатар оған күйеудің әкелгенді аты ср-тұрманымен жіберіледі. Егер ол ат пен ср-тұрман үнаса, қайын атасы алып қалады, ал үнамаса, күйеуден ср-тұрманы санді жақсы зат талап етеді. Бұл осы жолы берілмесе де, қайын атасының көнілі толғандай етіліп, кейінрек беріледі.

Оған дейін қалыңдықтың ауылында мал сойылып, той басталады. Ат шабыс, күрес, алты қабақ ату сықылды қызығылдықты сауыктар жасалады, домбыра тартылып, өлең айтылады, күйеуді, қалыңдықты және олардың ата-аналарын мактаган жырлар жырланады, осынысы үшін ақындар сыйлық алады.

Бұл кездерде күйеу басқа қыздармен, келіншектермен үнемі шатырда отырады, бірақ мұның ішінде қалыңдығы болмайды. Олардың қай-қайсысы болса да күйеуден тәжім етуді талап етуге праволы, рұксат етілмей тұрып күйеу орнына қайта отыра алмайды. Эдette әйелдер күйеуді үзак уақыт түрекелгізіп кояды, тәжім етуін талап етеді, ал егер

*Күйеудің алғашкы ұрын келуден бүрін қалыңдығымен көрісуіне катты тұтым салынады. Егер қайындары ондай көрісіді сезіл қалса, онда күйеу сау кете алмайды, қайындары оған айып салады, немесе, қылға түсіп қалса, сабап жібереді. (Ы. А.).

күйеу мұны орында маса, онда олардың кез келгені күйеуді шапалақпен тартып жіберуге, не итеріп жіберуге толық праволы. Егер күйеуге бұл да әсер етпейтін болса, онда әйелдер ұрыс-керіс шығарып, тарап кетеді; мұның соны жаманға айналады, мысалы, қайын атасы күйеуді құып жіберуі мүмкін. Ал қазір осы дәстүр кейбір анғарғыш казактардың арасында қалып барады. Күйеудің бұл арада көретін бар қызығы — қалындығының ауылында болған осы күндерінің бәрін де ол күйеуге тілекtes қыздардың арасында болады.

Күн кешке айналып, түн болады, қалындықтың ата-анасы әдептегісінен ерте жатады; ал әйелдер қалындықты қасындағы басқа бір ауылга алып кетеді (бірақ күйеуге әзір жолатпайды).

Осы кеш сол ауылда бір үй әзірленеді. Оның қожасына қүйесу ат мінгізуге, не шапан жабуға тиіс, бұл кәде «қызы қашар» деп аталады. Осы үйде жұрт екі топқа балінеді. Оның бірі — қәдеге жалданылып алынған, күйеу жағын жақтайтын топ та, екіншісі — қалындық жағын жақтайтын топ. Соңғы топ қалындықты жасырып қояды. Күйеу жағы оны іздел тауып алған кезде тартыс басталады. Бұл тартыстағы қалындық жағының тобы қалындықты қорғап, бермей қалу да, күйесу топтың мақсаты қалындықты тартып алу болады. Ақырында біреулерінің қолы жараланып, біреулерінің бет-аузы даладай қан болып, киімдері жыртылғаннан кейін, әдетте әрқашан күйеу жағы женеді, олар қызды тартып алып, оны жеңгелерінің қолына береді, қызды қүйесуға алып барады.

Ауылда осы тартыс болып жаткан кезде, күйеу шатырдан қайын үйіне апарылады. Қайын атасы мен енесі бұл кезде, жогарыдағы айтқанымыздай, үйқтап қалулары керек.

Үйдің сол жағына, есіккес таман күйеуге төсек теселіп, жібектен ис басқа бір бағалы матадан жасалған шымылдық күрүлады. Күйесу келіп, табалдырықтан аттай бергенде оған үш рет тәжім еткізді де, үй ортасында жаңып тұрған отқа әкеліп қолына сүйік май құйылған темір бақыраш береді. Күйеу бұл майды отқа құяды, май жалындап жанған кезде, кемпірлер от басына келіп, әуелі жалынға қолдарын тигізді, соңан кейін майдайларын, төстерін сыйипап тәубә етеді. Бұдан кейін күйеуді төсегіне отыргызып, тамақ береді, ақырьында шет адамдардың бәрі кетіп қалады.

Қалындықты күйеуге алып келген кезде, әйелдер мынадай ырымдар істейді. Есік алдына келіп, өтірік өліп бір кемпір жатады. Күйеу оған азғана кәде береді, бұл кәде «кемпір өлді» деп аталады. Төсек жанында ит болып қалын-

дыкты төсекке жібермей тағы бір кемпір жатады. Оны қойғызу үшін және оны ол жерден кетіру үшін күйеу оған «ит ырылдар» деп аталағын кәде береді. Кемпір осы кәдеге риза болады да, үйден шығып кетіп қалады. Одан кейін жеңгелері қалыңдықты күйеуге алып келіп, оны күйеудің касына отырғызады. осы арада бір әйел олардың көрпесінің шетін көтеріп, жабайын деп отыргансиды, ол үшін ол «көрпе қимылдатар» деген кәде алады.

Сонымен, некелері қызылп қосылғанша, күйеу, әйелдерге үлестіретін азды-көпті бағалы кәделер алып, қалыңдығына келіп-кетіп жүреді. Күйеу болып көрген казактардың бәрі дерлік неке қызылғанша қалыңдығына осылайша келіп-кетіп (калыңдық ойнап.— Ред.) жүрген уақытын өз өмірінің ең қызықты, ең жаксы дәуірі деп есептейді.

Күйеу қалыңдығына үрын келіп кеткеннен кейін, қалыңдықтың ата-анасы көптеген кілем, шапан, ішік, сықылды жасау әзірлей бастайды, зергерлерге сұксус жатады. Мұны келіншек бір жылдай киіп жүреді.

Барлық қыздардың да жасаулары бірдей бола бермейді. мысал үшін бұл жерде өзім билетін бір байдың берген жасауын айтып отейін. Ол қызының жасауына: үй және жасау артатын 25 түйе кәнауыздан, жібектен, жай мatalардан тігілген 125 шапан, 50 кілем, оның 20-сы үлкен, қымбат кілемдер де, калғандары орташа кілемдер; 25 ішік, оның біреуі жанат ішік, 10 тұлқи ішік, калғандары карсак, касқыр ішіктер, бәрі де мауытпен, жібекпен тысталған; 300 сомдық отау, 5 ат, оның екесін қызы мінептін жорға, жұз сомдық ат-тұрман, тесек-орын, бірнеше көрпе, койлектер берді, бұл-ардан басқа тағы да, бағасы ең кемі 400 сом тұратын, аяқ-табак, киіз сияқты шаруашылық заттар берді.

Қалай болған күнде де үтты бар, ауқатты казактардың жасауға беретіні онын алған қалын малынан және күйеудің берген кәделерінен* кем болмайды. Мұның тек бір жаман жері: қызының келешек үй жұмысының керегі үшін емес, ата-аналарының өз даңқы үшін берілген бұл жасаулар, қалыңмалға төленген колма-қол ақшалар мен малға қараланда, жас қосылған ерлі-зайыптарға оның оннан біріндей де пайда келтірмейді. Кейбір казактар малының кебін қалыңмалға, ілуге және басқа кәделерге беріп, ақырында өзі катты жоқшылыққа үшірайды. Қалыңдығымен келген жа-

*Калыңмалға және басқа кәделерге күйеудің барлық дерлік мал-мұлкін сипшырып алып, ақырында оған келіншегі мен жалан отауынға беретін жағдайлар да болады. Кедей күйеулер бұған наразылық білдіріп, казак әкімдеріне шағынса да, ондай наразылықтар, казак дәстүрі бойынша, қабылданып, қанагаттандырыла бермейді(Б.А.).

сау оның шаруасын көтере алмайды, ол жасаулардың да жартысына жуғы дерлік келіншек түскен күндері-ақ, әдет бойынша тұған-тұыскандарына үлестіріліп беріледі.

Әкесі баласын үйлендіруге бел байласа (атастырганнан кейін бір жыл өткен соң), онда оған «той малы» деп атап тағы да 30—40—50 жылқы айдатып, оның үстіне әйелдерге арналған, ілу ілгенде берілетіндей, басқа да заттай қәделер беріп, қасына жолдас ертіп күйеу баланы қалыңдығының аулына жөнелтеді. Келіншектің отауына керек киіздің жартысын күйеудің өзі береді. Той малы, қәделер тағы басқалардың үстіне күйеу қайын атасына «сүт ақы» деп бір жақсы түйе беруге тиіс, сонымен қатар, «жанама жақсы» дейтін тағы бір каде беруге тиіс, бірақ бұл кәде шкімге деп арналып берілмейді.

Күйеу қалыңдығын алайын дең келген кезде, қалыңдық әкесі, ілу іле келгендегідей, айдал келген малын жаратпаса, құдасының өтінішін қабылдамауы мүмкін (мұндай жағдайлар да кездесе береді). Бірақ, әңгімені ұзарты бермеу үшін, күйеуді қабылдады делік.

Ұзак уақыт әбіргерленіп тойға дайындалғаннан кейін (бұл дайындық кейде екі-үш айға да созылады), ақырында, неке кияттың күн де келіп жетеді. Бұл күні той жасалып, ат шаптырылады, балуан күрестіріледі және тағы да басқа сауықтар болады. Той өткен соң ұзатылатын қыз, аласінлілерін, женгелерін және басқа қыздарды қасына ертіп алып, тұыскандарын аралап, танысады. Эрбір тұыскан және жақын-жоралары таныса келген қызға сыйлық беруге тиіс: біреулері кілем, біреулері шапан береді, ал кейбіреулері бірнеше кілем, шапан, ішік береді. Сол күні кешкісін төңіректегі ауылдың барлық жастары ұзатылатын қыздың үйінс жиналып — ойын-сауық жасайды, алең айтады, домбыра тартады, ән салады, қыз бен жігіт айтysады — қыз женілс жеңген жігітке орамал береді, жігіт женілсе қызға шапан кигізді. Бұдан кейін барып *неке қио* дәстүрі істеледі. Осы жерде ғана, жүрттың ұмытқан нәрсесі жана есіне түскендей, екі күә алдында қалыңдықтан оның осы ұзатылғалы отырган күйеуіне шығуға ризашылығы сұралады. Некелесушілер көбінесе үндемейді, олардың үндемегені риза болғаны деп, молда неке киюға кірседі. Неке қылған күннің ертеніне қыз жағы күйеудің жолдастарын шақырып, оларға жасауга берілетін бұйымдарды көрсетеді. Соңан кейін бұл бұйымдар түйсеге артылып, келіншектің қайын атасының аулына қарай жөнелтіледі де, келіншекке ат ерттеледі. Қыздың әкесі, шешесі, аға-інілері және басқа тұыскандарының бәрі ең соңғы рет құшактасып қоштасады,

сыңсу басталады. Бұл күні туыскандарының шын көңлімен жылаган кез жасы кел болады, ал ұзатылған қыз бейшара бәрінен де көп жылайды; қыздың қасындығылар оған: тақиянды тастап, сәукеле ки деп көп жалынады, қыз бұған көпке дейін көнбейді; бірақ, киер күні жеткен соң не шара, жәнгелері оны жас келіншекшे киіндіріп, жәнелтеді.

Қызын қүйесінің аулына дейін, зәдетте, шешесінің езі шығарып салады, қыздың шешесі ол ауылда үш-терт күн болып еліне қайтады. Қыздың шешесіне құдалары ат мінгізіш, түйе жетектетіп, оны шығарып салады.

Келіншек түскен күні ауылга олардың тойын тойлауға, келіншекті және оның жасауын көруге жұрт жиналады. Келіншектің отауы атасының үйінің он жағынан тігіліп, отау ішіне жасаулары ілінеді. Келген жұрт оны көріп, біреулер мактайды, біреулер сараң екен деп, келіншектің экесін сөгіп кетеді. Жас жігіттер келіншек отырган шымылдықтың ішіне кіріп, келіншектің бетіне жапқан пердесін көтеріп-карайды, оның киімін* көреді.

Кешке келіншекті атасының үйіне әкеліп кіргізеді. Келіншек келерден бұрын ол үйге конактар, қүйесінің барлық туыскандары, жыршылар жиналады. Келіншектің екі алғаш атасының үйіне келуі мынадай түрде болады: екі әйел оның екі жағынан қолтықтап, бір топ әйел оған ере келіп, үйге кіреді. Келіншек табалдырықтан аттаған бойдан, ошакқа жеткенше тізесін бұғіп үш рет сәлем етеді, содан кейін үй ортасында жаңып тұрған отқа май құяды (бұл майды қатындардың бірі дайындал тұрып, сол жерде келіншекке бере кояды). Лапылдап жаңған майдың жалынына кемпірлер колдарын тосып: «От — әулие, май — әулие» деп беттерін сипайды. Осыдан кейін келіншекті үйдің сол жағына, есікке таман апарып отыргызады. Сол кезде жыршы бет ашар елецін айтады. Онда: «Атанды сыйла — ол сенің әкен, ененде сыйла — ол сенің шешен, қүйеуінді сыйла — ол сенің қожан, есек айтпа» деген сияқты осиеттер айттылады. Жыршы оқтын-оқтын «қайын атаңа бір сәлем» не басқаларын айттып, соған «бір сәлем» деген кездес, — келіншектің қасында отырган әйел келіншектің бетіндегі бүркенішін бір көтеріп, кайта жабады, келіншек тұрып, сәлем етеді. Эрбір осындай сәлемнен кейін, сәлем арналған адам, осы сәлем үшін беретін кәдесін жариялауы керек. Қайын атасы үйір жылқы, туыскандары шапан атаулары мүмкін, т.с.с. Бет ашардан кейін әйелдер келіншекті ез отауына

* Келіншек түскен кезінде бетіне переде жамылтып жүріді. Бүркенішін тек бір ай, екі ай, не одан да кебірек уақыт өткеннен кейін ғана алады (Б.А.).

апарып енгізеді, тек содан кейін ғана ұзак құнғе шаршаган қеліншек шамалы демалуға мүмкіншілік алады. Жасаудың ең жақсыларын, қайын атасы алады, қалғандарын, бір-бір шапаннан, ішіктен және басқа заттан, қүйеудің өзге туыскандарына үлестіреді.

Корыта келе бір айта кетерлік нәрсе: келіншек өзінің түсken құнінен бастап, екі-үш жыл бойы қайын атасына, қүйеунің және басқа да жасы үлкен туыскандарының бәріне көрінбейді. Олардың үйіне барса, оның төріне шықпайды, есік жақта болады. Қайын ағаларымен алдеқалай кездесе қалса, жүзін тайдарады, сәлем етеді, сәлем еткені үшін қайын ағалары оған: «көп жаса» дес алғыс айтады. Ал онан соң, келіншек өзінің қүйесінің ср-әйсл туыскандарын шын атымен атай алмайды, сондықтан олардың әрқайсысына өзінше ат койып алады. Бұл дәстүрдің қандай скепиі мына бір күлкі әңгімeden айқын түсінс аласыздар:

«Бір казактың бес ұлы болыпты. Олардың аты: Кел, Қамыс, Қасқыр, Қой және Пышак екен. Бір құні келіні суға барса, келдің ар жағында, қамыстың бер жағында қасқыр қойды жеп жатыр екен. Сонда келіні ауылга жүгіріп келіп, «Сарқыраманың ар жағында, сылдыраманың бер жағында маңыраманы ұлымға жеп жатыр, тезірек жанығыш пен кескішті жсткізіндер»— деспі.

1870 жыл.

*Николай Иванович.
Гродеков**

СЫРДАРИЯ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚЫРҒЫЗДАРЫ МЕН ҚАРА ҚЫРҒЫЗДАРЫ, БІРІНШІ ТОМ. ӘДЕТ-ҒҮРҮПТАРЫ

**...ҰЙЛЕНУГЕ ҚАЖЕТТІ ШАРТТАР — ҚҰДАЛЫҚ-ҰРЫНТОЙ.
ТОЙ-ҚҮЙЕУДІҢ ӘЙЕЛДЕРГЕ БЕРЕТИН ҚӘДЕЛЕРІ.
ЖАСТАРДЫҢ ҚАЙЫН АТАҒА КЕЛУІ**

Ұйлену, әдетте қүйеу мен қалындықтың кәмелетке толуына емес, қалыңмалдың төлеңуіне байланысты болып келді. Байлар ұлдарын 12 — 15 жаста, ал кедейлер кешірек, мәселен 30 жаста үйлендіреді (Перовск уезі). Қазалы

*Автор сол кездегі орыс отаршыларының дәстүрімс «казактың» орнына «қыргыз», «қырғыздың» орнына «қарақыргыз» атауларын қолданады, біз бұл категілікті түзетіп бердік (ауд.).

уезінде күйеу жігіт 9 — 12 жас аралығында отау көтереді. Кедейлеу ата-аналар, тұрмысы нашар болғандықтан, қыздарын ертерек ұзатуы мүмкін. Шымкент уезінде қыздарды көп жағдайда 20-25 жаста ұзатады.*

Калыңмал толық теленгеннен кейін некелесуге сштене кедергі болмак емес. Алайда, қалыңдық күйеу жігіттің қатысмысыз пәктігін жойып алса, не басқалай айыпты болса, немесе күйеу жігіт семья құруға жарамсыз болып шықса, қалыңмалдың төленуіне қарамастан иске қимауы да мүмкін.

Ақылды жігіт кебіне қалыңдығының айыбын біле тұрса да ешкімге айтпай, ішіне бүгіп қалады, себебі қазір айыпсыз қалыңдықты кездестіру киын да (Перовск уезі). Егер күйеу ренішін білдірумен ғана шектеліп, үйленуден бас тартпаса, онда қалыңмалдың жартысын кейін қайырып алады. Егер ол қалыңдығын алудан бас тартса, онда басқа қыздарының біреуін таңдауын, не қалыңмалды тегіс қайырып алуын сұрайды. Егер қалыңдық жағында кіна болмай тұрып, күйеу үйленуден бас тартса, қалыңмалын қайыра алмайды. Кейде оның бір бөлігі ғана берілуі мүмкін**.

Шымкент уезінде күйеу жігіт қалыңдығымен бұрын бірге болғанына қарамастан, оны алудан бас тарта қалған жағдайда, сегіз ат, бір түйе айып төлсітіндігі айтылады.

Егер қалыңдық өз шешесіне күйесу жігітпен тойдан бұрын жатып шыққанын айта қалса, онда жігіттің киімдері шешіліп алынады, атының қарни жарылып тасталады.

Егер қыз құдаласып бітпей жатып босанып қалса, ол қалыңмал алып ұлгермеген жекеін ел алдында масқара-лағанмен бірдей. Қызының әкессі мен туысы қалыңдықтың сұлу, жас және өздерінің даулетті екендіктерін тілге тиек етіп, толық қалыңмал сұрауы да мүмкін.

Қалыңдық бұрын да, қазір де руга тиесілі деп есептелген, оның айғагын мынадан қөруге болады: егер күйеу кайтыс болса, қалыңдық оның інісіне не жақын туыстарының біреуіне тиуге тиіс. «Жібек қыз» атты халық жырының кейіпкері, жағалбайлы руынан шықкан Тәлеген кaza болады. Оның інісі ер жеткен соң, марқұм болған ағасының қалыңдығын іздеп жолға шығады. Бірақ жолға шыгарда ол: «Егер қыз каламаса котімді қысып кері қайтамын», —

* Алайқ қыргыздар ұлдарын жасқа толғанда айттырады, есken соң айттырулары сирек кездеседі. Громчевскийдің айттынша, құдаласу бала дүниеге келмей тұрган кезде де болуы мүмкін.

** Егер қалыңдық орыс үкіметіне келіп, әкесі атастырган жігітке шыққысы келмейтіндігі туралы шағым қылса, үде отырган қыз некеленбесген деп есептеледі де, оның қалған жігітке қосылуына рұқсат беріліп, төленген қалыңмал исесіне қайтарылады.

дейді. Ал Жібек қыз болса Төлеген қайтыс болған соң, күйеуінің еті жақын туысынан біреудің келуін күтеді.

«Тары да бас қосқаным Жагалбайлы,
Жылқысын көптігінен баға алмайды.
Сол елде сіра жігіт жок па, тәнірі-ай,
Жесірін іздел келіп, неге алмайды?»

дейді ол.

Егер қалыңдық қайтыс болса, оның әкесі не туықаны күйеуге қалыңдықтың сіңлісін, не жақын туыстарының қызын беріп, қалыңмалға қосымша 1-2 түйе алады (бұны балдыз қалың дейді). Егер оның басқа сіңлілөрі болмаса, не қалыңдық некелесуден бұрын өз үйінде қайтыс болса, қалыңмал тегіс қайтарылады. Егер қалыңдық қайтқан кезде оның сіңлісі өте жас болса, қыз әкесі күйеуді шақырып, оған ат, түйе тартып, қызы бой жеткенше күтуін өтінеді. Құйсу оның бой жетуін күтпесе, тәленген қалыңмалдың жартысы қайтарылады, екінші белгі қалыңдық әкесінде қалады.

Қалыңдық күйеу жағының келісімімен күйеудің інісіне тиқо де мүмкін. Бірак мұндай жағдайда жасырын келудің болғанына қарамастан бұрынғы қалыңмалға ештеңе қосылмайды. Егер ұрынтақ өткен болса, қалыңмалға қосымша оның жартысы мәлшерінде балдыз қалың тәленеді. Ал күйеу жақтың қалыңдығын алатын ешкімі жок болса қалыңмалдың бір құлынды биесінен басқасы қайтарылады. Енді бір мәліметтерге қарағанда, егер күйеу қалыңдығына бұрын келген болса қалыңмалдың жартысы, егер келмеген болса, түгелімен қайтарылған. Қалыңдық қайтыс болған жағдайда күйеу жігіт оның ауылына барып, ата-анасына қөніл айтуы тиіс, вайтпесе балдыз сұрау хұқынан айырылады, ал қайта қуда түссе, тогыз төлеуіне тұра келеді.

Егер қыз әкесі қалыңмалды ала отырып, қалыңдықты басқа біреуге үзатып жіберсе, ертеректе күйеу жігіт «танбалы тайымның көзі — қалыңдығымды қайтар» деген шарт-пен қайын атасын не бакталасын мерт қылуға дейін баратын және қалыңмалды қайыра алудан бастартып, масқараны жуып-шаю үшін деген сұлтаумен күң орнына — балдыз беруін талап ететін.

Қалыңмал тәленіп, күйеу жігіт қайын жұрттына келіп, қалыңдығымен кездескенде оның еркектік қасиетінің жоқтығы біліне қалса, қалыңдық оған тұрмысқа шығуға келіспесе, онда белгілі адамдар күйеу жігітті айғаққа тартады. Егер ол бір жыл ішінде қалпына келмесе, қыздың басқа біреуге жар болуына жол ашылып, тәленген қалыңмал кері қайтарылады.

Егер әкесі қызын жас кезінде біреумен атастырып, қалыңмал алып, кейін қыз бойжеткен кезінде айттырылған адамға тұрмысқа шыккысы келмей, қыз әкесі де соны іштей қаласа, қүйеу жігіт те оны алғысы келмейтінін айтпаса, құдандалық рәсімі бәрібір бұзылмайды. Мұндай жағдайда қыз әкесі малды қайтарумен бірге түйе бастаткан, койешкісі бар жиырма жетіге толатын айып тартады...

Жалпы әдет бойынша баталасу мен қалыңмал алу не-келесуге тең. Араздасып қалса қүйеу басқа біреуге куда түседі не үзак уақытқа дейін келмейді. Бірінші жағдайда алғашқы қалыңдығына ренжіген қүйеу оны әйел үстіне алмақшы болады, бірақ ол токалдыққа келісім бермейді, қалыңмалдан 1-2 қара алып қалады да, қалғанын қайырады. Екінші жағдайда қайын атанаң шыдамы кетіп, қызын басқа біреумен атастырады. Сол кезде қүйеу жігіт келіп: «Не қалыңмалымды, не қалыңдығымды бер», — деп талап қояды. Қайын атага қалыңмалмен коса ат тон айып тартуға тура келеді.

Құдаласқан жақтың біреуі уәдден тайғанда тартатын айып шамасын билер белгілейді. Егер қалыңмал төленбей түрганда уәде бұзылса, айып шамасы аз болмак...

... Ұлына жар таңдаган әке жақсы ниетті бұлдірер кездескотық болмас үшін қалыс адамды жауши етіп жібереді. Жауши сөзін: «Сізде лашын бар, бізде сұңқар бар», — деп бастайды. Қалыңмалдың мөлшері келісіледі. Жауши қарғыбау атты кәде тартады, құдалықты бесіктер деген оймен шеге шапан кәдесіне ат пен шапан алады. Қыз әкесі жауши арқылы қүйеу әкесінің киіт киіп, сойыс жеп, құда түсіп кететін мезгілін айтады. Маковецкийдің айтуынша, егер қалыңдық пен қүйеу бесіктеге жатқанда атастырыла қалса, онда құда түсу мен алғашқы келісім арасындағы уақыт көп жылдарға созылады. Сондықтан құда не жігіттің ет жақын біреуі туыстарымен бірге қалыңдық үйіне құда түсіп, қалыңмал жөнінде келісіп, киіт кию үшін келеді. Маковецкий деректерінде құдаласқандар негұрлым белгілі адамдар болса, келетін құдалар да согұрлым көп болады, кейде жиырмадан да асып кетеді.

Қалыңдық ауылына келе жатқан құдалар бір туыстарының үйінде аялдап, өздерінің келе жатқандығы туралы хабар жібереді. Қалыңдық әкесі өз туыстары мен достарына құдалардың келетінін айттып, киіз үй тіктіртеді. Құдалар келген соң көпшілік көзінше ниеттерін айтады және аксарбас кой сойылып, бата оқылады. Ең бағалы сый қүйеудің әкесіне тартылады, бұл қүйеудің әкесі құдалар ішінде келмесе де берілуі міндетті. Ондай жағдайда сый оның үйіне беріліп

жіберіледі. Халмахаммедтің айтуынша кой түсінің қандай болуына мән берілмейді, лақ союға да болады, ал жарлылар базардан ет сатып алуы да мүмкін. Ол: «Ең жақсы сый күйесудің экесіне, не онын орнындағы адамға тартылады», — дейді. Үеденің белгісі ретінде қонактардың алдына жінішке етіліп кесілген құйрық пен бауыр қойылады. Құйрықбауыр, ең алдымен жігіт туыстарына, сонаң соң қыз туыстарына беріледі. Осы ғұрып орындалғаннан кейін күйеу қалындығына: «Некелі қатынның», — дейді. Қуда түсер той кейде бірнеше күнге созылып та кетеді. Тойда бәйге, құрес үйымдастырылады, жыршылар жыр айтады, не айтыска түсіп, домбыра, көбіз, сыбызғы тартады.

Той үстінде сң жаисыз жағдайда қалатын — құдалар. Келіншектер мен қыздар түрлі жолдармен оларды құлкіге айналдырады. Оларды аяғына шейін шешіндіріп, мойнына арқан байлап, көшпілік көзінше құлкіге айналдыру үшін жатқанда киізге киімін тігіп коятын. Оларға ете ынғайсыз істер жасайтыны сондай, оны бұл жерде еске алып жату мүмкін емес, шаңырақ арқылы аяктарынан жоғары тартатын. Ойын үстінде әйелдердің құдаларды елтіріп алған кездері де кездесстін. Бұндай жағдайда олардың күйеулері мен туыстарына күн төлеуге тұра келетін.

Осьдан соң қалындық экесі не оның жақыны жігіт жағынан барған құдаларға қарағанда аз адам ертіп жігіт экесіне келіп, киіт киеді. Сұлтан бидің айтуынша кесімді киіт қалындық экесіне беріледі. Қалған құдалар жігіт экесінің қалауынша кесімсіз киіт киеді...

...Қыргыздарда күйеудің дәүлітті экесі 4—5 кой, ал кедейлер 2—3 кой сойып, түнде асып қояды. Келесі күні «той» деп аталатын осы етті бір қонды малдың үстіне артып, басына ырым етіп, ак дәке байлайды, оны «ақтық» дейді. Әлті малды жетектеп, қалындық экесіне әкеледі. Жетектегені түйе болса; «Сенің жиһазынды көшіру үшін», егер ат болса: «Мініп жүруін үшін», — деп береді. Ол оған сарыпай* тартады. Құдалық кезінде байғс не көкбері үйымдастырып, домбыра, сырнай тартылады**.

Құдалық қарсыма-қарсы болуы да мүмкін, мұндай жағдайда екі жақ та қалынмал тәлемейді.

Экссінің аға-інілері немере інсіне қалынмал қосып, кемек көрсетеді. Бір кезде құрметті адам болып, кейін дәүлетеі ортайған азаматқа жұрттық қылып, жәрдем тигізеді. Мұндай жағдайда әркім өз қалауынша қосады.

* Шапан.

** Қыргыз домбырасы 3 шекті, ал қазактікі 2 шекті.

Калыңдық таңдау тек қалыңмал төлеу арқылы жүзеге асады (Перовск уезі). Әулие ата уезінен Өмірбек би: «Бұрын бүндай болмаған»,— дейді. Қыздардың сүйген жігітімен экесінің рұқсатынысыз кашып кететін жайлары да үшырасады. Мұнан кейін алғы жігітке қалыңмалға қоса айып та төлеуге тұра келеді екен.

Қыз үрлап айыпты болған ол қайын атасына тарту тартып, кешірім етініп: «Менсін өтсіз, мен де балаңыз»— дейді. Бұл сый қайын енені қалыңмалдан бас тартуға міндеттесмейді. Шымкент уезінен Әбсаламовтың айтуынша, мұндай құйсуге жаза ретінде екі еселенген қалыңмал беру жүктеслетін көрінеді..

Құдалықтың қасиеттілігіне дүниеге келмеген балаларын атастырган Қарабай мен Сарыбай хақындағы аныз айғақ болса керек. Сарыбай қайтыс болады. Қызы Баян сұлуды жетімге берісі келмеген Қарабай көшіп кетеді, қызын Қодарқұлға береді. Сарыбайдың ұлы — Қозықөрпеш Баян сұлуды іздеп келеді, скеуі сандық ішіне тығылады, алайда оның ұзын шашы корініп қалады*. Қарабайдың туыстары оны өлтіруге қимаганмен Қодарқұл мерт етеді. Мұнан кейін оның езі Баян сұлудың қолынан қаза табады.

... Қыргыздар құдалық кезінде қалыңмал мәлшерін белгілемейді. Олар әу баста 2—3 кара тартса, кейін жыл сайын 1—2 карадан косып отырады. Тек күйеу баласымын бірінші рет кездескенде қайын атасы: «Бұрынғы мал есепсіз, сінді қанша берссің, өзің біл»,— деп сауал тастайды. Соңда ғана қалыңмал мәлшері белгіленеді. Егер мұнан соң айтылған мәлшерді төлеу қыынга соқса, күйеудін туыстары басқа жекжаттарын ертіп құданың үйіне сойылған мал стін экследі. «Жол болсын!»,— деген сөзге: «Құдамызға құлдық үргалы келдік»,— деп жауап қатады. Болашак қайын ене құда үшін қалыңмалдың үштен бірін кешеді. Бұдан кейін кешірім сұраушының әйелі: «Мен де құдагайың, құлдық үргалы келдім»— дейді, ол үшін қалыңмалдың алтыдан біріндейін кешеді. Сонынан басқа жекжаттары үшін қалыңмалдың тағы кішкене бөлігін шегереді. Қалған бөлікті міндетті түрде төлеуі тиіс. Қайын атасың кемітүгे келіспей, оны толық талап етуі де мүмкін.

Көрпетай Даuletқұловтың айтуынша, қыргыз әуелі есепсіз төлейді, соナン соң қалыңдық 13—16 жасқа толғасын күйесудің экесі келіп: «Малым жетті, малым жетпесе, күнім жетті, қызынды бер, балам чунгайды, сенің қызың да чунгайды»,— дейді екен. Құда тұскеннен кейін жыл өтісімен

* Аңыздарда ерлердің ұзын шашы туралы айтылады.

казактардың үрүн тойға келгеніндегі бұлар да «есік^{*} ашугас» келіп, мұнда бәйге, кекпар беріліп, домбыра, сырнай тартылатынын айтады ол.

Әйелдер жыртыс, ал қалыңдық экесі мал алады. Егер оның қызға коңілі толса: «Мен есік аштым», — деп сарыпай сыйлайды. Қүйсу жігіт: «Енді қанша мал беру керек? Қалыңдығым қашан беріледі?», — деп сұрайды. Бай кедейге қарағанда көп дәметеді. Қалыңдықпен бірге конған қүйеу жігіт ешкімге тіс жармайтындығын айтып, тәсек қызығын көріп шыгады.

Қүйеу жігіт қыздың туыстарына, ягни оғын ауылына бара алмайды. Егер оны сонда бірсеу-мірсуз көріп қалса, оған тіл тиғізеді, ал Әулиеата уезінде атын тартып алады және ауылына маскарап жаяу қайтарады. Қажет болған жағдайда ол ауыл сиртында күтеді. Әйелдер оған тамак тасып береді, атасының не үлкен атасының, қайнагасының үйіне кіре алмайды, атасының інісі экесімен бірге тұрып жатса оған да кіруге болмайды.

Атасының, оның інілерінің үйіне кіре қалса да төрге шығып отырмайды. Егер қүйеу құдалыққа дейін олардың туыстарының бірімен достасып кеткен болса жағдай басқалау. Онда ол досының үйіне қысылмай кіреді, себебі бұл үят саналмайды.

Қалыңдық та қүйеудің ауылына бармайды, өйтсе кері орала алмай қалады. Ол болашақ атасының, жақын, іні ағаларының үйіне кірмейді, қажет бола қалса, экесінен бөлек тұратын інісінің үйіне ғана кіреді, онда да ырым қылып орамал, жаулық, сакинадан тұратын ілу алып кіреді.

Айттырылған қалыңдықты қазактар қалыңдық десе, қырғыздар көріктік деп атайды. Қүйеудің некеге дейін жасырын баруын қазактар үрүн барған не үрүн той, ал қырғыздар үй жан қылаған дейді. Қайын ата қүйеу келмей жатса, оған аса мән бермейді.

Үрүн тойға келген қүйсу қалыңдығының агасының үйіне өлітірі үшін серке экеледі. Бұл үйде үрүн той болып, женгетай дәнекерлік қызмет атқарып, қалыңдықты екі-үш түнге алып шыгады. Қүйеу қалыңдықпен бірге жатқанмен оның абырайын төкпеуі тиис.

Ас пісіргенде отка май құйып: «Бәленинің аруағына берсін» деп, жақын туыстарынан қайтыс болғандардың атын атайды.

*Емшек көру сөзі туралы бізге жастар арасында емшек көру жасырын ететінін, егер бірсеу көріп қалса, жаман болатынын айтты. Осыған қарап Вәмбери қырғыздар хакындағы тарауында «емшек көруді», «есік аштының» орнына кате колданған ба деп шамалаймыз.

Барлық қазақтардағы ұрын тойдың ежелгі максаты — күйеудің келісімі және қалыңмалды толық төлеу туралы мақұлдасу. Қалыңмалдың қалғанын төлеуге уәде еткен күйеуге сеніп қызын ұрын тойда ұзататындар да ұшырасады. Осылайша салтанатты той жасаудан күтылады (Торғай). Перовск uezіндегілер бұрын қалыңмалды толық тәлемеген күйеуге қалғанын төлемей қояды деп қызын бермейді екен. Сондыктан **күйеу қалыңмалын төлеу үстінде қалыңдығын той жасатпай-ак түнде келіп, жасырын алып кететін дәстүр шыкты** (Әулиеата uezі).

Құрама uezінде кедейлер шақырылғандарға тек ботка береді. Эрине мұндай жағдайда той малсыз өтеді*. Сұлтан би мен Маковецкийдің айтуынша, ұрын тойға барған күйеу өзімен бірге ұрын тойдың бас-аяғына шейін қасында болатын **күйеу жолдасын** (Маковецкийде отағасы) ілу, **босагага ілу**, үйге кірер және жыртысты алып жүрестін 5—10 жігітті срітіп келеді. Жігіттер алға дүниені беріп, бұл үшін киіт киген бойда кері қайтады. Күйеу серігімен бірге қалыңдық акесінің, не оның ағасының үйіне түсседі, байлар олар үшін арнайы отау тігеді. Кейде күйеу жолдасына жеке отау даярлайды. Онда күйеуді атпен не жаяу шығып күтіп алатын женгелер осы отау тіккені үшін «ентік бер» кәдесін сұрайды. Күйеуді отауга кіргізгенде тағы да, «шатыр байгазысы» кәдесін алады. Мұнан кейін күйеу жолдасы олардың алыс-жақындығына қарап қада үlestіреді. Бірінші, ері ең жақсы кәде қалыңдық шешесіне, содан кейінгісі оның акесіне **тартылады**, т.с. Үйге кірер бір түседен, не аттан **тұрады**. Үйдегілерге тарату үшін қыз шешесіне үй жыртыса тұтас мата беріледі. Ауылдың ең сыйлы әйеліне, басқаларға үlestіруі үшін, ауыл жыртыс тартады. Әйелдер бұл кәделерді тым аз десе, күйеу серігін жаңа кәделер әкелуге кейін аттандырады.

Осыдан соң бір күнге созылатын ұрын той басталады. Қалыңдық басқа үйге тығылып, сол үйдің иссі оны бергені үшін 2—3 көйлектік мatanы «қыз қашар» кәдесінсінеп деп алады.

Кешкес күйеудің төсегі дайын болған кезде, екі әйел оны шақырып, сол үшін күйеу шақырапар кәдесіне иеленеді. Ол отауга кірер кезде қалыңдық жеңгесі ерік, бауырсақ шашады. Бұны шашу дейді. Сонан соң қалыңдық кіреді. Бұрын қалыңдық киіз үй табалдырығынан аттағанда, отқа май

* Құрама uezінің қазағы қалыңмал және той мал төлеген, бірақ бір де бие бермеген. Қанагатсыз қалыңдық акесі оңан бір ат беріп, қызының қашырып ақетуін сұрайды. Қудайқұл бие беруге уәде қылып, оның есесінен қызын той жасап беруін талаға етеді.

күйіп: «От-ана, май-ана жарылка» дейді екен. «Бұл әдет Шыңғыс ханның уақытында, тіпті жазу-сызу жок кезде болған. Бұл жаман әдет»,— дегенді айтады би. Осы түні бір эйел қалыңдықтың артына жатып, оны құшақтап, сол қызметі үшін арқа жатар не қызы құшақтар кәдесін иемденеді.

Күйеу кері аттанар сәтте қайын атасы сған «қасшық түбіне» деген кәдеге бір мал байлайды, егер қалыңмал тегіс төленбеген болса, одан бір мал кемітіледі.

Күйеудің келіп тұруы тойға дейін жалғасады. Дәулестті күйесу әр саларында жолдастарын ертіп келеді. Экелген кәделері аса бағалы болмайды және женгелерге бағышталады.

Ұрын тойға келіп кеткен күйесу қәттыс болса, онда туыстары қалыңдықты марқұмның ауылына қайғылы күйде аза кәдесімен бірге әкеледі. Осында қалыңдық күйеуін жыл бойы жоктап, соナン соң оның не інісіне, не жақын туысына тұрмыска шыгады. Би Халмахаммед орыстар келгелі бұл гүрып жойылған дегенді қосады, бірақ бұрын күйеу жағынан 20—30 жігіт қалыңдық ауылына барып, оны күштеп әкелген...

... Той барлық мезгілде, сафар айы мен оразадан басқа уақытта жасала береді.

Ұрын той салтанатынан қалыңдықты аттандырар алдындағы тойдың айырмашылығы да бар, оны ұзататүүсін той дейді. Кедейлер ұрын той жасамай, тек ұзататүғын тоймен ғана құтылады.

Қайын жұртта өтетін неке кио салтанатына күйесу ертүрманды ат мініп, жолдас ертіп, қалыңдық шешессіне сұтакы, жаңа отауға шаңырақ, есігіне жактау және оны тұрлеуге қажетті киіздің жартысын, басқа да осы тәрізді кәделерді ала келеді. Жаңа отау кейде бір айға дейін, жасауы сатылып алынғанша тігілмейді.

Дәулестті қалыңдық сәукеле (қыргыздарда шаукеле) киеді. Күйеу қайын атасына ұзын женді шапан киіп барады. Қайын атасына, қайын синссіне, қайын ағасына, жсіңесіне иіліп әжім еткенде оның жені жерге тиіп жүреді. Колын тізесіне қойып, бойын түзейді.

Той жыртыска 72 шапан, бір бие алған қайын ата ас береді.

Кариялар дәм татып, бозбалалардың көкпар тартқанын қызықтайды. Бұл күнгі жүлде сойылған саугелск атты лак болады. Кешкісін қыздар қайын атанікінен басқа бір үйге жиылады. Есік жабылып, үйдің іргесі айнала түріледі. Сыртта бозбалалар отырады. Қызы мен жігіттер арасында өлең

айтудан жарыс басталады. Екі-екі жігітten косылып айтады. Талас болмас үшін үлкендер жігіттердің кезекпен айтуын сұрайды. Жақсы әншілерге қыздар сақина, білезік, ақша сыйлайды. Ал қыздарға кептірлген өрік, шеллек, т.с.с. тартылады. Қариялар ән тыңдайды.

Тойдаң үйінші күні — отау жабардың үлкен тойдан айырмашылығы бар. Үйді жапқаны үшін әйелдер *отау жабар* кәдесін алады. *Мойын тастарға** кой сойылып, оның еті желінеді.

Келесі күні таңертенгісін кекбөрі** тартады. Оны жай лақ дейді. Сол күнгі салтанат алдыңғыдай тәртіппен өтеді. Осы жолы әйелдер көніл көтеріп, күбыларының ортасында ән айтуға катысып жүрген қалындықты алып қашқысы келеді. Қыздар өз құрбысын қорғаса, әйелдер оны тартып алуға әрекеттегенді. Бұл ғұрыпты *тартыс* дейді. *Соңынан* әйелдер қалындықты құштеп отыргызып, олардың қасына алым ретінде 1---2 жыртыс мата алған қыздар сыңсып ереді.

Кайын атасын үйіндегі шымыңдықта тосек салынып, не-кекжаулық теселеді. Әйелдер күйеудің өзі қалындығын көтеріп тесекке апаруын сұрайды. Күйеу еркектердің әйелді көтеруі үят екенін айтып, бұны орындаудан бас тартады. Соңда әйелдердің күштілеу біреуі қалындықты көтеріп, сол үшін қыз *көтерер* кәдесін алады. Қыздар шығып кетеді. Сыртта тың тыңдан түруға әйелдер ғана қалады. Соңан соң қанданған иекекжаулықты қалыңдықтың ата-анаына әкеліп: «Қызың қызы екен, құдай жарылқан қалды, сүйінші бер», — дейді. Егер күйеу кедейлеу болса, жаңғелеріне *бір жылқы береді*. Ал қалындық қызы болымай шынса, онда *күйеу*: «Қызға мал бергенмін, қатынға мал бергенім жок», — деп реніш білдіреді. Осы үшін бүрін қайын ата үш *тогызға* дейін айып төлейтін, казір ат-тон айып беріп жүр. Эйтеур мұндаиды жабулы күйде калдымраймы (Торғай). Егер күйеудің өзі үрін тойда қалындығын пәктігінен айырган болса, иекекжаулық *тесеген жәнгелерге* осыны білдіреді. Олар: «Атыңың қарнын жарамын», — деп коркытып, кәде сұрайды (Сұлтан би)...

... Келесі күні қайын ата мен қайын ене күйеуді *алғаш* рет, үйндіз үйіне шақырады. Ол торға шықпайды *есік жаққа* отырады. Оған *төс* тартады. Күйеуден табаққа салған кәде алады (Торғай).

Бұрысбектің айтуыша, Ташкент қазактарында бірде бір той иекесіз өтпейтін көрінеді. Күйеу иекекияр үшін иманға

* Мойын тастар — жаңа отауда от быксымасын деген оймен кой мойынын шанырақ арқылы лактыру.

**Жалпы бозбалалар әрбір тойда бәйге алдында да, бәйгеден кейін де кекбөрі беруін талап еткен.

40 тиын, биге 2 сом төлөген. Дәulet Бушаевтың айтуыша, моллага әр кім өз шамасынша, 1 кой, 40 тиын, не 4 сом 40 тиын, немесе басқалай сый берген. Ал Макебайдың айтуыша, би тек конак болады, сый алмайды. Молда екі баулы шапан, не екі тісті түсак, не 4 сом алады. Байлар көбірек береді. Жессір үшін бұл сыйдың тек жартысы ғана белгіленеді.

Қазалы уезінде некекияр ғұрпы былайша етеді*. Бата оку кезінде ыдыска су құйылып, үзатылатын қызы оған сырға, не күміс сақина салып, ыдыс бетін ақ орамалмен жабады. Ал қүйеу ыдыс шетіне садакқа ұқсайтын таяқшаны ақ орамалмен байлайды. Бата біткен соң қызы ыдыстағы заттарды алып, оны кейін бақыттың себепшісі ретінде сактап жүреді. Некекияр куәгрлерінің біреуі ыдысты саусактары ернеуіне тимсесті етіп ұстап тұрады. Алдымен еркектер, сосын әйелдер кезектесіп ыдыстағы суға ернін тигізіп, іshedі. Соナン соң мұны басқа қатысушылар да қайталайды. Тек олар жас жұбайлар еріндерін тигізген жерден ішпеуі тиіс. Ақ орамал куәгрлерге беріледі. Маковецкий некекияр ғұрпynyң (1-шығы, 21-бет) жас жұбайлардың аттанар алдында, ал Сұлтан би оның отаусалар салтынан бұрын ететіндігін айтады. Бұл ғұрыпта молда «аумин аллаакбар» деп бата оқиды. Қалындық, оның күрбылары, басқа әйелдер шымылдықтың аргы жағында, ал киіз үйдің ортасында қүйеу жактан екі қуәгер мен, не екіл, конактармен бірге отырады (Маковецкийде керісінше). Куәгрлер (Маковецкийде молда) қүйеуден: «Пәлен деген (қызы атын айтады) пәленнің қызын (қыздың әкесі мен шешесінің есімін айтады) жұп қылып алуға келісісін бе?»— деп сұрайды: Күйеу: «қабыл қылдым, қабыл тұттым»,— деп жауап қайырады. Соナン соң қалындыққа сол сұрақты қойып, алғіндей жауап алады. Бұдан кейін молда күтба аятын оқиды. Аяқпен таза су әкеліп, оның ішіне куәгрлер үшін тиын, сырға және сол тәрізділерді тастайды, молда дем салып, соナン соң куәгрлер алғы ыдыстағы суды қүйеуге, қалындыққа, қонактарға береді, олардың әрқайсысы бір-бірден үрттайды. Күйеу мән қалындық осы кезде жұптасудың белгісі ретінде бір жерден іshedі.

Молдага қырық тиын береді, алайда бұл некекияр төлеу міндетті емес. Некелесуді хабарлаған ауыл би де некекияр сұрап, сол үшін кәде алады. Ғұрып аяқталған соң жас жұбайларды тату өмірge шакырып, ақыл айтады. Күйеуге: «Колыңызға бір сүйек бердік, мұны жақсылап күтіп бағынзы, азар беріп ұрма, биуәж жаман сөйлеменің»,— десе,

* Е.А. Александровтың маліметі.

калындықка: «Балам, жаман болма, атана нәлет келтір-ерсін», — дейді. Мұнан кейін қалындық шешесімен бірге аттанып кетеді, ал күйеу дәм алып, атасымен коштасу үшін қалып қояды, ол артынан қып жетеді (Сұлтан бч).

Енді күйеудің әйелдерге беруге тиісті қәделерін санауга кіріспекпіз.

1. Сұт ақы — қайын енеге емізгенді үшін берілетін қәде — бір түйе не бір ат. Эйтеге 4 сомдық шапаннан кем болмауы керек. Перовск уезінде байлар 10 түйе, кедейлер 40 сомдық мал, не оның акшалай құнын береді.

2. Балдыз қөрімдік — бұл қәде үрын барған кезде қалындықтың сіллісін көрсеткені үшін тартылады. Егер ол тойдан бұрын берілмесе балдыз ренжір еді.

3. Женгетай — қалындықтың ағасының әйеліне, немесе қалындықтың экесінен кейінгі туысының әйеліне арналады. Мәлшері алдағылардай.

4. Сәукеле байгазы — қалындықтың сәукелесін киген әйел қәдеге шапан не көйлек алады.

5. Отау жабар — қалындықтың отауын жапқан әйслдерге аталатын мал.

6. Енгігімдік — күйеудің алдынан жүгіре, снтігे шыққан әйслдерге 20 немесе 40 тыыннан береді.

7. Ат байлар — атын байлаганы үшін берілетін 9 бөлек мата, немесе 3 бөлек мата. Бұны әйелдер өзара бөлісседі.

8. Тесек салар — үрын тойда тесек салғаны үшін.

9. Шымылдық байлар.

10. Қол ұстарат — үрын тойда қалындық колын күйеуге ұстатқаны үшін.

11. Шаш силатар — қалындықтың шашын сипауға рұқсат бергені үшін.

12. Қөрпе қымылдатар.

13. Ит ырылдар — күйеуге ырылдаған итті қуғаны үшін. (есік табалдырығында бір әйел ит болып ырылдайды).

14. Бақан салдымдық — тұндікті ашқаны үшін.

15. Мойын тастар — қой мойнын түндік арқылы лактырганы үшін.

16. Арқа жатар — (қазақтардың бәріндес бірдей кездесе бермейді) арқасымен жатқан қалындыққа көмектескен әйелдер үшін.

17. Қызы көтерер — қалындықты кілемге салып көтергені үшін.

18. Кемпір өлді — етірік өліп, қосылуға кедергі келтірген кемпірдің кайта «тірілту» үшін.

19. Күйеу аттандыра — күйеудің атка отыргызғаны үшін.

20. Қыз қашар — туыстарына қашып кеткен қалыңдықты әкелгені үшін.

Ташкент қазагы Ырысбектің айтуынша, соңғы аталған әр кәде үшін 20—40 тиын, бет орамал тәрізді кішкене маталар таратылады.

Күйеу ақшасы таусылып, кәде беруден бас тарта қалса, әйелдер: «Ат өлсе де кәде өлмейді» немесе «қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз болмайды»— деп макалдайды. Егер күйсу ештеңе бермей қойса, әйелдер оның жолдасының киімдерін шешіп алады.

Қалыңдық ауылының бозбалалары күйесуді өлтірсем деп қорқытып, мұше* қәдесіне орамалдар алады. Мұндай кезде ақсақалдарға шапандар тартылады (Перовск уезі).

Қыргыздарда күйеудің туыстары өздері қайын атаниң үйінс конактарды сыйлау үшін мал әкеліп, тойды өздері еткізеді. Эйелдер күйеуден мейіз, пісте, пісірілген бүйрек, сирак, мұше (жота жілік) алады. Бұны бермеген күйеуді жынды деп үялтады, бірақ ұрмайды. Қекбөрі мен бәйгіні тамашалап, қобыз бен сырнайды тыңдайды. Қалыңдықтың экесі күйеу мен құданың сырнайшысына сарыпай береді. Тоғдың бірінші күнін қекбөрі деп атамай қазактардың сәүгелек дегені тәрізді жәй лақ дейді. Екінші күнгі тойға мал сояды, кокборі тартады, кешке үйде ән айтады. Қыздар әншілдерге жүзік пен орамал сыйлайды. Соңан соң ай жарығымен «қыз ойынын» ойнауга далага шығады. Бозбалалар қыз бен жігітті арқасына арқасын көлтіріп отыргызады, соңан соң оларды тұрғызып, жігіттерге қыздардың төсінен ұстауға және сүюге мүмкіндік жасайды.

Келесі күні той жалғасады. Кешке қалыңдық пен күйеуді отаулатады. Қалыңдығының айбы болса оны мейірбан күйесу жасырып қалады. Әулиесата уезінің биі Даниярдың айтуынша әйелдерге қанды жаулықты көрсететін әдет жок**.

Қалыңдық өз ауылынан күйесу ауылына аттанар алдында барлық таныстарын аралап, қоштасады. Олардың әрқайсысы

*Будаговтың сөздігінде «мұше» сөзі туралы мұшес басы —«bastы сый», жібек шалпан не ат, ру ішінде үлкенге, сұлтанға немесе басқа беделді қазаққа арналы сыйланады, басқа мүшелер жасы кішілерге кезектеп беріледі делінген. Соңғы берілген жібек матаңы немесе шытты біреу атпен ала қашады. Екінші біреу оны қуады, егер кім күып жетсе, соган беріледі, соңында кімнің аты жүйрік болса, сонда қалады.

** Б.Г. Громчевскийдің айтуынша, осы күні қан іздеу үүрпі алай қыргыздарында бар екен. Алайда қызынан пәктігін жойып алғаны белгілі болса да, кедейлеу топтар арасында мұның арты қақтығыска ұрындыраймайды. Егер күйеу қалыңдыққа қарағанда бай алі атактылау болса, онда оның туыстары қайын атаниң, қызының абройын сактай алмағаны үшін, бір не бірнеше жылжысын барынталайды. Эрине, бұл пәктікен айрылуға күйеудің қатысы болмаган жағдайдаға.

калыңдықка сақина не мал тәрізді кәделер береді. Ол сыйга қарымта қайтарып жатпайды. Осылайша туыстарын, туыскандарын аралап шыққан соң жастар сәтті күні жолға шығады. Мұндай күндер: дүйсенбі, сәрсенбі және жұма деп есептеледі. Қыз аттанар алдында, әкесі онан: «Менің үйімнен не бұйымтайың бар?», — деп сұрайды да, қызы не қаласа соны береді. Егер әкесі бермей, қыз азар болса, қайын атасының үйіне келісімен, ерін әкесін барынталап келуге жібереді (Торғай). Бай қазактар қыз ұзатарда байге беріп, көкбөрі тарттырады.

Жас жұбайлар салтанатпен сәнді күймеге мінсіді, қалыңдық сәукеле не әйелдердің жәй бас киімін* киеді, бетін желекпен жабады.

Сәукеле киізден үшты етіп жасалып, іші-сырты шұғамен, терімен қапталады, алтын, күміс, маржан, інжу, басқа да асыл тастармен әшексленеді. Тіл-көзден сақтау үшін си үшіншін бір шок үкі қауырсындары, астына тізеге түсіре бау-бау інжу-маржандар қадалады. Егер айел бала түмай жатып қайтыс болса, сәукеле торкіншіне қайтарылады. Осы күні сәукеле қолданудан шығып барады. Оның орнына өте қарапайым бас киім қасабені киетін болды. Қасабе де тілім киізден үшты етіп жасалып, ақ матамен оралады. Ұшы қазактардың өзі жасаган түрлі түсті шашактарымен әшексленеді.

Жас жұбайларды бір еркек пен қалыңдықтың шешесі, егер ол болмаса жеңгесі, не аласының өзі шығарып салады.

Күйесу **ез ауылна** жақындағанда келінің келे жатканын жеткізу үшін хабаршы салтанатты тоңтап озып кетеді. Қайын ата көкбөрі тарттырады. 3—4 шақырым қалғанда ауылдың қыздары қарсы алу үшін келінің алдынан шығады. Қыздар оны аттан түсіріп, жаяу алып жүреді. Осы қызметі үшін оларға сырға, біләзік, маржан, моншак және осыған арнайы белінген тыныдар сияқты кәделер үлестіріледі. Қалыңдықтың шешесінің күйеу туыстарына берген сыйы мұрындық деп аталады.

Жас келінді қайын атасының отауына кіргізіп, шымылдық ішінде ешкімге, тіпті енесінде де корсетпей ұстайды. Осы түні және келесі үш түн де қалыңдық қыздармен бірге, күйеусіз шымылдықтың ішінде конады. Бал ашады. Төртінші күні беташар тойын жасайды. Жыршы таяқ басына қалыңдық үшін актық деп аталатын мата жыртындысын

* Әйелдердің бас киімі — ак. Ол шалма тәрізді және мойынды жауып тұрады, кимешек те киеді. Бет ойығының айналасына зер жүргіртеді. Султан би мұндай зерлеуді үят дейді. Желек 2 көйлектік жібектен жасалады.

байлап, желекті өлеңмен ашады, тойға қатысушы барлық туыстарын ауызға алып, жас келінді жаңагы туыстарына жеке-жеке тәжім еткізді.

Қайын ата барлық қонақтарды сыйлап, олардың бәріне жасаудан тақия, т.б. нәрселер береді, көкбөрі үйымдастырады. Қонақтар кетісімен ауыл қыздары дәм әкеліп, әркайсыны сандық, жастық, тұмар, тағы басқа заттар сурайды. Бұл ғұрып құттық деп аталады. Бұл үшін алыстан да келеді. Алыстан келгендеге мал беріледі. Кешкісін қалыңдық күйрек майды ерітіп, бетіне жағады, қайын атасы мен қайын енесіне тәжім қылып, салем етеді. Түркістан уезінде қалыңдықтың бетін майлауын жокка шығарады. Ол тек аруактар рухына бағыштап отка май құяды. Қалыңдық отка май құйған кездे карттар: «Майдай жақ» дейді (Ташкент уезі).

Қайын енесі тірі тұрғанда келін құрметті орын — төрге шықпайды. Олай етсе, оның аяғы ауырады. Қайын енесі кайтыс болғанда келін отка тағы да май құяды, одан әрі оған төрге шығуга рұқсат етіледі (Ташкент уезі).

Жас күйесу келіншегінің төркіндеріне үялмай бара береді, қалыңдығының барлық туыстарымен, тіпті оның құрбыла-рымен искелесу кезінде танысып алады.

Жас келіншек қыздардың орамалын тартпай, тұрмыска шыққап әйелдің бас киімі — жаулықты тартып жүргендіктен бір жылға дейін ұялып төркініне бармайды. Туыстарының аманшылығын, басқа да хабарларды ол күйеуі арқылы біледі. Тек төркінінен жақын біреу кайтыс болса ғана аза тұтып, қаңіл айтуга барады.

Әдепті келін өмір бойы қайын ата мен оның барлық туыстарына ізет қылып етеді. Қазактарда: «Ердің қадірің білмейді, стін көреді, ағайынның қадірін білмейді, бетін көреді» деген макал бар.

Әүлиесата уезінен тұсken деректерге қарағанда, жас келін-шек күйеуінің бір ата мен үш атага дейінгі туыстарының үлкендеріне көрінбейді.

Қыргыздарда қайын атасына келген қалыңдықты шымылдық ішіне отырғызады. Женгесі: «Көрімдік бер», — дейді. Оны ұнатса, көрімдік береді.

Үлкен үйде (шон үйде), яғни атасының отауында қалыңдықты атасы мен енесі қарсы алады және отка май құйып: «Ақ жалғасын! Артынды мал бассын, алдынды бала бассын! Күйеуің екеуінің өмір жасын ұзак болсын», — дейді.

Бұған жауап ретінде атасы мен енесі бата оқиды...

Лев Федорович
Баллюзек

КІШІ ОРДА ҚАЗАҚТАРЫНДА ЗАҢ РЕТИНДЕ
ЖҮРГЕН, ТІПТІ ҚАЗІР ДЕ КЕЗДЕСЕТИН
ХАЛЫҚТЫҚ ДӘСТҮРЛЕР

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚҰДА ТУСУІ

Ұлын үйлендіргісі келген қазақтар әл-ауқаты өзімен тәң келетін, олай болмаған жағдайда туысы жагынан тектілермен немесе үшкір ат, жайқалған жорға сияқты ете сирек кездесетін асыл тұқымды мал иелерімен құдаласуға тырысады. Сейтіп, болашақ құдаларының кәк шалғынды шабындығы мен жасыл түсті жайылымына көзін сүзіп, оларға өзі барады немесе басқа біреуді жібереді. Егер құдаласуға келісе қалса алдын-ала қалыңмал, оның саны мен тәлейтін уақытын белгілеу, қазақтар құда түсер деп атағандай, арнайы құда түсу үшін жаушыны қай кезде жіберуге болатыны жайында сез байлласады. Сондай-ақ болашақ келінің қолға қондырғанша келеңсіз бір жайға ұрынып қалмау мақсатында немесе құдалық төнірегінде екі жагынан да бір-біріне ала-қездік тудыратындағы құдік болмауы үшін төлем, яғни қарғы бау деп аталатын жол жоралғы жасайды, бір жылқы, не он сомнан алпыс сомға дейін күміс ақша төлейді.

Осылай келіскеңдерімен қалыңдық жағы күйеу жагына белгіленген қүнге жаушыларын тікелей жібере салмайды, сол қуні арнайы шақырумен келгендерді қүтеді — ол жаушылардан белгілі бір мәлшерде малдай, немесе шапан сияқты сый-сияппаттар алғаннан кейін, солармен бірге әдетте, ет жақын туысқандарынан, ағайындарынан (дос-жолдастарынан), болашақ құдаларының тұрмыс жағдайларына қарай, кем дегенде үш, не әрі кеткенде он адамнан жаушылар жібереді.

Қазақтар құдалар деп атаған бұл жаушыларға, кәдімгі құда түсер той, яғни арнаулы құдалыққа байланысты ет-кізілетін салтанат көрсетіледі. Оның ең басты жоралғысы — құдаларды арнайы пісірілген ерекше тағаммен — малдың басқа бірде бір мүшесі араластырылмай — тек құйрық пен бауырдан жасалған тағаммен сыйлайды. Одан кейін осы дастарханға бата жасалады, яғни құдаласқан жақтарға басталған жекжаттықтың берік болуына, ынтымакты сез байлласуға ақ тілектер айтылады. Жас жұбайлардың иекеге отыруына жол ашылғанының алғашкы айғарғы ретінде қүйрікбауыр жесіседі.

Ақсақалдар құда түсудің осындай ырымдарын жа-сағаннан кейін салтанатты, өзінің ырқындағы бір топ жа-стың қоршауында, айналасын думандатып жүретін өнерлі де қайратты әйел ашады. Ол құдалардың ортасына оларға онша қолайлы соға қоймайтын, алдын-ала әзірленген әзіл, ойындарымен шошындыра кіреді. Құдалар бұдан көбіне тиісті қадесін беріп қана құтылады. Әйтпесе әйелдер үйим-дастырган әжұа-мазактың астында қалады. Жас ерек-шешілкестеріне орай, жеке-жеке құдаларға әйелдердің ер адамдардың бастанына кигізенде өте тұрпайы қөрінетін киімдерін кигізеді. Сол күйінде олардың жиналғандардың бәрінің алдарынан өткізеді. Оған қоса оларға кексе әйелдердің еркектердің алдында жасайтын құлқілі қымыл-қозғалыстарын жасатқызыады. Жиналғандардың ең соңғысына жеткенде бір тізерлетіп тұрғызып қояды: «Сосын олардың нақ осылайша киінген күйлөрінде өгізге теріс мінгізіп, бүкіл ауылды арапата жүгіртеді, бір сәзбен айтқанда, әйелдердің ойларына не келсе соны істейді».

Осыдан кейін салтанат ат бәйгесі, айқабақ ату сияқты ұлттық ойындарға ұласады. Құдалардың әрқайсысына заттай тоғыз-тоғыздан ат, шапан тартылады, яғни киіт кигізіледі. Сейтіп, бір жагы киіт киіп, құрметке бөленип, екінші жағынан ырым, жол-жоралғылардың ауыр жүгінсін женілдеп құдалар ауылдарына қайтады. Кейін, кезегінше, қыз жағынан күйеу жігіттің ауылына да құдалар жіберіледі. Оларға да жоғарыдағыдай, яғни асыл ыдыстармен құйрық-бауыр тартудан киіт кигізуге дейінгі сый-күрмет, ырым-кәде толық көрсөтіледі. Бұл арада айта кету керек, күйеу жігіттің ата-анасының қараганда қалындықтың ата-анасынан, алғашқы қалыңмал шығыны жаушы келіп кетісімен іле-шала жіберілстіні ескеріліп, киіт мөлшері айтарлықтай аз болады.

Қалыңмалдың мөлшеріне, оның әртүрлі атаулары мен жол-жоралғыларына кейінгі тарау ариналады.

ЖАЛПЫ ҚАЛЫҢМАЛ ТУРАЛЫ

Қалыңмал мынандай басты бөлімдерден тұрады:

1. **Бас жақсы, яғни ең асылы. Қазақтар күйеу жігітпен сол кездерде аса өмірлік мәні болған төрт түрлі зат алатын:**
 - а) құралайды көзге ататын мылтық; ә) сол кездегі ба-рымта, өзара қырғи-қабақ жағдайда мейлінше зәру зат-са-уыт;
 - б) талай киын-қыстау жағдайда ілдіртпей алып шығатын, қашса көз жаздырып, қуса құтқармайтын текті арғымак;
 - в) тұлғасы, түрі мен күші жағынан өте сирек кеңдесетін, көшпелі тұрмысқа, әсіресе басын бәске тігіп, бір

жерден екінші жерге ауысып, із кестіріп жүретін жорту-
ылшылар мен барымташыларға ете ыңғайлы мая.

Осы төртеуінің әрқайсысы бес ірі қараға баланатын-
дықтан, жаңағыдай асылдары жоктары әрқайсысына бестен:
яғни сол кезде санына қарай ылғи да жиырма аталған
жиырма ірі қара тәлеуі тиіс. Орал облысында, Торғай об-
лысының Елек және Ыргыз уездеріндегі қалыңмалдың мұндай
мөлшері қазіргі күнгө дейін сакталып келеді.

Алайда, орданың қазіргі қалыпты жағдайында төрт асыл-
мен бағаланатын бас жақсы бұрынғы маңызын жоғалтып,
қазақтар үшін басқа асыл заттармен алмастырылды. Айта-
лық, мылтық пен аргымак тек айтулы аңшыларға ғана
мәнді болып қалды; сауыт қолданудан мұлдем шыгарылды;
тек бейбіт көшпелі тұрмыста да, сондай-ақ жекелеген ел-
дермен сауда катынасы жағдайында сусыз сайын даламен,
бүйрарат-бүйрарат құмдармен жол тартуға да тәзімді мая ғана
бүтінгі күнгө дейін өз мәнін жоя қойған жоқ.

Бас жақсы өз магынасында қазір Торғай облысының Ни-
колаев және Торғай уездеріндегі ғана кездеседі. Құны 3 жыл-
қыдан 12 жылқыға, 100—300 сом күміс тәңгеден 1000 күміс
тәңгеге дейін есті. Торғай облысының басқа аймактарында
және Орал облысында ол жалпы қалыңмалдың кейінгі бөлігі
— қара малға қосылып кетті, сейтіп Шығыс аймактарын-
дағы осындай кәдеге қарғанда тұтастай жиырма ірі қараға
кебейді.

2. Қара мал, күйеу жігіттің нак құда түскен кезде төлей-
тін шығыны, яғни қалыңдықтың құны іспетті қазіргі айтып
жүрген қалыңмалдың ен ірі, іргелі болігі. Бұрынғы кіші
ордада қалыңмалдың осындай бөлігі, жоғарыда айтылғандай,
жиырма, дәлірек айтқанда 16 ірі қара, ал қалған төртеуі
осы 16-ның ішінде міндесті түрде болуға тиісті аналық мал-
дардың алдағы төлдері есебінен толықтырылатын жиырма
ірі қараға тәңестіріледі.

Қара малдың мөлшері бір жиырмадан бес жиырмага дейін
анықталады. Кейде ол алты, тіпті жеті жиырмага дейін
жетеді, алайда бұлар ете сирек кездеседі. Торғай облысының
шығыс бөлігіндегі қара мал саны аукаттылар арасында қырық
жетіге, орташа лар арасында отыз жетіге тен. Қырық жеті,
оның ішінде жанама жақсы, жеке ту бие, тұс ат (ерекше
жылқы — ред.) деп аталатындармен бірге құлынды қосқанда
әр жастағы 33 ірі малдан тұрады. Отыз жеті, осындай есеп-
пен, 26 ірі малмен бағаланады.

3. Илу — күйеу жігіттің қалыңдығына алғаш барып,
алғаш көрісінде жол ашатын кәдесі. Ол үрін келу деп
аталады, күйеу жігіт қалыңдығы 14 жасқа толғаннан кейін

гана ұрын барады. Торғай облысының шығыс бөлігіндегі қалыңмалдың осы бәлгі кара мал санынан бір де кем болмауы тиіс, қайта керісінше, мүмкіндігінше одан екі, тіпті үш есе көп болуы керек. Атап айтқанда, отыздан сексенге дейін; малы мынғырган Торғай облысының басқа аймақтарында және Орал облысында ілу 10 түйеге дейін жетеді.

4. Той малы — неке қиярға дейінгі салтанатка жұмсалатын кәде. Оның мелшері түйе не малдың басқа бір түрі бастаған кыз жасауына сәйкес болады. Ол туралы қалыңдық жағы күйеу жігіт жағына міндетті түрде ескертуі тиіс. Эдепте, той малына 20 жылқыдан 70 жылқыга дейін беріледі. Сонымен бірге күйменің астыңғы жағын қалыңдықтың әке-шешесі сәндейтін болғандықтан, оның үстінгі жағын жайнатуға күйеу жігіт қажетті киіз, не басқа бағалы бүйымдар экеледі.

5. Сүт акы — ана сүтінің өтемі. Ол бір түйеден жеті түйеге дейін жетеді.

6. Жігіт түйе, қалым түйе, яғни қос түйе. Осының үстінен қалыңдықтың ата-анасы күйеу жігіттен өте сәнді тігілген той көйлегі мен ер-тұрман алады.

Сондай-ак, күйесу жігіттің осыған қоса беретін толып жатқан кәделері бар, алайда ол онша құнды саналмайды. Бірақ оның үлестірілуінің қаншалықты міндетті екендігін мынадан-ақ аңгаруга болады: «Қалыңсыз кыз болса да, кәдесіз күйеу болмайды», — дейді халық нақылы. Яғни қалыңмалсыз қалыңдық келсе де, кәдесіз күйеу келмейді.

Аталған қалыңмалдың ең ауқаттылар мен орташалар арасында гана жүретін белгілі. Кедейлер үшін оның бала қалыңмал деп аталаған түрі қолданылады, яғни 5, 10, тіпті 15 мал бір тексті малдың орнына жүреді. Бірақ қадуілгі намыс үшін құда тұсу, баталасу кездерінде ол қырық немесе отыз жетіге есептеледі, бір, скі не басқалай жиырмалар күр бос сез болып қалады.

Ал ең жарлы-жақыбайлар небәрі 10 ірі қарадан аспайтындаид әөңгелек қалыңмал береді..

Жоғарыда айтылғандардан мынандай қорытынды шығаруға болады: ең даулеттілер 100-ден 150-ге дейіл; орташалар 75-тен 100-ге дейін; ал бала қалыңмал иелері-кедейлер 20-дан 40-қа дейін; ең жарлы-жақыбайлар-әөңгелек қалыңмал ислері 10 ірі қарага дейін телейді.

Қалыңмалдың ең бастапқы түріне келетін болсак, ол сол алғашқы күйінде сакталмаған, әр үрпак дерлік оның жолжоралғысына уақыт тәсіне сай әртүрлі өзгерістер енгізіп отырган. Мұндай өзгерістердің көп болғандығы соңшалық,

дәл бүгінгі таңда да жалғасып жаткан осындай өзгерістерге орай қазактардың өздерінің де калыңмалдың ең алғашқы мәлшерінің қаншалықты болғандығын естерінде сақтай алуы екіталаі.

Күйеуден қажетті калыңмалын алғаннан кейін әке-шешесі қызын бүкіл сән-салтанатымен деру жөнелтуге міндettі. Ол үшін қалыңдыққа отау деп аталатын сәнді күйме әзірлейді, қалыңдықтың ерекше бас киімін—сәукелесін тігеді, тессек-орнын дайындаиды, астына әсем ат мінгізеді, той малы мәлшерінде түйелер мен жылқылар қосады, қалыңдықтың азды-көпті көйлектерін, күйменің ішкі жиһаздарын сайлайды — осының бәрін қосып айтқанда, ол қыздың жасауы деп аталады. Егер бұрынғы тұрмысын күрт құлдыратып жіберетіндей қаһарлы қыска немесе басқалай бір кездейсөк бакытсыздыққа тап келмесе алғашқы екі топтағылар бұл қәделердің бәрін катаң сактауға міндettі: ал жаңағыдай бакытсыздыққа кездесе калса жасаудағы жұтандықтардың бәрі кешіріледі, осылайша үшінші топтағыларға да кінә қойылмайды; олардан тек күнделікті көрпе, жастық, мінетін ат, қәдуілгі әйелдерің бәрі бірдей кие беретін жаулық және біразғантай көйлек қана талап етіледі.

Құрбанаали Халиди

ТАУАРИХ ХАМСА

КАЛЫҢМАЛ

Қазақ халқының тіршлігінде құдаласу мен қалыңмалдың алатын өзіндік орны бар. Екі жақ мал жағын сейлесіп келіс-кен соң, қыз алатын жақтан бірнеше кісі қыз ауылнана келеді. Мұнда мал сойылып, ең алғаш құйрық, бауырын пісіріп, катықпен араластырып құдаларға асатады. Катыкты беттеріне жағып, мұрындарына кіргізіп, әзіл-ойын өтеді. Астан соң қыз тарапы құдаларға киіт кояды. Кийтке өлшем жок, әркім өз шамасымен. Құдаларды суга салу, неше түрлі маскара-мазак ету ғүрпі бар. Шартқа кайтсе де шыдау керек, егер ашу шығарып, түсін сұytса одан зорғысын көреді. Жаз күндері терен суга салып жүэздіру, құлжыққа сұнгіту, тіпті қыста мұзды екі жерінен тесіп бірінен салып ежіншісінен шығару, яки қарды ойып, ойығынан жалаңаш сүйреу болғанын естігеніміз бар. Сол үшін «құйрық-бауыр жесіп, құда-құда десіп, суга-бозға (мұз) кіріп, әр пәлені

көріп» деп айтылатын ойындар болады. Бұл кезде неке, той болып үлгермей балалар әлі жетілмеген, тіпті бесікте болуы мүмкін. Олар есken соң иске тойлары оншалық қыны емес. Қыз беретін тараптан да құда болып барып қайтады.

Бұларға да киіт тартылып, тек азырақ қойылады. Оның орындың қалың мал толтыру керек, қалыңмалға жақын-жұықтар көмек етіп, әр жыл азды-көптен беріп, балалар есkenше құтылады. Қыз жағы жиһаз жинайды. Жиһаз туралы: «Алтында жисаң асады, жетіде жисаң жетеді, оннан кейін жисаң кемдік етеді» деген сияқты сөздері бар.

«Қалыңмал» — көп мал болып, қыз «қалыңдық» болып, оның құрметі ауырга түскен сияқты түсінік. Қалыңмал 50 байталға тоқтаса, екі түйе үшін екі ат беріледі, ол он байталға есеп, 60 байталға тоқтаса үш түйе үшін үш ат беріліп, он бес байталға саналады, қалған 40, 45 байталды толық беру шарт. Қалыңмал үшін бір түйе бес байтал, әр байтал орынша бес сом.

Кейде қалыңмал демей «қарамал» деп сөйлеседі, мысалы: қарамал үш түйе деп тоқтаса, қалыңмал, сез жоқ, 45 байтал болып, үш түйе қарамалмен коса, бәрі 60 байтал, егер қалыңмал 60 байталдан артық, мысалы 70—80 байтал яки 90, 100 байтал десе бұл түрі қарамал аты қалып, «бас жақсы», «орта жақсы», «аяқ жақсы» деп айтывады. Бас жақсы — бас түйе, орта жақсы — үш түйе, аяқ жақсы — бір түйе. Бас жақсы үшін бір жақсы ат — 25 байталға есеп, орта жақсы — бір ат 15 байтал, аяқ жақсы — үшін күнан — дөнендей бір кіші мал, я бір мылтық, я бір тазы ит сияқты әдеттегі нәрсе бес байтал есептеліп, қалған малды түгел алады. Корытындысы 50—60 байталдан кемге «қарамал» деп айтывмай, мысалы 27 байтал, 37, 47 деп сөйлессе бұл түрде «орта жақсы» қалып, «бас жақсы, аяқ жақсы» деп женіл бір нәрсе тағайындалады. Ол да айтылған — 37 байтал 47 байтал ссебіне снеді, яғни жақсылары айтывмай малдың тұра өзін айтады, бұны «төгөрек мал» дейді.

Ірі байлар атап сөйлесспей, егер сөйлесе қалса артық кеміне қарамай мал-акша болсын сұраганын алады. 100 байтал, 200, 300 бәлкім 500 байтал одан артық та ала береді, соған орай жиһазы болады. Кейінгі уақытта 37, 47, пәлен жетілер, сөйлесуден қалып туралап мал басын сан-аудан бастады, сол үшін «47 қыздан қалды, 57 үлдан қалды» дейтін мәтеддер айтывлатын болды.

Қалыңмал айтса-айтпаса да бай болсын, кедей болсын, — киіт, ілу және сүт акы,— осы үш нәрсе ешқашан тоқталмайды, «ата күші, ана сүті» деп шарт етілген нәрсе. Илу қыз берген жақтың киітіне қарсы болады, мысалы: киітте

жамбы болса, күйеу жақтан ілуде жамбы беріледі, қыз жақтан ат, түйе берілсө күйеу жақтан ілуде соган қарай беріледі. Ал, сүт ақы ілуден бір дәреже тәмен, ілу жамбы болса сүт ақы-түйе, ілу түйе болса сүт ақы — ат болады. «Өлі-тірі» аталатын бір ғұрпы бар, оған бір мал, яки нәрсе беру керек. «Өлі-тірі» берген соң, өлі күйеу жатар ма, ережесімен күйеу жасырын барса да айып болмайды.

Қалыңмал бәрі, яки қебі беріліп, азы қалса күйеу «есік көруғе», «қол ұстасуға» арнаійы жыртыс алып барады, оны «ұрын келді» деп атайды. «Ұрын» — «бұрын» сөзінің мағыналас түрі, ептеп айырмасы бар. Тек осы орынға «бірінші, алғаш келген» мәнінде түсініп, үлкен той осы мезгілге еткізілуі керек. «Қызы қашар» деген де бір жора бар. Оны біреу бастап үлкен жынымен екі жігіт, екі қызы, яки екі келіншек бір-бірімен айтыска түседі, қызы жеңілсе жігіт басына үкі, яки маржанды шоқ тағып, бұлар бір-біріне «әріптес» аталады. Бұл бір-бірімен сез сайысына түсіп, беттескенге қойылатын ат. Қызы бін күйеу осы кеште жүздесседі. Осыдан соң күйеу еркін келіп жүрсө де айыпты смес, осы уақытта «он жақта жүрген күйеу» аталады. Неке тек ұзатылатын уақытта оқылады.

Той күні әйелдердің «жеңгетай», «ит ырылдатар», «бақан ұстар», «кемпір өлді» сиякты ырым-жорамы көп. Алайда, бұлар күйеуді күту, сыйлау былай тұрсын, күйеу сәл ғана айыпты болып қалса женгслері ахиреттеп, сөріп, «атаң күйеу болмаған ба, көргенсіздін баласы» деп, жәбірлеп жібереді. Сол үшін Барак батыр: «Қалың жаудың ортасында қалып та қорықкан жоқ едім, күйсулеп барғанымда қатындардың жылының келуін көріп көңілім сескенді, өйткені дүшпанмен қарсыласу мүмкін, ал катындарға өз ресімі бойынша мойынды иіп тұрудан өзге шара болмай, егер бір сылтау тауып, үрса не етесін», — деген екен.

Бірақ күйеу көрген жазаларды балдыздар жуып жібереді. Күйеу ұрын барғанға киетін киім казіргі ғұрыпта жок, ондай ұзын, кең емес, енді тар киімге кезек тиді.

Бай — байша, жарлы — жарлыша жонелтсс де, алған малға лайық жиһаз жасау үлкен шарт. Жиһаз алған малына лайық болмаса өкпе, тіпті дау туады. 27 яки 37 байтал қалыңмалмен келген келіншек отаусыз, яғни үйсіз бір түйе, бір ат және киім-кешегімсін ғана келеді. 47 байталға түскен келін отауымен келеді.

Ұзату тойы күні айтылатын «аужар» — дейтін өлеңдері бар. Келін болып түскен үйінде «беташар» болып, бір кісі келінгे ата-анасын, жалпы қайын-жүрттарын таныстырып,

кезек-кезек атын айтып, «пәленшеге бір сәлем» деп бас иғізіп, сәлем бергізеді. Олар да «көп жаса» деп бата-алғыстарын айтады, көрімдік беріседі. Осылай тиісті кісілеріне өмір-баки сәлемін ұзбеу керек. Олардың үйлеріне кіргенде тізе бүтіп, ізет көрсетеді. Отқа май құятын болатын, оған сажда ету бар еді, ол калды.

Жиназда байлар мен төрелер алты қанат үй тігіп, тоғыз-тоғыздан түйе, кілем, тоң осылайша әр нәрсені тоғыздан санап беріп, енді одан бәлек екі-үш ат мінгізеді, әрине, жорға жақсыларына сыйланады. Кей байлар 20 түйе, 40 тон, 40 кілем және басқа да үй аспаптарына коса бір үлкен ак үй, бір отауша мен шатыр беріп ұзатқан. Мал айдан барушылар да бар. Ғұрып бойынша үйдің киізі қүйеуден де, ағашы мен взге керегінің бәрі қыз жағынан бсріледі.

Қалыңмалға карасқан туыстары келін келген соң лайығымен тондары, я басқа нәрселерінен алады, енші бергенде олар тағы келінге карасады.

Үйленген ұл ата қонысынан бір-скі жыл шықпай отырып, езіне тиісті енші алады. Экесімен тек кенже ұл қалып, өлі-тірісінен ата орнына ие болатын шаңырак исесі болып есептеледі. Қазақ оны «қара шаңырак» деп атаған. Енші алып шыққан ұл, экесі өлтірілген соң қалған малынан ештеңе талап етпей, балқім оның мал-жанын сақтауға қайрат қылып «үлкен үйден қор кетпессе бәрімізге жетер» деген қағиданы ұстаған.

Қыз баласы да тәркінде келіп, бірнеше жылдан соң енші алады, мұны алса, сонынан мирас талап етпейді. Ер бала қызы балага да болсын мирас деп, мал талап етуді айыпқа есептейді. «Ата мұрасы» дейтіні бар, бірақ «мұра» аталғанымен мирас емес, әдет-ғұрып, моральдық өсімет мағынасында қолданады.

Қазақ халқының тіршілігіндегі әдет-ғұрыпка байланысты көптеген мерекелер өткізіледі. Мысалы айт намазын 1300 ніжрага дейін оқымаған, балқім, шарты келмей айт окуга болмайды, керсек еткен адамдар шаһарға келсін деп оған дін басшылары рұқсат етпеген. Кейінгі уақытта әр болыс ел, ауыл болып жиналып айт намазын оқитын болды.

Мереке күндерінде ат жарыстары, көкпар, қыз куу, курес сиякты ойындар өткізіліп, үлкен той болған. Қыз қуу ойынына атастырылған жігіт пен қалыңдығын шығарады, жігіт жетіп алса қызы құшактап бетінен сүйеді, жете алмаса қыз оны қамышылап көпке қуып тығады. Ал, аяп ұрмаса «байжанды қыз, үтсиз» деп сөгеді. Кейде атастырылмай-ақ ойынга қатысқысы келген жастардың да барлығы атқа мінеді. Бір саудагер жігіт бір байдың қызына колы жетпей жүргендеге, осындаі мереке-тойға тап болып, қыз қууда сәті

түсіп, осы қызды қууға мені жібер деп, ақыры рұқсат алып құған екен. Тура шалбарына дейін шешіп, әзірленіп барғанымен жете алмай мысы құрыйды, қыз да оның жесте тайынбасын сезіп, сым ораулы қамшы алып шықкан екен. Жете алмаған соң кайтқан бетте қыз жігітті ұра-ұра, үстібасын қан жауып, есінен тандырган.

Той бітіп, ұл-қыз ер жетіп, қалыңмалы таусылып келін күйеуіне жыртыспен келеді, бұл соңғы жыртыс, алғашқыдан төмен, неке тойы болады. Той соңынан жар-жарды екі жігіт ат үстінен, отау үйдің үзігін түріп, екі қыз ішінде бүркеніп отырып, жігіт оларға жұбату айтады. Қыз, ел-жұрт, атанаасынан айрылуына қайғырады. Жер-жар оның мұны болғандықтан «аужар» деп те атайды.

ЖІГІТ ТАРАПЫНАН

Бисмилла деп бастаймын
Жолың болсын, енді бар.
«Қыз беруді-сүннәт» деп,
Айтқан екен пайғамбар.
Атам-анам қалды,— деп,
Иә, шырагым, қылма зар,
Жақсы болсан, ата-ана
Онда да бар, жар-жар!
Тағдыр жазды осылай,
Сізді жатқа бүйірып.
Амалсыз берді ата-анаң
Балам-ай деп күйініп,
Насиҳат айтам, қарағым,
Көңілге кірсін күйілып.
Үлкеннің өтпе алдынан,
Әдеп қыл көрсөн иіліп.
Жақсы болсан қарындасым,
Жұртың мактар сүйініп.
Қызыметінде дайын бол,
Етек-женің түрініп.

Сонда мұнлы қыздың созып, сызылып айтарты:
— Ақ отауым тіккен жер,
Майдан болсын, жар-жар!
Өткен күнге қөңілім
Қайран болсын, жар-жар!
Дүниеге келуге
Себеп болған, жар-жар!
Бәлек ата-әкемдей
Қайдан болсын, жар-жар!

Жалғыз емес жар жолдас,
Жанында бар, жар-жар!
Көп зарланып жыламай,
Қайтіп адам болам деп,
Шүкірлік қыл аллага,
Артық сөзді қоям деп.
Жақсы көрсө қайынатың
Құрмет қылар балам деп.
Өз баласы алған соң,
Неге ойласын жаман деп.
Әдепті бол, шырагым,
Көптен алғыс табам деп.
Өз бағынды кемітпе,
Оссек-аяң багам деп.
Некеленген жарыңа,
Кішілік қыл жағам деп.
Қайнаған мен қайныңыз,
Ойласын жақсы адам деп.
Түзу болсаң бір ана
Онда да бар, жар-жар!

Он ай сақтап ішіне,
Толғак жеген, жар-жар!
Ақ сүт берген анама
Қайдан жетсін, жар-жар!
Оң жактагы бұл дәурен
Енді келмес, жар-жар!
Қайран жұртым, қайран ел,
Аман болсын, жар-жар!

Өз ордамдай алшандар
Заман қайда, жар-жар!
Ақ шүберек салған соң
Бөлек жайда, жар-жар!
Тар күрсактан бір шығып
Сүт еміскең, жар-жар!
Өз ағамдай, інімдей
Бауыр қайда, жар-жар!

Жігіт жағының жұбатыу:

– Эйел болып туган соң
Осылайша айтады.
Тұз таусылса бұл елден,
Сапар күнің жетеді.
Бауыр бассаң жат елге
Жұртың ойдан кетеді.
Айрылмасаң еліңен
Ұл бол тусан ńетеді?!!
Перзент берсе құдайым
Ана болып бір жұртқа
Бұл арманың өтеді.
Жақсы болмақ өзіңисен
Осы елдей-ак күтеді.

Сөз ақыры осы болып, жігіттерге қыз тарапынан шапан-кейлек беру жолы жасалады. Жар-жар біткен соң «отау мүшеленеді». Отау мүшелеу — ұзатылатын үйді жалаңаштап, киіздерін сүйреу. Отау осымен жығылып, ертесіне қыз аттанады. Барған соң бет ашар жасалады.

– Бет ашайын, бисмиллә,
Ахуалыңды, айт, келін!
Бүйрекпен келдің бұл жерге
Үйдегі қамнан қайт, келін!
Тұнық судай таза боп,
Жақсы жолды тап, келін!
Бойынды кірсіз таза қыл
Жұмыртқадай ак келін!
Жаман жолдан жырақ бол
Сауыскандай сақ келін!
Шын пейліңмен қызмет қып
Ата-енене жақ, келін!
Келін келді көрініз,
Көрімдігін берініз.
Берсем деп бос жұбатпай,
Атын атап қойыныз.
Атасына бір сәлем!

Жылағанга жұбатып
Айтасыңдар, жар-жар!
Онайлықпен жат-жұртқа
Жағу қайда, жар-жар!
Кайран атам, инам мен
Елім, жұртым, жар-жар! .
Жүргегіме запыран
Қылды пайда, жар-жар!

Ардактайтын асыл жұрт
Онда да бар, жар-жар!
Атаң тұтты аузына
Пайғамбардың лебізін.
Бата қылған уағыдан
Өтеп болды қарызын.
Түсіргелі өзінен
Мойнындағы парызын.
Жарылқасын алдыңнан
Айтылды жұртқа арызын.
Құтты болсын ақ ордан
Аман бол енді, жар-жар!

Орынсызга сөз қатып,
Күнәға батпа, келіншек!
Байыңдан бұрын төсекке
Өзің жатпа, келіншек!
Үй басына қыдырып,
Өсек айтпа, келіншек!
Рас сөзді өзгертіп,
Жалғанға сатпа, келіншек!
Ата-енең жұмсаса,
Бола көрме еріншек.
Байлап сауған малыңды,
Басқа соқпа, келіншек!
Мал қадірін көп ойла.
Шын насиҳат айтамын,
Бүтін келген келімсек.
Келін келді, көріңіз,
Көрімдігін беріңіз.
Беретүғын малыңның
Түсін айтып қойыңыз:
Енесіне бір сәлем!
Файыптан бұлбұл кез болды
Гүл бақшаға қонғалы.
Алла нәсіп қылған соң,
Бір жүртқа ана·болғалы.
Құтты болсын орныңыз,
Мақтау сөзге толғалы.
Қайнага, қайын, баршалар,
Разы, хош уақ болғалы:
Қайнагаларға бір сәлем!
Ризықты алла бүйірды
Өз жұртыңдан жат елге.
Өмір берсін, құдайым,
Некелеген жас ерге.
Енді сөзді тамамдап,
Токтау қылдық бұл жерге.
Бүркеншігін ашайын,
Асыл жүзін көріңіз.
Төрде отырган аталар,
Әмин деп бата беріңіз:
Барша көпке бір сәлем!

Айтушысы — аргын елінің Әсет ақын ибн Найманбай, ибн Тауасар, ибн Анбай, ибн Шөрен, қаракесек. Бұрынғы беташарлар мұнан да ұзагырақ, оларда мынандай лебіздер келеді:


— Даңадағы сиырга ау-хаулама, келіншек!
Даусынды жуан шығарыл,
Кау-каулама келіншек
Каптың аузы бос тұр деп,
Құрт ұрлама, келіншек!
Өзің жатып байыца,
Тұр-тұрлама келіншек!
Енем үйде жоқ қой деп,
Төрге шықла, келіншек!
Жараусыз қықым шүберек,
Бокшаң тықла келіншек!—

деген сияқты косымшалар көп-ак*. Эр сәлем алғанда көпшілік және аты аталған кісілер келінгे «көп жаса» деп ризашылық етеді.

Жар-жардың Мауароаннаһырда (Мауреннахыр —*құр*) шағатай акцентімен, үйғыр тілімен алты шаһар халқында қолданыбалы тұрлері бар. Қазакта келін үйдің төріне рұқсат еткенше, яғни енесі өлгенше шықпай, тек жартысына дейін бара алады. Тіпті екінші үй, еншісі бөлек келін, үлкен үй төріне өле-өлгенше шықпай кетуі мүмкін, бұл олардың үлкен үйге көрсеткен құрметі. Қазакта әйелдер үлкен-кіші еркектің алдын кеспейтін ғурпы бар. Жасы кішісі үлкеніне «сен» демек түгіл, аттарын атамайды. Ата-анасын, ел үлкендерін атымен атамай, құрметтеп, мағанаасы сол, бірақ басқа ата-умен атайды.

*Оңтүстік Қазақстанда бүгінгө дейін, көп үлкендерге мінез-құлқымен, түрліше сипаттарымен кейде мазақ, кейде мадақ етіп таныстырумен кісі басына жекелеп сәлем салдыру салты бар. Ол аса қызықты, ерекше салтанатпен етеді.

Той, Той, Тойланыз:



құдалар айтысы;
сыңсу (көрісу, қоштасу, сарын);
жар-жар (аужар, бике-ау, үкі-ау);
аушадияр;
той бастар;
беташар;
бата.

ҚҰДА ҚАҚПАЙ

Сонымен, той өткізетін күн де жақындағап қалды. Енді, енді.. екі жас қана емес, тұмас бір рұлы ел мен екінші бір рұлы ел қосылатындаі, бір гана жаның ғұмырымен шектелмей үрпақтан үрпақта жалгаса беретін туыстықтың тәмір қазығы қазылатындаі жүрек лүпілдейді. Иә, атапарымыз: «Күйеу жүз жылдық, құда мың жылдық» дегенді, сірә осыған мәңзеп айтқан болар-ау!

Осы сәтті ынтыға күткен екі жақ, осы күндерді мүмкіндігінше салтанаатты түрде өткізуге тырысқан. «Отыз күн ойын, қырық күн тойын» дегендей, той қылған ауыл гана емес, соган шектес, тіпті дұбірі жеткен алystaғы ауылдар да сал, серілерін, палуандарын жинап, сәйгүліктерін жаратып, қапылып қалатын. Той өткен ауылдық үсті ашық аспан астындағы алып сахна сияқтыда, тойға қатысуышылар үлттың дәстүр мен үлттың ойындарды орындаушы сахна сарбаздарындаі, сан түрлі бояу, сан түрлі қимыл-қозғалыстарымен, сөз сайыстарымен той күрідерін шын мәніндегі халықтық мерекеге айналдырып та жіберетін.

Есіресе, халқымыздың сөзге шешендігі, суырып салма ақындығы барынша кең танылатын. Құда болып, құйрық-бауыр жесіскеннен, қалыңдықтың бетін ашып, қайын жүрттына таныстырганга дейінгі дәстүрлердің бәрі де әнсіз, олеңсіз орындалмаган. Екі жақты өнерсайыстарынан құдалар да шет қалмаган.

«Айт дегендес, олеңді айта алмаймын.
Түйсеге алған торы аттай жайтандаймын.
Өзге кісі айт десе айтпас едім.
Құдалардың көңілін кайтармаймын.

Ахай, Семей,
Тіл мен көмсай.

Көтере сал әнінді
Темендемей-ай!

Өлең гүйрәй* дегенге, өлең гүйрәй,
Он қап өлең әкелдім аузын түйрәй.
Он қап түгіл бірінің аузын ашсам
Тұра қашар құдалар тонын сүйрәй», —

деп өзіндік әуенімен шырқай шымшып, құдандалы екі жақ
бірін-бірі сайысқа шақырган. Мұндай айттыс қыз-
келіншектер мен жігіттер арасында мейлінше тартысты,
қызықты өткен.

* * *

Ж і г і т т е р

Айт дегенде, айтайын, той қылған, қыз!
Семіз бие тойына сойғызған, қыз!
Ұзатылу той қылып ұлken қызық,
Кетемін деп үйінен ой қылған қыз!

Қ ы з д а р :

Сөз таба алмай, замандас, сасайын ба?
Бұрынғының жолынан асайын ба?
Бұрынғының дәстүрі болғаннан соң,
Елден аулақ жапанға қашайын ба?

Ж і г і т т е р :

Жас күнімнен өлеңге қойдым қадам,
Ескі досын ұмытар кейбір надан.
Бір сөзім бар сактаған айтайын деп,
Болмағанда қасында ботен адам.

Қ ы з д а р :

Мен де өзіңдей өлеңге құрдым дүкен,
Бөрі жортар қой аңдып, бүкен-бүкен.
Сөзің болса бұйымтай, оңаша айттар,
Түйе болып, түнде кеп үйге сүйкен.

Ж і г і т т е р :

Түн үйқымды сен үшін бөлемін де,
Торышаммен түн катып жelemін де.
Түйе түгіл, бол десен, бота болып,
Түнде боздап тұсына келемін дс...

Қ ы з д а р :

Бір қамшым бар қолымда жез бауырлак
Ілікпедім есеккес созді ауырлап.
Ісің еске түскенде, бсу замандас,
Жатамын да жылаймын жер бауырлап.

* Гүйрәй — өлең деген мағынада (қалмақ сөзі)

Ж і г і т т е р :

Жердің сәні болмайды ел кеткен соң
Жүк кетермес кара нар, бел кеткен соң.
Кетеріндегі сіңіліце тапсырып кет,
Өтейсітіп жұрмесін ер жеткен соң.

СЫҢСУ

*Халқымызда тұрмыс-салт жырларының ең көп та-
рагандарының бірі — сыңсу. Тұр жагынан сыңсу қоштасу,
көрісу, сарын делініп әртүрлі аталағанымен мазмұн
жагынан бір-бірінен көп алшақтамайды. Өйткені қай-
қайсысы да ұзатылар қыздың өз жұртына деген сәбілік
ортак сезімін білдіреді. Ол ұзатылар алдында жақын жеңге,
құрбы қыздарын ертіп ет бауыр туыстарын, жекжат-
жұрагаттарын, дос-жолдас, көршиқолаңдарын аралап,
қоштасып шыгады. Қыздың сәүкелесін жеңгесі күіп жүреді.*

«Алтын да менін босагам,
Аттап бір шығам деп пе едім.
Күміс те менін босагам,
Күніреніп шығам деп пе едім.

Базардан келген құйысқан,
Тарамай шашым ұйысқан.
Келіп те кетіп жүріцдер,
Сағындырмай, туысқан»,—

*dep, бұлақдатып өсірген өз жұртын қия алмай, бүкіл бала-
лық шағы, бал дәурен өмірі көз алдына келіп, сол сәттегі
мұң-сағынышың ұлттық сазды әуенімен, өз жүргегінен
шыққан, немесе сонымен үндесетін шумақтармен білдіреді.*

*Жасыратыны жоқ, соңғы кезге дейін қазақ қыздары
бұрын зорлық-зомбылықтың құрбаны болғандықтан еріксіз
сыңсып, жылап кеткен деген түсінік басым болып келді.
Қыздың табиғи нәзіктігі, туган-туысқандарына, құрбы-
құрдастарына, өскен орта, туган жеріне деген мөлдір
махаббаты, сол маҳаббаттың қоштасар сәтте қыз
жүргегін еріксіз елжіретеміндігі көп жағдайда, ескерілмәді.*

*Ұзатылар қыз түеан-туысқандарын аралап, қоштасқан
кеzде ағайындар арасындағы кейбір кикілжіңдер де ұмыты-
лады, бауырлық сезім бәрінен де жогары тұрады. Бірін-бірі
қия алмай, бәрі де қиналады. Кейбір жөн білетін жеңгелер
қайын сіңлісінің сыңсуына өзі де сыңси үн қосып, толқыган
көңіл-күйді одан әрі тебірентіп жібереді. Ақыры үлкен-
дердің сабырга шақыруымен сыңсұдың соңы:*

«Ел-жұртын қиналады қыз кеткеніге,
Түсінсеп бола коймас бізге өкпен де.
Әкене сендей бала табылар ма,
Алты жыл аргымақлен іздектенде.
Екі ауылды өзіңе ортак сана,
Жолың болсын, артыңа жалтақтама.
Балдай батып, судай сін барған жерге
Топырласын терінде бір топ бала»,—

деген сияқты жұбату, тілекке үласады. Эрқайсысы қызды жеке-жеке қонақ қылып, сый-сияпам көрсетеді. Кыз жасауды да толыға түседі.

Ең соңында қыздың шешесі:

«Карагым-ай, халқыңа қалаулы бол.
Жұртыңа елеулі бол.
Ертемен ерте тұтарсын.
Түспігінді ашарсын.
Сүтімді соңда актарсын.
Қарағым-ай, не айтайын,
Енді жат жұрттық болғасын,
Барарсын, карагым-ай!»

деп, тағдырдың жазуынан аса алмай, қоштасудың соңын осындағы көнбіс күй, тоқтаган көңілмен аяқтайды.

* * *

Есіктің алды жас қайын,
Жапырағын баспайын.
Есікten аттап кеткен соң,
Еркелікті тастайын.

Есіктің алды ақ қайын,
Қайыңды қайтіп аттайын?
Еркелеткен анамның
Ақ сүтін қайтіп ақтайын?!

Есіктің алды талды гой,
Талдыдан құрық алды гой.
«Бермейміз» деген
женгелер
Басыма шалі салды гой!

Әуеден үшкан бұлдырық,
Құбыладан соққан
ызырық.
Жатқа кетіп барамыз
Жаратқан соң қыз қылып.

Қамшымның сабы бояма,
Ел ақысын қоя ма?
Ай сайын іздел келуге
Айналайын, ағалар
Лтынның терін аяма!

Есіктің алды күркे еді-ау,
Күркеден атым үркеді-ау!
Бермеймін деген женгелер
Басыма салы бүркеді-ау!

Атасы жақсы құл болмас.
Шешесі жақсы құң болмас.
Оң жақтан кестіп барамын,
Кыз еркелеп ұл болмас.

Жанымдағы қыным-ау,
Сінлілер мен інім-ау;
Жыл айналып келгенше.
Кош аман бол, құнім-ау!

* * *

Есіктің алды талды гой,
Төрімнің алды қалды гой.
Мәпелеген әкешім,
Мойныма құрық салды гой!

Әуеде торғай толып жүр,
Күйкентай оны қорып жүр.
Соңымнан ерген бауырим,
Сағындырмай келіп жүр!

Қара су сүниң ылай ма,
Теніне кеткен жылай ма?
Еркелеп ескен сорлы бас,
Шет жерге бару оңай ма?

* * *

Алхамдулла салауат,
Арызымды тыңда, жамағат.
Енді айналып көргенше,
Жан көкем сізге аманат.

Әрдайым елім сау бол түр,
Естіртпей бізге жаманат.
Анашым, сұтінді
актармын.

Келтірмей сізге жаман ат.

Құлын тайдай жетелеп,
Өсірдің әке, мәпелеп.
Кем қылмадың қатардан,
Жан әке, сізге рахмет!

Тік бітер өскен қарагай,
Барамын сізге қарамай.
Ақ сұтінді емізген,
Риза бол бізге, анам-ай!

Сүттен аппақ білегің
Осы ма, аға тілегің.
Сөз келтірмей сендерге,
Сыйлы болып жүрермін.

Тәңірден берер тілесе,
Соңыңда жүрдім ілесе.
Хабарласып тұрарсың,
Айналайын, жеңеше!
Жаман атты болмаспын,
Бәрекелді демесе.

Босагамнан аттайын,
Көтеріп жүктің ауырын.
Апалап келіп жүргейсің,
Жер жақын гой, бауырым!

* * *

Сөздің басы біссімілла,
Біссімілла бітпес мың
жылда.

Шапан келді* — Сын
келді

Кызыл тілім қимылда.

Жүруші едім алшактап,
Такия тіктім моншактап.

* Бұл жерде қызы шығаратын кезде шапан кигізіп шығаратынын айтып отыр

**Балдақ — шымылдық құратын ағаш..

Женгелерім жиналып,
Келдің бе киім құшактап.

Анам десем болмай ма,
Көзім де жасқа толмай ма
Қызы да болсам үйімде
Жүре-тұрсам болмай ма?!

Есіктің алды қос терек,
Жапырақ шыгар құтелең.
Ата-анамның алдында
Жүруші едім еркелеп.

Алтыннан менің босагам,
Шеберлер қыып жасаган.
Өлгенде шығам деп едім
Тірі де шықтым жасаган.

Шымылдық құрдым он
жақта
Шыбын да қонар балдаққа**
Шарылдарап жерге түскенде
Алмадың құдай он жаққа.

Есіктің алды ыргайды,
Ыргайдан алдым сырнайды.
Атасы басқа бір жат ед,
Жас келін деп сыйнайды.

Жылқы ішінде дөнен
кер,
Кызды балам демендер.
Кызды балам десендер
Жат елге бала демендер.

Есіктің алды ебелек,
Жаңбыр жауар себелеп.
Қалай қияр анашым,
Өсіріп еді мәпелеп.

Ауада үшқан ақ сұңқар,
Канатымен жер сипар.
Өз үйінен кеткесін
Маңдайымнан кім сипар.

Базардан келген кеселер,
Шай самаурын еселер.
«Қызым-қызым» деуші
едін,
Қош, аман бол, шешелер!

Базардан келген үш
кілем,
Үшеудің бірі тұс кілем.
Тірі кетті демесен,
Өлгеннен мұның неси кем?

Есіктің алды қара ағаш,
Қабығын ал да малға шаш.
Жанымдай көрген жан
көкем,
Аптада бар да амандас.

Алтыннан бар-ды білсім,
Осылай ма еді тілегім.
Киямет-қайым болғанда,
Қосылар ма еді сүйегім.

Есіктің алды сауырдан,
Ат жүрмейді сабырдан.
Қыздан мұнлық жан
бар ма,
Тірі айрылған бауырдан?

Есіктің алды жас қайың,
Жапырағын баспайын.
Бұл үйден аттап шықкан
сон,
Еркелікті тастайын.

Базардан келген
белдемше,
Көруші едім өзгеше.
Қайын сінлім дсуші едін,
Қош, аман бол, жеңеш!

Базардан келген орамал,
Шай қорғасын оралар.
Құліп-ойнап жүрісken,
Қош, аман бол, агалар!

* * *

Есіктің алды тал ма екен,
Талдан да биік бар ма екен?
Үйде жүріп, түзде өскен,
Қыздан да сорлы бар ма
екен?

Әуседен үшқан бұлдырық,
Құбыладан сокты ызырық,
Әкемс қояр кінәм жок,
Жаратты құдай қыз қылып.

Әүені бұлт қоршайды,
Ойпаңға жылқы жусайды.
Тірі де кетті демендер,
Өлгөнге көңілім үксайды.

Басыма киген беркім-ай,
Беркім мснің көркім-ай.
Кесілген аяқ жимаган
Өз үйімдегі еркім-ай!

Жүруші едім айдай бол,
Қарынға салған майдай бол.
Енді кетіп барамын,
Борышқа берген малдай бол.

Әусед үшқан ақ сұңкар,
Қанатымен жер сипар.
Айналайын, әкем-ау,
Мандайымнан кім сипар?

Шымылдық құрдым оң
жакқа,
Шыбыным үшты сол жактан.
Әкем малға бергенше,
Алсын да құдай оң жактан.

Шапан да кидім танарап,
Өсірдің ана, панарап.
Берсеріңе келгенде,
Үстап бердің қамалап.

Таулардың сұы сарқыrap,
Тайлактың жұні бұрқыrap.
Ел-жүртим еске түскенде,
Сай-сүйегім сырқыrap.

Есіктің алды түйе еді,
Түйе де мойнын иеді.
Бауырлар еске тұскенде,
Ішім оттай күйеді.

Ақ кейлек кидім
бeldемше,
Ойнаушы едім өлгенше,
Қоп болып тұр, женеше!
Жыл айналып келгенше,

* * *

Калайы сандық кілтім-ай,
Жылама деген,
жұртыйм-ай!
Жыламай не қып тұрайын
Заманым өтті,
шіркін-ай!

Төрге бидай шашайын,
Төрге кілем басайын.
Айырма, халқым, айырма
Жылап мауқым басайын!

Базардан келген қос
саулық,
Басыма тартым ақ
жаулық.
Өзім кетіп барамын
Сендерге берсін денсаулық!

* * *

Экесіне айтқаны:
Кек көйлек кидім
текпелі,
Мен экеме өкпелі.
Өкпелі болмай қайтейін
Бір жыл маган көп пе
еді?

Есіктің алды жапырак,
Жапырак жатыр
жалтырап.
Әкем берем,— дегенде,
Жүргегім ұшты-ау
қалтырап.

Базардан келген матадай,
Бүктеп бір қойсан
жатады-ай,
Ішінен шықкан баласын,
Малға да қып сатады-ай.

Шагида шапан қынайды-ау,
Жат елге барсам
сынайды-ау,
Сынаса сынға толам ба?
Үйдегідей болам ба?

Әүеде үшқан сона-ды-ай,
Солқылдан жерге қонады-ай.
Жастай мені бердіңіз,
Заманым қандай
болады-ай..!

Шешесіне айтқаны:

Базардан келген тактайым,
Сындырмай қалай сактайын.
Айналайын, анам-ау,
Ақ сүтің қайтіп актайын?

Жылқы ішінде тебеген,
Базарда келген слеген.
Айналайын, анам-ау,
Сен қалайсың, демеген.

Женгесіне айтқаны:

Кек көйлек кидім
бүрмелеп,
Етек пен жеңін түймелеп.
Бермеймін деген, жеңім-ау,
Үйден де шықтың сүйрелеп.

Шапан піштім бой бойлап,
Жагасын тіктім ой ойлап.
Жыламай қайтіп шыдайын,
Неге айтасың қой-қойлап.

Үй-ішіне айтқаны:

Есіктің алды ошаған,
Жылқы ішінде қашаған.
Жыл айналып келгенше
Қош, аман бол, босагам.

Сіңілісіне айтқаны:

Басыма китен бөрігім.
Қалтама салған өрігім:
Жыл айналып келгенше
Қош, аман бол, серігім.

Бауырына айтқаны:
Әүеде торғай өріп жүр,
Балапаны еріп жүр.
Айнглайын, бауырым,
Сағындырмай келіп жүр.

Соңында айтқаны:
Базардан келген
бес кілем,
Дүриядан несі кем?
Тіріде отыр демессен,
Өлі қыздан несі кем?...

* * *

Шашыма таққан шаш
тенге,
Тетелес өскен жас женге,
Үзілген тенге тағылмас,
Сендей бір женге
табылмас.

Сарыала кейлек сан
түйме,
Санамай қалай жүрейін.
Кешегі құрбым жан
жолдас,
Сағынбай қалай жүрейін.

Айтса да менің тарағым,
Жылама дейсің, қарагым.
Мен жыламай қайтейін,
Жат елге кетіп барамын.

Қарадан камзол пішіндер.
Жібектен арқан есіндер.
Енді айналып келгенше
Қош-есен бол десіндер.

* * *

Ақша бір бетім қызылша,
Қара бір шашым ұзынша.
Айналайын туған жер,
Тұрсын еді бір жылша.
Мінген де атым сар бауыр
Сары ала камшы қолға ауыр.
Жыламайын десем де,
Қимайды скен қу бауыр!
Өмілдірік — құйыскан,
Тарамай шашым ұйыскан
Жыламайын десем де,
Қимайды екен туыскан.
Жылқы ішінде ала жүр,
Аласа құрық ала жүр.
Әке бір кәрі, бауыр жас,
Көзіннің қырын сала жүр.
Ата-анам еді дәулстім,
Мен жүрттыма жау ма едім.
Жат жүрттық болып кеткен

сон,

Кетер-ау бастан сәuletім.
Заманым' қыны болар-ау!
Кекірекке қайғы толар-ау.
Ел-жүрттам сенен айрылып,
Санамен жүзім солар-ау!
Ат жүрмейді құймеден,
Іс қалмайды инеден.
Әлпештеген апам-ау,
Не көрсеттің дүниеден.
Қой ішінде козы едім,
Жылқы ішінеде бозы едім,
Әке-шешем қолында,
Асыранды қызы едім.
Айналайын, ағайым,
Алтыннан түйме тағайын.
Жат елге кетіп барамын,
Қай мінезбен жағайын!
... Есіктің алды тал ма екен,
Талдан да биік бар ма скен.
Үйде туып, түзде өскен,
Қыздан да сорлы бар ма
екен!

Базардан келген қалауыш,
Қолыма алдым қаламуш.

Қызды да балам бар деме
 Азғана күнгө алдауыш.
 Бұрансыз көйлек
 кимедім,
 Бұралып үйде жүрмедім.
 Қалайша әйел еріксіз,
 Елден мен тендік
 көрмегедім!
 Мінген де атым қара сұр,
 Қантара байлап таң асыр,
 Жыламайын, апа,
 десем де,
 Артымда бір жоқ жан
 ашыр.
 Есіктің алды балдырган,
 Жолаушы атын
 шалдырган.
 Мұнан да қорлық ете ме,
 Күшпенен тартып
 алдырган.
 Қой да жайдым адырга,
 Қорек те еттім қабырга.
 Кез келтірді құдайым,
 Қөзі соқыр шадырга!
 Женіме салған женұшым,
 Жылама апа, мен үшін.
 Жылағанмен не пайда,
 Тұыппын ғой ел үшін.
 Құміс те пышақ қынымен,
 Тігулі киім сынымен.
 Еркелеткен апа-екем,
 Айрылам ба шынымен.

Ыстық үй салдым қарагай,
 Үлкен бір шәндар қаладай.
 Еркелеткен ел-жүртym,
 Айрылып қайда барам-ай?
 ...Күн жауады сырғактап,
 Үкі бір тақтым бұлғактап,
 Үкі бір тұрғай жүн қайда,
 Үйдегідей күн қайда.
 Тал-талдап орғен
 шашым-ай.
 Әуіре болды-ау, басым-ай!
 Айрылам қайтіп,
 апа-екем,
 Алмады алла жасымда-ай!
 Әуеден үшқан шағалан,
 Су іshedі жағалап.
 Жыламайын десем де,
 Бауырым жылар апалап.
 Есіктің үсті мандайша,
 Құрдан ескен тандайша.
 Өлгендे шыгар үйімнен,
 Жібермеші мандайшам!
 Тезек те тердім каппенен,
 Қойға да бардым атпенен.
 Қыз демейтін әкем-ау,
 Шыгарып салдың
 жатпенен.
 Әуеден үшқан боз торғай.
 Мойын да жүні бос болгай.
 Жат жүртқа кетіп
 барамын,
 Ел-жүртym енді қот болгай!

* * *

...Кара суға қаңқылдап қаз конады,
 Анасынан айрылып қыз барады.
 Қара суға қан құйсан агар-кетер,
 Жат кісіге қыз берсөң алар-кетер.
 ...Құдайым қызды неге жаратасын,
 Қайрып кара шашын баратасын.
 Біреудің әлпештеген жалғызы едім,
 Қолына алде кімнің қаратасың!
 ...Қош-сау бол, елім-жүртym, ата-анам,
 Айдын көл, туып ескен шалқар далам!

Мен кеттім жас жанымды құрбан етіп,
Таба алмай өз ортамнан ешбір панам.
Ақку, қаз қабіріме келе кетші!
Фаріптің не болғанын біле кетші!
Тәнімді карға-құзғын шоқымасын,
Сабалап қанатынмен көме кетші!!!

САРЫН

...Мен еснет айтайын,
Жыламай бикеш сөз
тында;
Ал, бикем, енді жылама,
Кезінің жасын бұлама!
Әуелде тусаң үл болып,
Сізді мұндаі қыла ма.
Бүркендіріп коя ма,
Қызығына тоя ма!
Ата-ана деп жыларсын,
Жыламай қайтып
шыдарсын.
Ұғайын десен еснет,
Сөзіме құлак саларсын.
Ұқсан қабыл аларсын.
Өкпе қылма экене,
Қойма кіна шешене.
Зорланып жылай бергенін,
Жарамайды бекерге.
Әлпештеп балам деген соң,
Өсіріп жасқа келген соң.
Неге өкпе қыласын,
Өз күрбына берген соң.
...Өсек айтып сумандап,
Жүрсөн сірә онбайсын.
Ұлық бол, қалкам,
кішіктей,
Рақат дәурен сүресін,
Зылиха мен Жүсіптеї.
Зылиха, Жүсіп қосылған,
Кім шығады тосыннан.
Қосылмай тұрып зар
болып,
Көзінің жасы жосылған.
Ойларсын, қалкам,
үйім деп

Асылдан киген бүйым деп.
Асау тайдай шолжандап
Еркелейтін күнім деп.
...Жаман болса еріңіз,
Ақыл айтып беріңіз.
Көңіл аулап көтеріп,
Өзімен бірге күлініз.

Кісіге сырынды алдырма,
Ныса бітпей шалдырма.
Паленше сондай дегізіп,
Жанның көңілін қалдырма.
Үстіңе беліп дән берер,
Еншіңе беліп мал берер.
Дүниене ие болмай,
Жаман болсаң ел көрер.
Ойларсын, бикем барсам деп,
Үй тұлғасы болсам деп.
Қабыл болсын ойыңыз,
Құтты болсын тойыңыз!
Бүгінгі жаксы күн еді,
Көп жылауды қойыңыз.
Жыламасын шешессі,
Жат елге берген экесі.
Енді үстіңе отырмай,
Балан болды кетесі.
Ағасы сіз де қайғырма,
Карындастың кетті деп,
Ақылыңнан айрылма.
Жыламасын жеңгесі,
Бірге есken тенденсі.
Қайынсілің жат жүрттүң,
Белгілі болды кетесі.
Жыламасын інісі,
Қолка — жүрек тынысы.
Әуелде қыз боп туған соң,

Тағдырдың бүйткен бір ісі.
...Айтып болым сарынды,
Бірінді қоймай бәрінді.
Сарын бізден шыққан жок,
Бұрынның тәлімі.
Осы үйдегі жарандар,
Жұрсміз енді көп

тұрмай,
Елпек бол, қалкам сез
бүрмай,
Осы үйдегі, женгелер,
Орамал әкел аңырмай.
Сарын болды тәмәмат,
Жанымыздан аманат.
Дұға оқып қол жайсын,
Үйде отырган жамағат!

ЖҰБАТУ

Жылама, бикем, жылама!
Көзінің жасын бұлама!
Ұл бол тусаң әуелден,
Сені мұндай қыла ма?
Бұркендіріп коя ма?
Көзді жаспен бояма.
Біз бермейік десек те,
Мал бергенің қоя ма!
Жылайсың неге «үйім»

деп,
«Жиғаным қызыл бұйым»
деп?

Әксісенің ойлайды:
«Отырган балама қыны»
деп,

Сен ойлайсың «барсам»
деп.

«Үйге тұлға болсам» деп,
«Өз алдымға мал салып,
Адамшылық құрсам» деп,
«Ақша отауға кірсем» деп,
«Барша, манат кисем»

деп,

Тілеуің, бикем, алдыңда,
«Әлділел, бала сүйсем»

деп.

Осылай шығар ойыңыз...

Сәрсенбі сәтті тойыңыз...
Тілеулі құтты тойында
Көп жылауды қойыңыз!
Жыламай құлак салыңыз,
Бұл сезімे наңыңыз
Мен айтайын өсінет,
Тыңдалап, үгіп алыңыз!
Мұнан көшіп кетерсін,
Шын еліңе жетерсін.
Тен құрбың шықса алдыңнан,
Ойын-құлқі етерсін.
Құрбың келсе құлгейсін,
Әдеппенен жүргейсін
Салмақпенен сез сөйлемеп,
Жақсы жауап бергейсін.
Бұл барғаннан баарсың,
Ата-сненеңбаарарсың.
Дүниесін құрметтеп
Қабагына қаарсың.
Шашылғаның жигайсың.
Күлдай малын баққайсың.
Күндей жұмыс қылгайсың.
Ата-сненежаққайсың.
Күйеуінді құткейсін,
Өз басын құрмет еткейсін.
Қанша көңілің қалса да,
Бір-бірінді тұтпейсін.
Жыртық қылма кімін,
Шашпа жиган бүйымын.
Күйеуін келсе бір жақтан,
Оңай қып тұр қыныны.
Шаригаттың белгісін
Білсек жақсы үлгісін.
Сөзге сынық қылдырмай,
Күтсек жақсы құрбысын.
Аз асынды көп етсек,
Бар асынды жария қып.
Конағын сыйладап жөнелтсек
Мұнша қызмет қылды деп,
Алғаным тапты жолды деп,
Күйеуің көңілі жай болар.
Малым адад болды деп,
Күн жұмсасаң, қорлама!
Тіл алмаса, зорлама!

Тәтті, дәмді асынды,
Онан бөлек үрлама!
Құл жұмсасаң үрманыз,
Оған қорлық қылманыз.
Жетім қақын ойланыз,
Бұл сөзімді тыңданыз.
Өзің сараң болманыз,
Сараңдық ат алманыз.
Қонақ қонса үйіңе,
Табагына шек-қарын
салманыз.

Жаман қатын белгісі —
Әр нeden жок үлгісі.
Сасық болады іісі.
Лас Յолар киім киісі.
Айғак болар құмғаны,
Қылыш малып жұғаны.
Үсті-басы бок болып,
Қас құдайдың ұрғаны.
Ол адамнан үялмас,
Дүниелігін жия алмас.
Өзінің малын танымас,
Дәнегемеге жарымас...
Мінгенде атың боз ғана,
Күйеуің жап-жас бозбала.
Пайғамбар қызын

үзатқан,

Соның бір салған жол ғана.
Кесте бір тіктің ғул пара,

Айттырып жар-жар,
Сыңсайма!
Әкенің тәуір баласы
Обалың қырық бір жылқыға.
Мінген де атың жиренше,
Тықыршып тұрмас

мінгенше.

Сен ақылың кіргенше,
Ақ тайлак шығар інгенше,
Сірә да мауқың басылmas,
Әлдилеп бала сүйгенше!
Мінген де атың боз ғана,
Күйеуің жап-жас бозбала,
Тана бір моншак таққалы,
Тұнғышың болсын қыз ғана.
Еділден үшқан екі қаз
Жайықтан үшқан, жаңғыз

қаз.

Бірі—шаңқан, бірі—боз
Сандығың толған сары бөз.
Мінген де атың ала-ды,
Тен құрбың мұнда қалады
Жыламай аттан, бикешім,
Жаз бір, күз бір барады.
Мінген де атың тенбіл кек,
Тен құрбың қалды мұнда

көп.

Орамал берсөң — барша бер,
Мақтайды сені мина көп!

АУШАДИЯР

Үйлену кезінде жырланатын дәстүрлі жоралғы өлеңнің бірі — аушадияр. Аушадияр мазмұны жағынан болсын, түрі жағынан болсын басқа салт өлеңдеріне — жар-жарғада, сыңсуга да, тойбастарға да үқсамайды. Ол түрі жағынан балалар фольклорындағы санамақта келіңкірейді, мазмұны жағынан қара өлеңмен үйдеседі.

Айтылмыш жыр үлгісі ұзақ уақыт елеусіз күйде келген болатын. Ауыз әдебиеті туралы бұрын-соңды қалам тартқан зерттеушілер назарына аушадияр ілікпеген. Жырдың хатқа түскен нұсқалары да жүртшылықта беймәлім болып келді. Осылайша халық жадынан шишең, жоғалуға айналған әдемі жоралымызды іздестіріп, сұрау

сағаан — жазушы Уахан Қыдырханов. Оның 1989 жылдың қаңтарында «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған ой түрткі мақаласынан соң мерзімді баспасөз беттерінде көне құлақтар аузынан жазылып алғынған бірнеше жыр углісі жарық көрді. Бір қызығы бұл аушадияр үгілдерін жіберушілер шетелдерде тұрып жатқан қазақ азаматтары.

У. Қыдырханов жинаған деректерге қарағанда аушадияр екі кездे орындалады екен; біріншісі — той үстінде, жоралылардың бәрі аяқталып, жұрт құлагы босағысқан сәтте болса, екіншісі — қыз аттанар мезгілде.

Жырга негізінен өмірдің мәні, тірліктиң сәні хақында ой толғамдары, өнегелі өситеттер, моральдық-этикалық-дидактикалық тұжырымдар арқау болады.

* * *

Аушадияр — бір болар,
Жаманның көзілі кір
болар.

Ата-анасын сыйлаған.
Ақ шалмалы би болар.

Аушадияр — екі дер,
Ержеткеннің сркі дер.
Омырауы толған он түйме,
Қыз баланың көркі дер.

Аушадияр — үш болар,
Атан түйе күш болар.
Екі жаман косылса,
Өле-әлгенше еш болар.

Аушадияр — төрт болар,
Қыздың койны өрт болар.
Екі жақсы косылса,
Өле-әлгенше серт болар.

Аушадияр — бес болар,
Жақсы жарың ес болар.
Жаман жарға кез болсан,
Қайғыменен кеш болар.

Аушадияр — бес болар,
Ерге садақ ес болар.
Ер қолынан бақ тайса,
Өкінгені кеш болар.

Аушадияр — алты дер.
Бұрынғының салты дер.

Ағайынмен еш болсан,
Берекесіз халқы дер.

Аушадияр — жеті дер,
Ер тілеуін ел тілер.
Ел ішінде ерлөрдің,
Үәделі серті дср.

Аушадияр — сегіз де,
Су аяғы теңіз де.
Екі жақсы қосылса,
Өле-әлгенше егіз де.

Аушадияр — тоғыз де,
Күй төркіні қобызда.
Жаудан кашқан ез жігіт,
Жорғалаған қоңыз да.

Аушадияр — он болар,
Қой терісі тон болар.
Қептің қамын ойласан,
Қылған ісің оң болар.

Аушадияр — он бір-ді,
Өлгенде орның үнгір-ді.
Қияметте қыл көпір —
Оны барып кім көрді.

Аушадияр — он екі,
Тірі жанда тон екі.
Жанып тұргаң шырагың,
Бір күн барып сөнеді.

Аушадияр — он үш-ті,
Бұл жалғанда не күшті?
Басын кесіп алса да,
Жак үстінде тіл күшті.

Аушадияр — он төрт-ті,
Бұл жалғанда че текті?
Басына күн туза да,
Сертте тұрған қыз текті.

Аушадияр — он бес те,
Кергіш толған шым кесте.
Сұлулықтан не пайда,
Ақша жүзден нұр кетсе?!

Аушадияр — он алты,
Бұрынғының сөз салты,
Ер кезегі үш деген,
Ерегестің бір шарты.

Аушадияр — он жеті,
Хордың қызы келбетті.
Хордың қызының көргем
жок,
Осылай дейді суреті.

Аушадияр — он сегіз,
Өріс пенен су егіз.
Алты ай жайлап келгенде,
Жылқы менен қой семіз.

Аушадияр — он тоғыз,
Қыз жасауы тон тоғыз.
Дүниеге көз тоя ма,
Нысаппенен өлшеңіз.

Аушадияр — жиырма,
Меке жатыр қырыда.
Жылқы менен қой жейсін,
Қас әулие сиыр да.

Аушадияр — жиырма бір,
Тұмақ та бір өлмек бір.
Құдай басқа салғанға,
Амалың жоқ, көнбек бір.

Аушадияр — жиырма екі,
Су мен орман жер көркі.

Ерлік пенен ізгілік,
Ақыл болар ер көркі.

Аушадияр -- жиырма үш,
Ақыл-қайрат бойга күш.
Жасы үлкенге кез болсан.
Сәлем беріп аттан тұс.

Аушадияр — жиырма
төрт,
Жастық шағың жанған өрт.
Байсалды бол қағылез,
Албырттық деген ол бір дерт.

Аушадияр — жиырма бес,
Ақыл кіріп жиган ес.
Өнер іздер кезің сол,
Білім үйрсн, қалма кеш.

* * *

Аушадияр — бір дейді,
Ашса кілем кірлейді.
Ата-анасын сыйлаған,
Ақ шалмалы пір дейді.

Аушадияр — екі-ді,
Корасан қалмақ қекілді.
Жаста қылған тәубеніз,
Тас жазудай бекиді.

Аушадияр — үш дейді,
Кеңнен сарай піш дейді.
Сөз айтсан да наданға,
Салған жөнге түспейді.

Аушадияр — төрт дейді,
Алла бір деу серт дейді.
Өтірік айтсан, алдыңнан,
Шыгады тамүк-өрт дейді.

Аушадияр — бес дейді,
Бестен ойын ес дейді.
Ер жігіттен бақ тайса,
Мал жинауы кеш дейді.

Аушадияр — алты-ды
Жақсылық жасау артығы.

Мейірім болса жүректе,
Бейісте нұрың шалқыды,

Аушадияр — жетініз,
Жетімді жетім деменіз,
Жетімнің ақын жеменіз,
Жетімнің ақын жесеніз,
Көтеріп көрге салғанда
Тек жатармын деменіз.

Аушадияр — сегіз-ді,
Су аяғы теңіз-ді.

Ата-анадан аяма,
Жақсылыкты сің ізгі.

Аушадияр — тоғызды,
Ата-анасын баклаған,
Арам сүт емтөн доңызды.

Аушадияр — он дейді,
Қыздар киер тон дейді,
Құп жарасып қосылу,
Пайғамбар салған жол
дейді.

Аушадияр — он бір-ді,
Ақ қағазға тәндірді.
Ибраһим баласын,
Құрбандыққа қендірді.

* * *

Аушадияр хан екен,
Халқына сыйлы жан екен.
Ау, бисмилла, бір десем,
Жаратқан жалғыз қак
екен.

Қисапсыз тірлік болмаган,
Бұл да бір үлкен мән екен.
Ғалам саны жаһанда,
Он сегіз мыңға дәл екен.

Екі десең мысалға —
Егіз туған бала екен.
Құдай қосып қосылған
Ерлі-зайып жан екен.
Адамдарды тұшынтықан
Куаныш атты бал екен.

Адамдарды улантқан —
Уыныз — қайғы-зар екен.

Аушадияр түк емес
Жүзге шекім сан екен.
Қаласаңыз, хан ием,
Құлағынды, сала гөр,
Саусақ бүгіп, ой салып,
Керегінді ала бер.
Жеткізіп жүзге жырласам,
Бір жасал мына қалады ел.

* * *

Аушадияр — бір екен,
Таусылмайтын жыр екен.
Хан отырған ордасы
Жасауы жайнап түр екен.
Дүниес тұрмас қалпында,
Алдамыш җалған сүм екен.
Байлық деген әншайін
Колға жүққан кір екен.

* * *

Аушадияр — бір болар,
Айтсаң асыл сыр болар,
Үй иесі — қызы болар,
Төр иесі — ұл болар.
Желекті жас келіндер —
Ауылға жаңа түр болар.
Қас жаксы көңілі нұр болар,
Қас жаман көңілі кір болар.
Ата-анасын сыйламас,
Батадан макұрым құр болар.

* * *

Аушадияр — бір дейді,
Бұрыннан қалған жыр дейді.
Арық мал ауқат болмаган,
Семізін сатсаң пүл дейді.
Мамыр туса мал өсіп,
Жердің беті гүлдейді.
Жеті қара көр көніл,
Жақсылыкты білмейді.
Барды жок деп жалтарса,
Көніл содан кірлейді.

Оңбайтын туыс белгісі —
 Бірін-бірі күндейді.
 Көргенсіз келін белгісі —
 Енесін «қақлас», «құң»
 дәйді.
 Ибалы қыздың белгісі —
 Беталды сөйлеп
 күлмейді.
 Көргенсіз жастың
 белгісі —
 Үлкенді қезге ілмейді.
 Адасатын ақымақ
 Ақылаға айтқан кірмейді.
 Адам болар қыз-жігіт
 Қисық жолға жүрмейді.

* * *

Аушадияр үш екен,
 Атан көшке күш екен.
 Екі жақын танысса,
 Ақыреттік дос екен,
 Екі жаман танысса,
 Бір күннен соң өш екен.
 Зымырап өткен дәуренің
 Бір күнгі көрген тұс
 екен.
 Мезгілің өтпей
 тұрмайды,
 Құз артынаң қыс екен.

* * *

Аушадияр — бір болар,
 Малын бакқан бай болар.
 Ақсакалдан бата алған,
 Ақ самайлы би болар.

Аушадияр — екі,
 Қыздың сұлу беті.
 Әсем көйлек, он түйме —
 Қыздың сұлу көркі.

Аушадияр — үш болар,
 Ұшып жүрген құс болар.
 Екі жаман қосылса,
 Өле-өлгенше өш
 болар.

Аушадияр — төрт болар,
 Қыздың қойны өрт болар.
 Қызды ауылға барам деп,
 Кол-аяғын март болар.

Аушадияр — бес болар,
 Ерге садақ ес болар.
 Екі жақсы қоғылса,
 Өле-өлгенше дос болар.

Аушадияр — алты,
 Найза қолдың карты.
 Осындауда ойнап-күлген
 Бұрынғының салты.

Аушадияр — жеті,
 Қыздың сұлу беті,
 Қызыл беттен бір сую —
 Жас жіттің дерти.

Аушадияр — сегіз,
 Су аяғы — теңіз.
 Кек сұлымен жемдеген
 Біздің құла ат семіз.

Аушадияр — тоғыз,
 Жорғалаган коңыз.
 Ата-анасын сыйламаган,
 Ақыретте доңыз.

Аушадияр — он болар,
 Кара мата тон болар.
 Ана-анасын сыйлаган
 Бұл өмірде оң болар.

ЖАР-ЖАР

Ұрын той, ұзату тоюы аяқталып, қүйме сән-салтана-
 тымен жөнелтілер сәтте үй сыртынан өз жүртүмен

қоштасқан қыздың елжірекен жүргегін, қайевылы қөңілін басқысы келген, салт атқа мінген өнерлі жігіттердің бірі жұбаныш жырын қозгайды. Оған басқа жігіттер қосылады. М. Әуезов айтқандай: «... жүзге ауыр тимейтін «жар» деген сөзben, әнмен жаңа өмірге келгендейгін естіртеді. Соны құлағына сіңдіру үшін, соган қондіру үшін қайта-қайта «жар» атын атайды». * Алайда, қалыңдық еркелі еркіндігін тибырып, біреумен қосақтапан бейналім тағдырына үркес, үрейлене қарап, жұбаныш сөзге тоқтай қоймайды. Үй ішіндең қызы-келіншектердің көтермеллеуімен бүкіл қөңілінің алі де өз жұртында екендігін айтып, сазды, саевнышты үн созады. «Жар» деген сөздің өзін ауызға алеысы келмей, біресе «сылқым-ау», біресе «жұртым-ау» деп қайырмалап отырады. Бірақ ұрын келіп, қалыңдық ойнаган күйеу жігіт жағы ақырында басым түседі де, тағдырына бас иген қыз «Жар-жардың» соңында:

•Базардан келген кеселер,
Шай сұындағы еселер.
· Енді айналып келгенше,
Хош есен бол, шешелер», —

дей келіп:

•Каладан келген ақ мата,
Бұлғақтап естім оң жакта.
Айналайын әкеке-ау,
Колынды жай, бер бата», —

деп, әке-шешесінің ризашылығымен анасын немесе ең жақын жеңгелерінің бірін ертіп, жасаулы құймесімен жаңа өмірге сапарға аттанады.

«Жар-жар»кейде «Аужар», «Бике-ау», «Үкі-ау» деп те айтылады.

Б. Уахатов келтіргендегі ** «Үкі-ау» сөзі қазақтың қызы баланы жақсы көргендіктен «үкім», «үкіді болып өсіп қалған екен» деп еркелететінін шыққан сияқты. Дәлірек айтқанда, үкінің балақ жұнін қазақтар қасиеттеп балага, қыздардың тақиясына, бөркіне, салдардың күіміне қадаған. Ал қызы үзатылғанда үкілі тақия орнына сәукеле киген. Қалай болғанда да «Жар-жардың» терең мәні оның қалай аталағында емес, ішкі халықтық мазмұнында, үрпақтан үрпаққа жалғасып, олардың рухани, көңіл-күй сұранысынан айнымай келе жатқандығында.

* М. Әуезов. «Әдебиет тарихы», 1991, 51-бет.

** Б. Уахатов. «Қазақтың халық өлеңдері», 1974, 194-бет.

* * *

Ж і г і т т е р :

Бір толарсак, бір тобық санда болар, жар-жар!
Сыбдыр-сыбдыр жапырақ талда болар, жар-жар!
Әкем-ай, — деп жылама, байғұс қыздар, жар-жар!
Әке орнына қайын атаң онда болар, жар-жар!

Қ ы з д а р :

— Жазғытұры акша қар жаумак қайда, жар-жар!
Құлын-тайдай айқаскан оң жақ қайда, жар-жар!
Канша жақсы болса да қайын атам, жар-жар!
Айналайын әкемдей болмақ қайда, жар-жар!

Ж і г і т т е р :

— Бір толарсак, бір тобық санда болар, жар-жар!
Сыбдыр-сыбдыр жапырақ талда болар, жар-жар!
Шешем-ай, — деп жылама, байғұс қыздар, жар-жар!
Шеше орнына қайын енең онда болар, жар-жар!

Қ ы з д а р :

— Жазғытұры акша қар жаумак қайда, жар-жар!
Құлын-тайдай айқаскан оң жақ қайда, жар-жар!
Канша жақын болса да қайын енеміз, жар-жар!
Айналайын шешемдей болмақ қайда, жар-жар!

Ж і г і т т е р :

— Бір толарсак, бір тобық санда болар, жар-жар!
Сыбдыр-сыбдыр жапырақ талда болар, жар-жар!
Ағам-ай, — деп жылама, байғұс қыздар, жар-жар!
Ага орнына қайын ағаң онда болар, жар-жар!

Қ ы з д а р :

— Жазғытұры акша қар жаумак қайда, жар-жар!
Құлын-тайдай айқаскан оң жақ қайда, жар-жар!
Канша жақсы болса да, қайын ағамыз, жар-жар!
Айналайын ағамдай болмақ қайда, жар-жар!

Ж і г і т т е р :

— Бір толарсак, бір тобық санда болар, жар-жар!
Жарға сокқан жаңғырық тауда болар, жар-жар!
Женгем-ай, — деп жылама, байғұс қыздар, жар-жар!
Женге орнына абысын онда болар, жар-жар!

Қ ы з д а р :

— Жазғытұры акша қар жаумак қайда, жар-жар!
Құлын-тайдай айқаскан оң жақ қайда, жар-жар!

**Қанша жақсы болса да абысыным, жар-жар!
Айналайын женгемдей болмақ қайда, жар-жар!**

Ж і г і т т е р :

— Бір толарсақ, бір тобық санда болар, жар-жар!
Жарға соккан жаңғырық тауда болар, жар-жар!
Інім-ай, — деп жылама, байғұс қыздар, жар-жар!
Іні орнына қайын інің онда болар, жар-жар!

Қ ы з д а р :

— Жазғытүры ақша қар жаумақ қайда, жар-жар!
Құлын-тайдай айқасқан оң жақ қайда, жар-жар!
Қанша жақсы болса да, қайын ініміз, жар-жар!
Айналайын інімдей болмақ қайда, жар-жар!

Ж і г і т т е р :

— Бір толарсақ, бір тобық санда болар, жар-жар!
Жарға соккан жаңғырық тауда болар, жар-жар!
Сіңлім-ай, — деп жылама, байғұс қыздар, жар-жар!
Сіңлі орнына қайын сіңлің онда болар, жар-жар!

Қ ы з д а р :

— Жазғытүры ақша қар жаумақ қайда, жар-жар!
Құлын-тайдай тесбікден оң жақ қайда, жар-жар!
Қанша жақсы болса да, қайын сіңлім, жар-жар!
Айналайын өз сіңлімдей болмақ қайда, жар-жар!

* * *

Ж і г і т т е р :

Ақ қоян қашар жоталап, жар-жар-ау!
Ақ, тайлақ, өсер боталап, жар-жар-ау!
Мүнша неге жылайың, жар-жар-ау!
Артықнан інің баар апалап, жар-жар-ау!

Қ ы з д а р :

Текеметтің шет бауын
Оя тұрсын, жар-жар-ау!
Той басына ту бие
Соя тұрсын, жар-жар-ау!
Мен шешеме айтайын
«Әкеме айт», — деп, жар-жар-ау!
Мені десе, биылша
Коя тұрсын, жар-жар-ау!

Ж і г і т т е р :

Қызыл қыршын, замандас,
Қызыл қыршын, жар-жар-ау!

Қызыл қыршын ішінен
Қырги үшсін, жар-жар-ay!
«Әкем бар» — деп, арқага
Медеу қылма, жар-жар-ay!
Алып кетер мал берген
Сен бір құссың, жар-жар-ay!

Қ ы з д а р :

Тұндігімнің төрт бауы —
Бас бауым-ды, жар-жар-ay!
Алты жеңгем сұрайды
Шашбауымды жар-жар-ay!
Алты жеңгем сұраса,
Аласың да, жар-жар-ay!
Айналайын, жан әкем,
Қаласын да, жар-жар-ay!

Ж і г і т т е р :

Мінген атың кара-ды, жар-жар-ay!
Жал құйрығын тарады, жар-жар-ay!
Мұнша өксіп жылама, жар-жар-ay!
Шешең ертіп барады, жар-жар-ay!

Қ ы з д а р :

Тұндігімнің төрт бауы
Мақта, шеше, жар-жар-ay!
Қызың кетіп барады,
Жатқа, шеше, жар-жар-ay!
Он екі айда айналыш
Бір көлөрмін, жар-жар-ay!
Сары інгеннің ботасын
Сакта, шеше, жар-жар-ay!
Шалшық па екен, су ма екен,
Сарқыраған, жар-жар-ay!
Ақ сүт беріш шеше-екем
Асыраған, жар-жар-ay!
Ақ сүт берген шешеме
Не көрсеттім, жар-жар-ay!
Жат кісінің баласын
Жолдас еттім, жар-жар-ay!

Ж і г і т т е р :

Есіктің алды қия еді, жар-жар-ay!
Қияга біткен мия еді, жар-жар-ay!
Әкең берген қамка тон, жар-жар-ay!
Етіңде қайтып сияды, жар-жар-ay!

Қ ы з д а р :

Токпақ жалды торы айғыр
Етті ме, әке, жар-жар-ау!
Төркіндегі үйімнен
Кеттім, әке, жар-жар-ау!
Қыз да болсам сізге мен
Перзент едім, жар-жар-ау!
Жалғыз басым сыймастай
Неттім, әке, жар-жар-ау!

Ж і г і т т е р :

Бір толарсақ, бір тобық,
Санда болар, жар-жар-ау!
Қырық кісінің ақылы,
Ханда болар, жар-жар-ау!

— Экем-ай, — деп жылама,
Байғұс қыздар, жар-жар-ау!
Әкен үшін қайын атаң,
Онда болар, жар-жар-ау!

Қ ы з д а р :

Жазды күні ақша қар,
Жаумак қайда, жар-жар-ау!
Құлын тайдай айқасқан
Оң жақ қайда, жар-жар-ау!
Азар жақсы болса да
Қайын атам, жар-жар-ау!
Айналайын әкемдей
Болмақ қайда, жар-жар-ау!

Ж і г і т т е р :

Шымылдығың серпес сал,
Көрсін әкен, жар-жар-ау!
Көзіңің жасын көл қылыш
Токсін әкен, жар-жар-ау!
«Жылда-жылда ногайдан
Бұл алушы см», жар-жар-ау!
«Бір міндеттесң күтылдым»
Десін әкен жар-жар-ау!
Шымылдығың серпес сал,
Көрсін шешен, жар-жар-ау!
Козіңің жасын көл қылыш
Тексін шешен, жар-жар-ау!

«Жылда жылда бок жама
Бояушы едім», — жар-жар-ау!
«Бір міндеттен құтылдым»,
Десін шешен, жар-жар-ау!

* * *

Қ ы з д а р :

Тұңілігімнің төрт бауы — бас бауымды ай-ау!
Алты жеңгем сұрайды шаш бауымды ай-ау!
Алты жеңгем сұрасаң аласың да ай-ау,
Айналайын жан әкем, қаласың да ай-ау!
Ей, сылқым-ау, қош-есен бол, жұртым-ау!

Ж і г і т т е р :

Бір-ак шаршы орамал,
Басында түр, жар-жар!
Жарыса өскен катарын,
Қасында түр, жар-жар!
Оң жакта жүрген дәуренің,
Біткен күні, жар-жар!
Шытың кеткен басынан,
Жасында түр, жар-жар!
Құрбынменен ойнаған,
Ақырғы түнің, жар-жар!
Бір сәт қалмай таң атса,
Табарсың жөнінді, жар-жар!
Енесінен айрылған,
Балапандай, жар-жар!
Артта қалар күніреніп,
Туган жерің, жар-жар!
Қатарынмен қосылып,
Қарындасты, жар-жар!
Талай қызық заманды,
Куган жерің, жар-жар!
Артында қалар жыласып,
Туган елің, жар-жар!
Қынай белің жібекпен,
Буган елің, жар-жар!
Ішімізден кесті дес,
Бір асыл зат, жар-жар!
Көзден жасын тогеді,
Саган елің, жар-жар!
Артта қалып енірер,
Туган атаң, жар-жар!

Көзің жасын көрген соң,
Озар қапаң, жар-жар!
Келін болып түскен соң,
Бөтен елге, жар-жар!
Ботасынан айрылып,
Боздайды анаң, жар-жар!
Ағаң мснен артында
Інің қалды жар-жар!
Оң жақтағы ойнаған,
Күнің қалды жар-жар!

Қ ы з д а р :

Жарыса өскен қатарын,
Осында тұр, жар-жар!
Жолаушының тілегі,
Қасында тұр жар-жар!
Әйелдің көрген дәурені,
Әлеуметім, жар-жар!
Алған әдал жарыңың
Тұсында тұр, жар-жар!
Оң жакта қыз жүгендіз,
Аттай болар, жар-жар!
Жерде жатқан тот басып,
Заттай болар, жар-жар!
Әйел жаны жігітте,
Деп айтылған, жар-жар!
Бұрынғының нақылы,
Хаттай болар, жар-жар!
Жерін үшін жылама,
Кетпейсің тауга, жар-жар!
Елің үшін жылама,
Кетпейсің жауга, жар-жар!
Халалыңа қосылып,
Бір тілектес, жар-жар!
Болған соң сонда басыңа,
Туар сәуле, жар-жар!
Қалды атам деп жылама,
Қайын атан бар, жар-жар!
Қалды анам деп жылама,
Қайын анан бар, жар-жар!
Қалды інім деп жылама

Қайын інің бар, жар-жар!
Қалды ағам деп жылама,

Қайнағаң бар, жар-жар!
Жұртын үшін жылама,
Шын жұртын сонда, жар-жар!
Халалыңа қосылып,
Тілекте болсан, жар-жар!
Көп береке қызықты
Кересің, жар-жар!
Ақ отауың тіккен жер,
Айран болсын, жар-жар!
Ақ жүзімді көргендей,
Айнам болсын, ай-ау!
Kici анасы kicire,
Ана дейді, ай-ау!
Айналайын апамдай,
Қайдан болсын, ай-ау!
Жыламаган апамды,
Жыллатайын, ай-ау!
Неден қоңлі қалды скси,
Сұратайын ай-ау!

Ж і г і т т е р :

Буынганым беліме кісен бе еді, ау-жар-ау!
Бекем бусам белімнен түсер ме еді, ау-жар-ау!
Әкең барып шешендей ап келмесе, ау-жар-ау!
Мұндай азап басыңа түсер ме еді, ау-жар-ау!

Қ ы з д а р :

Әкс менен шешенің мейірі қатты,
Өз баласын қызығып, малға сатты.
Өмірің қысқа, жалған жар, туган елім, аман бол!
Байлап беріп жат елге танымаган,
Жетім балаға ұсатып жаутандатты,
Өмірің қысқа, жалған жар, туган елім, аман бол!

Бұл дуниеде бар ма екен қыздан байғұс,
Ала бөтөн өзгеден тиген карғыс!.
Өмірің қысқа, жалған жар, туган елім, аман бол!
Бұралқы иттей, әркімге ілеседі,
Жиырма қыз бергенше ұл бер жалғыз!
Өмірің қысқа, жалған жар, туган елім, аман бол!

* * *

Сарынның басы сары даала, үкі-ау
Сауыққа шыгар бозбала, үкі-ау,

Үйде де туып, түзде өскен, үкі-ау,
Күні де күрьысын қызбала, үкі-ау.

Бір ағаң аты Бақтыбай, үкі-ау,
Өтті ғой жалған тоқтамай, үкі-ау.
Қыздың да күні құрьысын, үкі-ау,
Борышқа берген жылқыдай, үкі-ау.

Орыстар ұстар қашаған, үкі-ау,
Үйретер байдың асауын, үкі-ау.
Дүниелік көзге көрінбес, үкі-ау,
Тоқсан бір берсөң жасауын, үкі-ау.

Қ ы з д а р

Ақ отауым тіккен жер ойран болсын,
Ақ жүзімді көрерге айнам болсын.
Кіңі әкесі кісігө әке дейді,
Айналайын әкемдей қайдан болсын.

Ай-ей, сәулем-ай,
Қош есен бол, ауылым, ай-ей.

Ақ ат мініп боз атқа жеттім, әкс,
Кеп көргенің мен болсам кеттім, әке.
Тогыз қабат торқа екен сіздің үйін,
Торғай басым сыймастан неттім әке.

Ж і г і т т е р

Мінгенде атың бозғана, бике-ау,
Қүйеуің сенің бозбала, бике-ау.
Өксігің сенің басылмас, бике-ау,
Әлдилеп бала сүйгенше, бике-ау.

Сарынның басы бисмиллә, бике-ау,
Бисмиллә келер мың жылда, бике-ау.
Аз өсист айтайын, бике-ау,
Құлагың салып сез тында, бике-ау.

Қамшының сабы бояма, бике-ау,
Жалғанда пенде тоя ма, бике-ау.
Бермеймін әкен десе де, бике-ау,
Мал берген жерің қоя ма, бике-ау.

Бисмиллә, сарын айтайын, бике-ау,
Айтайын да қайтайын, бике-ау.
Аузыма сарын түспесе, бике-ау,
Қамығып саган не айтайын, бике-ау.

Ақша отау тіктім тас жерге, бике-ау,
Би болып келер даугерлер, бике-ау.

Орамал-шаршың жок болса, бике-ау,
Алдында бар гой қой дейді, бике-ау.

Қ ы з д а р :

Кеттің-кеттің десуші едін,
Кеттім апа, ай-ау!
Ертеп қойған атыңа,
Жеттім апа, ай-ау!
Шымылдығым жеслес сал,
Керсін апам, ай-ау!
Көзінің жасын қойнына,
Тексін апам, ай-ау!
Екі елтірі ішікке,
Жен болар ма, ай-ау!
Алпыс пенен он жеті,
Тен болар ма, ай-ау!
Ей, сылқым-ай,
Қош-ссен бол, жұртым-ай!

Ж і г і т т е р :

Мінгенде атым жириенше-ай, үкі-ау!
Тықыршып тұрар мінгенше, үкі-ау!
Қыз көнілі басылмас, үкі-ау!
Әлдилеп бала сүйгенше-ай, үкі-ау!
Мінген де атым қара атта-ай, үкі-ау!
Киген де тоғың манатта-ай, үкі-ау!
Жылама, бикеш, жылама, үкі-ау!
Бұрыңғы салған санатта-ай, үкі-ау!

Қ ы з д а р :

Ей, сылқым-ай,
Қош-есен бол, жұртым-ай!

ТОЙ БАСТАР

(

Тойдың аты той. Құш сайысы да, соz сайысы да осында. Өнерлінің бақыты озып, өнерсіздің шабыты қозып, әйтегеір қай-қайсысының да бей-жай қала алмайтыны осындаі сәттерде. Оның үстіне ол-қызы ұзатып, келін түсірген, жаңа бір отаудың шашырагы көтерілген той болған соң, сөз бар ма? Мұндайда тойдың қызықты өтуі оның қалай басталғанына да байланысты болғандықтан жүктің ауыры тойды бастаушыға түседі. Тіпті шырқатып салар әншілік те жұрттың құмарын қандыра қоймайды.

*Мұның үстіне тапқырлық та, шешендік те, ақындың
та қажет, той қай той, кімнің тойы?*

*Той иесінің ел арасындағы беделі, орны қандай? Тойдағы
сайыстардың тұрлери қаншалықты, қай жерде, қай кездे
өтеді? Сондай-ақ қызы үзатылар той болса, қалыңдықтың
қаяулы қөңілін майдалай желтіп, ебімен сергітерліктей
сөз орайын тауып, ал келін түсіретін той болса шалқыған
сезімнің тиегін ағытып, желдірте жырлай, шырқай біту
керек. Осылайша екі жақтың да қөкейінен шығып, әрі той
барысын әдемі суреттеп берген той бастаушының аты
алты алаша жайылады, сый-сияптақ да кенеледі.*

*Кейде, басқаша жағдайлар да кездеседі. Той басқарушы
вз руын, вз айналасын қөбірек марапаттан кетеді де,
бұган разы болмаган басқа рудың «мықтылары» сөз тала-
стырып, білек білеп шығады. Оның аяғы дау-жанжалға да
ұласып кетуі мүмкін. Мұндайда, қебіне беделді, белді ру
жағындағылар басым түсіп, той бастау жолын солар иемде-
неді. Ұлы жүздегі бір үйлену тойын сүгреттеген Н.И.
Гродеков қызы үзатып, келін түсіру салтанағтарында
өлеңді алдымен айтып, тойды алдымен бастайтын рудың
жалаіырлар, олар жоқта ошақтылар екендігін жазады. **

*Іә, қалай болғанымен де, той бастаушының өнеріне
халқымыз айрықша ықыласпен—үмітпен де, құдікпен де
қараган.*

* * *

• Біз келдік той бастауга домбыра алып,
Кетуші ек, айгай салсак, топты жарып.
Айтайын азырак сөз тойыңызға,
Тындасан, көп алеумет, құлак салып.

Ауылдың аксақалы батыр Сырым,
Мал каптар ауыл үстін қара күрим.
Жылқының кек алалы үйіріндей,
Бұл тойды кім бастайды бізден бұрын.

Бұл тойды кім бастайды мен тұрганда,
Аузымда ала құйын жел тұрганда.
Бұл тойды алде болса біз бастармыз,
Дәңгі жоқ шұқанакқа көл тұрганда.

Қай айлар, мынау айлар, еткен айлар,
Сұр бие, сұр құлышак, жорға, тайлар.
Сәтіне сәрсенбінің той жасапсыз,
Тойыңыз құтты болсын, құдагайлар.

*Н.И. Гродеков . Киргизы и кара киргизы Сыр-Дарьинской области,
т. I. Ташкент, 1889. стр.7.

Біз келдік той дегенге жиылышып,
Үстіге бар асылды киінісіп.
Оңдасын сапарынды бір құдайым,
Комдасын қанатынды түйінісіп.

Бала едің кішкентайдан халқың сүйген,
Камзол мен қынамалы бешпент киген,
Түйғыным қолымдағы кетеді деп,
Ата-анаң ұзатарда іші күйгенді.

Шабады ақ киіктөр желге айналып,
Барасың қайырылмастан елге айналып.
Басына иокта түскен майдай болып,
Ақ сұнқар отырмысың бел байланып.

Әкеніз қиналады сен кеткенде,
Көзінің қарашибыры қыз кеткенде.
Әкене сендей бала таптыраң ма,
Алты жыл аргымакпен іздесткенде?

Шешен де қиналады кетседі деп,
Кеткен соң айы мұның өтеді деп.
Көшкенде көштің көркі, көгершінім,
Кай балам шырағыма жетеді деп.

Шырағым, жыласаң да уанарсың,
Акша отау шетке тікссө қуанарсың.
Құдыққа сиыр келсө суарарсың,
Иініңсекі шелек су аларсың.

Ассалаумәғаликүм, жиналған көп!
Бұл тойға тәнір айдаң келіппіз дөп.
Болыпты жұрт көрмеген бір ұлы той,
Таң қалып қарағандай жер менен көк.

Ежелден үлгі көрген ер болмаса,
Кім істер мундай тойды бұл жалғанда-ай!
Үстіне мерекенің кез келген соң,
Армансыз бір сөйлейін қапы қалмай.

Белгілі бұл қазаққа тілдің желі,
Той қылдың жұрт жиналған мерекелі,
Сәрсенбі — сәтті күні той қылыпсыз
Тойыңыз тойға үлассын берекслі!..

* * *

Бағлан серке,
маркасса кой бастайды,

Кой алдында жануар ойқастайды.
Құтты тойға кез болған жолды жігіт,
Бұрынғының жолымын той бастайды.

Құнан қойын шайлатып сойдырған үй,
Табақ-табак ет тартып тойдырған үй,
Сәтті күні — сәрсенбі той қылышсыз,
Құтты болсын тойыңыз, той қылған үй!

Жорашыға лайық жол тұрады,
Жампоз нарга лайық қом тұрады.
Құтты болсын тойыңыз, той иесі,
Той есесін тәнірім толтырады.

Қотан толып қойыңыз койға ұлассын!
Қырға сыймай шуласып ойға ұлассын!
Құтты болсын айтамыз тойыңызға,
Той иесі, тойыңыз тойға ұлассын!

* * *

Әдетім той бастайтын әуел баста,
Сұлу сөз жарасады қарындасқа.
Шабыттың көкірсімс жел берген соң,
Бұл тойды кім бастайды бізден басқа.
Бұлайша бұрынғыдан қалған жауап
Таласар жақсы — орынға, жаман — асқа.

Агалар тойыңызды бастай келдік,
Жақсы менен жаманды қоспай келдік.
Билікке той бастамақ лайық деп,
Халқым рұқсат берген соң кактай бердік.

Ұл бала ата-анаға таяу деген,
Қыз бала үйге жаққан бояу деген.
Табиғат тағдырына жазғаннан соң
Қосыпты срді жолдас әйелменсін.
Шығады әдемі сөз айтсам менен,
Жиналар той дегенде жігіт-желен.
Жарқынның, кетемін деп көп қайғырма,
Бұрынғы қалған жолы ата-енеден.
Атаңыз қайғырады кетеді деп,
Өзімнен қыз тумаса нетеді деп.
Анаңыз тағы сізге қайғырады,
Шырагым, қыз да болса жеке еді деп.

Экенінің көріп тұрмын той қылғанын,
Көгендеп ылғи құнан кой қырғанын.

Отырмын бұрынғының жолын айтып,
Қайғысын осыменен қойдырганмын.
Базардан алып келген ақ матасы,
Жақсының кімге тимес бір батасы.
Сәтіне сәрсенбінің той қылышыз,
Тойыңыз құтты болсын, қыз атасы.
Біз келдік, ай, құрбыжан, тойыңызға.
Айтпай кетсем келгенді ойымызға,
Тойыңызды кез келіп бастап тұрмын,
Лайықтап бере бер бойымызға.

Бір белек бозбаламыз тойға келген,
Жел сөзді айтпай кетпен ойға келген.
Тойыңызды кез келіп бастап тұрмын,
Сөйлесем сөз қалмайды біздей ерден.
Әуелі сөздің басы аліппеден,
Тізілер сөз мәнісі әріппенен.
Тойы бар тең құрбының дегенинен соң,
Жиналып біздер келдік халықпенен.
Құдайым төрт түлікке толықтырын,
Қазынаң бакытпенен толып тұрсын.
Ағалар айтпады деп өкпелеме,
Той бастар осыменен болып тұрсын.

* * *

Басталар оқу басы аліппеден,
Тізілер сөз мәнісі әріппен.
Тойы бар екі жастың дегенинен соң,
Жиналып, біздер келдік халықпен.

* * *

Біз келдік той бастауга домбыра алып,
Кетуші ек айқай салсақ топты жарып.
Айтайын біраз өлең тойыңызға,
Тыңдаса көп әлеумет құлақ салып.

* * *

Қызыл ала тәселген сырмагының,
Құтты болсын шымылдық құрганының.
Той баста деп көшпілік отінген соң,
Бекер қараң жарамас тұрганымыз.

* * *

Алшақ мүйіз ақ серке қой бастаған,
Қой алдында жануар ойкастаған.

Сұрасаң аргы атамды қол бастаған,
Колдан киын болып па той бастаған.

* * *

Бастайын баста десең тойдың басын,
Көтерер «аумин» деп қойдың басын.
Тойынды «пісімілла» деп біз бастасак,
Алдыңа адап болар қойған асын.

* * *

Жібек шашбау артына жай тастаған.
Ұсынады бойжеткен шай тостаған.
Той бастаған жай өлсән айту емес.
Ол да өнеге артқыға ой тастаған.

* * *

Бұл тойды баста десең біз бастайық,
Бәйге алған жүйрік аттай ойқастайық,
Тойына екі жастың келгеннен соң,
Жел сөзден бір-екі ауыз біз қашпайық.

* * *

Ағалар тойыңызды бастай келдік,
Жақсыға жамандарды қоспай келдік.
Біздерге той бастамақ лайық деп,
Халқым рұқсат еткен соң қоштай бердік.

* * *

Әдетім той бастайтын әуел баста,
Жақсы сөз жарасады қарындаска.
Көшпілік кекірегіме жел берген соң,
Бұл тойды кім бастайды бізден басқа.

* * *

Тойынды баста десе бастайтұғын,
Біздер бастап бергенше саспай тұрғын.
Аргы атамды сұрасаң қол бастаған
Өлең түтіл жауынан қашпайтұғын.

* * *

Жапқанда жасыл майса жазғытұрым,
Мал қаптар ауыл үстін қара құрым.
Жылқының да бастайтын көсемі бар,
Бұл тойды кім бастайды бізден бұрын.

* * *

Тойыңды баста десең ақын бастар,
Жүйрік ат төрт ағын шалкем тастар.
Той иесі шынымен мырза болса,
Ат мінгізіп, алдымған шапан тастар.

* * *

Бұл тойды кім бастайды мен тұрганда,
Аузында алақұйын жел тұрганда,
Бұл тойды алдыменен біз бастаймыз,
Жол қайда шұқанакқа көл тұрганда.

* * *

Біз келдік той дегенде жиылысып,
Үстіге бар асылды киінісіп.
Кадамы баршамызға құтты болсын,
Келіпті бакыт құсы үйнег үшіп.

* * *

Белгілі бұл қазаққа тілдің желі,
Той екен жұрт жиналған мерекелі.
Сәрсенбі сәтті күні той жасапсыз,
Тойыңыз тойға үлассын берекелі!

* * *

Құнан қойын байлатып сойдырған үй,
Табақ-табақ ет тартып тойдырған үй.
Сәрсенбінің сәтіне той жасапсыз
Құтты болсын тойыңыз той қылған үй!

* * *

Қотан толы ешкінде қойға үлассын,
Қырга сыймай жылқыныз ойды бассын.
Куанышка кенелген той иесі,
Құтты болсын тойыңыз тойға үлассын!

* * *

Үй тозбас берік болса ірге тасы,
Ақталсын аталардың ақ батасы.
Сәтіне сәрсенбінің той жасапсыз,
Тойыңыз құтты болсын, ұл атасы!

* * *

Жатқанда тойлап елдің кәрі-жасы,
Жаңғырар әнге таудың кия-тасы.

Екеу боп бір балаңыз шаттаныпсыз,
Тойыңыз құтты болсын, қыз атасы!

* * *

Емес пе той халыктың қазынасы,
Жігіттің жармен сыйлы газиз басы,
Бас екеу болмай малың екеу болмас,
Үй болса күй болады деген осы.

* * *

Лайық жорашыға жол тұрады,
Лайық жампоз нарга ком тұрады.
Кетті дең тойға барым тарықлаңыз,
Тәнірім той сессін толтырады.

* * *

Ұшады таудан бүркіт сілкініп-ай,
Ашықса алып жейді түлкіні де-ай,
Той бастап үлкен-кіші өтінгенде
Жасайық көңілді ойын — құлқіні ұдай

* * *

Ә дегендес бәйгеден ат келеді,
Аты келген адамдар шат келеді.
Той иесі шынымен мырза болса
Сый-сияпат аямай ап келеді.

* * *

Біз келдік сәтті күні тойыңызға,
Келгенді неге іркелік оймызыға.
Тойыңызды бабымен бастап бердік,
Лайық сый алармыз бойымызыға.

* * *

Той қылғаннның белгісі айтып хабар,
Жаршы бала жалбандап атқа шабар.
Той жасаған жекжаттар мырза болса,
Той бастаған кісіге шапан жабар.

* * *

Атаның демеу болар ақ батасы,
Түйенін ойнақтайды жас ботасы.
Сәрсенбі сәтті күні той жақаспсыз,
Тойыңыз құтты болсын той атасы!

* * *

Топ жарып, баста десен, той бастайын,
Ойна көптің неге ой қоспайын.
Алдымға айттар кісім кез келгенде
Тұлпардай топтан озған ойқастайын.

* * *

Үлкендерден өнсеге алсын жастар,
Кастерлемей кім ата салтын тастар.
Жән-жорага той басы жомарт болса,
Жарқыратып жабықтын алтын тастар.

* * *

Өрісің төрт түлікке төліп тұрсын,
Басыңа бакыт құсы конып тұрсын.
Ағалар, аз айтты деп айыптама,
Тойбастар енді тамам болып тұрсын.

БЕТ АШАР

Күйеу жігіттің ауылына екі — үш шақырымдай қалғанды қалыңдық мінгег қоңыраулы күйме тоқтайды. Қалыңдық бірге шыққан анасымен немесе жақын жеңгесімен, құрбыларымен қалады да, ерлер жағы ауылга озып кетеді. Солардан хабар алған күйеу жігіттің жсцгелері, қызы-келіншектер тобы күймеге қарай бет алады. Күйме маңындағылармен кездесіп, ауылга «сүйіншілеп» жеткен жасқа күйеу жігіт жаңагы жастың ентігін басу үшін арнаулы кәдесін береді. Оны — «ентікпесі» немесе «шауып келдісі» деп атайды.

Қалыңдық енді күймеге мінгізілмейді. Бісіна сәукелесін кигізіп, ауылға жаяу-әкеледі. Жолшыбай ешкімге көрсетпеу үшін, алдынан екі жеңгесі екі жағынан шымылдық үстап жүреді. Төбеге мата керіледі. Оны төрт бұрышынан төрт әйел үстайды. Осы күйінде арнайы тігілген отауга жеткізіледі. Отауга кіргізерде де, әлдекімнің көзіне түсіп қалмауы үшін, бетіне жібек орамал немесе жібек шалі жабады. Адраспан атты шөпті өртеп, келінді балежәледен аластайды. Отқа май құйып, келінді оған тәжім еткізеді. Содан соң қалыңдықты шымылдықтың ішіне кіргізіп, той аяқталғанша сырт адамның көзіне көрсетпейді. Той аяқтала бере ғана беті бүркеуілі қалыңдықты ортага шыгарып, өнерлі жігіт ауенди өлеңмен оның бетін ашады. Екі жеңгесі қалыңдықтың екі жағында тұрады.

Тәрбиелік, өнегелі сөздер айтып, қалыңдықты қайын жүртүмен, қайын жүртты қалыңдықпен таныстыраң соқ, яғни бет ашар аяқталысымен үлкендер жағы, әсіресе апаlar мен әжелер жас келіннің қолынан шәй ішу үшін қайта жиналады.

Бет ашар, мазмұны жағынан басқа кейір халықтардағы жырларға аздан үқсанымен, тұр жағынан тек қазақтар мен қарақалпақтарда гана кездеседі. Тіпті: «Славян, орыс халықтарын айтпағанда, түркі тілдес шығыс халықтары: қыргыз, өзбек, тәжік, түркімен, татар т.б. жүрттардың өзінде де үйлену салт өлеңінің бұл түрі атымен атамайды, орындалмайды» *

Қалыңдық қайын жүртyna неліктен бетін жауып келеді? Әлде шынында да, бұл бір кездегі діни соқыр сенімнің қалдырып кеткен мұрасы ма? Егер, тереңдей зер салсақ, басқа бір сырды үқсандаи болар едік. Айталақ, қызыбаланың жат жүртқа кетуі — жай бой жетіп, өмірінің кезекті бір кезеңін жалгастыруы гана емес. Шын мәнінде бұл салттың тұн тамыры байыргы мифтік санаға тіреледі. Қоне түсінік бойынша тұрмысқа шыққан қызы өліп, тіріледі, ол енді қайта дүниеге келген жаңа адам. Жай адам емес, отау бақытын сақтау, үрпагын өсіріп, жапырагын жаю жағынан жауапкершилікті тогыз ай, тогыз күн толғатып, дүниеге келтірген, кәмелетке жеткенше тәрбиелен өсірген өз ұлынан артық болмаса бір де кем көтермейтін, келін атымен келіп қосылған бір баласы, ол да төл баласы. Қайын жүртты ол баланы бұрын көрген жоқ, оған тәрбие берген жоқ. Бұрынғы сырттай көрүі бір басқа, енді өз баласындаи етіп көрүі керек, өнегелі сөзін айтып, құшагына тартуы керек. Осындаи салтанатты сәтке беті ашық келсе, ол баласы көптің біріндей болып қалады. Келіні, әсіресе, қайын ене мен қайын ата армандаи күткен таңғы нұрдай жарқ етіп ашыла алмайды. М.Әуезов: «Әдем-ғұрып заңдарын бас-басына санап көрсету жағынан «бет ашар» орыстың «домострой» атты қоне өлеңіне үқсанас. Бірақ қазақ өлеңінде бәрі де келінге арналады», ** — десе, қалыңдықтың бетін бүркеп келетінін орыс ғалымы В.И. Еремина * орыс халықндағы мысалдар орқылы, яғни орыс қызының да басына жартылай жібек желең жамылаташынын ежелгі мифтік санамен байланыстырады.**

* Б.Уахатов. «Қазақтың халық өлеңдері», 1974, 208 бет.

**М.Әуезов. Шығармалар, XI т., 1969, 213 бет.

*** В. И. Еремина. Ритуал и фольклор. 1991 г., стр. 85-86.

* * *

Айт келін, айт келін,
Атың басын тарт, келін,
Сауықсаннан сақ келін,
Жұмыртқадан ақ келін.

Алдыңғы түйен итіншек,
Итіншек деп, келіншек.
Басқа ұрма, келіншек.
Артқы түйен тартыншак,
Тартыншак деп,
келіншек,
Көтке ұрма, келіншек.

Айдан аппақ, келіншек,
Кейінгі келген, келіншек,
Еріншек болма, келіншек.
Кей келіншек көңілшек,
Көнілшек болма,
келіншек.

Кек етігім тозар деп,
Көтере баспа, келіншек.
Сауры етігім тозар деп,
Сынай баспа, келіншек.

Қаптың аузы бос түр деп,
Құрт ұрлама, келіншек.
Өзің, жатып байынды
Түр-турлама, келіншек.
Аузы-басың сүйрәндеп
Өсек айтпа, келіншек.

Дудардай қылыш басыңды
Тесекте жатпа,
келіншек.

Бетің ашып болған соң,
Қайын атаңа бір салем.

Түйе берсең ағынан,
Ауырып алсе бағынан.
Жылқыны берсөң торыдан,
Өліп қалса сорынан.
Қойды берсөң коңырдан,
Қорғасыңдай ауырдан.
Сиырды берсөң корадан
Қатығы кетпес шарадан.

Келін, келін келіп түр
Көрімдігін беріңіз.
Ала-ғұла деменіз,
Атың айтып беріңіз.
Пәленше байга бір салем.

Сұға біткен құба тал,
Талды көр де бойын көр.
Кенескес салып ойын дөр,
Инені бер де ісін көр,
Мерусертті көр де тісін көр.
Қауынды көр де исін көр,
Күйені көр де шашын көр.

Қаламды көр де касын
көр,
Қарды көр де етін көр,
Қар үстіне қан тамса
Қанды көр де бестін көр.
Жаңа келгін келіншек.
Бұл отырган, жарапдар,
Ашаймын да — бетін көр.

* * *

— Терде отырган сымыра,
Қарт, қария, аналар!
Жапсардагы отырган
Жастары үлкен ағалар!
Келін келді көріңіз,
Ақылы артық даналар!
Сіздерге де куаныш
Жасы кіші балалар!
Бұрынғының бір жолы
Келінді көрген адамнан
Көрімдікке мал алар.
Берстінін эр кісі
Өз ойында шамалар.
Келініңіз құр емес,
Отыңа салып келгені,
Нәрселері және бар.
Көңілі жақын ағайын,
Ас жіберіп, құшакташ
Қалаганын тағы алар.
Алғаны мен бергенді

Кере алмаған ағайын
Сыртынан сөз ғып
табалар.

Тердс отырган сыпра
Ханым менен ханыша,
Келін келді көріңіз.
Осы отырган баршаңыз
Бәрін бірдей бекзатсың.

Көрімдік үшін
көрмендер,

Бір-біріңен қалыспа!
Көрімдікті коп айтып
Толтан озған жүйріктей,
Шығындар, бәрін жарыса!
Берсөң де риза болады
Қаптағы құрт пен майыңа.

— Келін келді қуаныш
Төрде отырган енесі!
Сізден шықкан әуелде
Күйсуінің диссі.
Көрімдік дес соз

айтым

Түбін айтып қойыңыз,
Нәрсеңіздің бересі.
Беремін деп соңыра
Сыпайыгершілік сөз
айтып,
Каратпа, жылға келесі.
Берсемін — деп, бермессен
Келініңіз окпелеп
Деп жүрмессін — о нессі?!

Жапсардағы отырган
Жастары кіші келін-ді.
Келін келді қуаныш,
Сіздер дағы көріндер!

— Женгес келді, қуаныш
Жасы кіші қайнисы!
Сіздер түтіл қуанар
Атасы бөлск жай кісі.
Мұндай жақсы қызыққа
Қуанбайды қай кісі?
Балалардың ішінде

Көрімдігін көп айттар
Ақылы артық сайлышы.

— Осы үйдегі бәрің де
Жастарың үлкен ағасын.
Айттырмай сөзді білетін
Ақылға артық данасың!
Аталарың тоздырыған
Алтынды сауыт сағасың.
Келін келді сіздерге,
Жеті атасы текті өткен,
Пәлешенің баласы.
Шыққан жері асыл зат,
Келген жері мінски.
Мұндай жақсы келінді
Іздесең кайдан табасың?
Сүйегеніне қосылып,
Құрбысынан келіннің
Артық қылды бағасын.
Келіннен енді сөйлейін,
Көп дабырлап шуламай,
Құлагынды саласың!
Қатасты бар ма сезімнің?
Осы отырган әлсумет,
Айттарсың өзің бағасын.

Құлагың салып тыңдал түр,
Келінжан, менің тілімді!
Әдептің жолын үйренбек
Жас кісіге ілім-ді.
Айтқанымды үғарсың
Егер болсаң білімді.
Ақылсызға айтқан сөз
Далаға кесткен шығын-ды.
Бәрі саған көрсік іс.
Тыңдасаң кейін жырымды.
Жырыма қосып айтамын
Бар насиҳат сырымды.
Бұл айтқаным бәрі де
Әзілім емес, шыным-ды.
Бұрынғы күнің балалық
Ержеткен күнің бұ күн-ді.
Әзім айтқан сөз емес
Осылайша деген бұрынғы.
Бұрынғының бәріне
Бұл насиҳат айтылды.

— Осы отырған алеумет
Құлағың салыптыңдап түр,
Сөзімнен еткен мінімді.
Келін боп келмек оң жаққа
Ата-ананың мұрасы.
Бұрынғы үйін бекер-ді
Мекенниң осы төресі.
Өз үйінде тұрмак жоқ
Ұл болып тумай эуследе
Қызы болған соң туысы.
Ұлдан дағы қызы жақсы
Сөзімнің **осы-расы.**
Әйел үйде отыrsa,
Ері қайда жүрсе де
Бұзылмайды ұясы.
Әйелсіз ерекек әүейі,
Тіршілік қылып жүре
алмас,
Нанбасаң барып сынаша!
Ерсіз әйел болса да
Тіккен үйін аздырмас,
Келін боп келмек киын іс
Жаңа оспірім балаға.
Қызымет қылғын илліп
Ата менен анаға.
Тағымын етіп салсем бер
Өзің менен еріңнен
Жастары үлкен ағаға.
Үлкен, кіші демей-ақ
Халиқтың бәріне ізет қыл
Келер болса шамаға.
Өзіңнен үлкен адамның
Бетіне тіке қарама!
Үлкен адам келгенде
Қатарласып отырмай
Кейін отыр панада.
Лажы болса шығып түр
Қайтқаныша, далага.
Бар айтарым бұл емсс
Құлағың салыптыңдап түр.
Сөзім бар айтар жаңа да.
Тұrap болса ата-енең
Отырып қалма, орныца..
Бұрынғыдай ойламай

Сабыр етіп шыдағын
Аштық пенен тоғыза.
Тамақты сұрап ішкенің
Белгі беріп тұрады
Әдебінің жоғынан.
Қол кусырып сәлем бер
Жастары үлкен көріге.
Шамаң келс ізет қыл.
Үлкендердің бәріне!
Жас скен деп ойламай
Өзіңмен кіші баланың
Қарал тұрғын халтіне.
Ізетті болып іс қылың
Алғыс беріп жүреді
Үлкен-кіші бәрі де.
Келін бол келдің бұл елге
Бұрынғыдан қарама,
Толықсыған сәніңе!
Бар айтканым бұл смес,
Құлагың салып тыңдал тұр,
Сөзім бар айттар алі де.
Іккяласыңмен қызмет қыл
Құдай қоссан еріңе.
Құле сөйлеп жауап бер,
Еріңнің айткан сөзіңе.
Тең құрбыңнан артық бол,
Үлкен смес, кіші смес
Қосылыпсың теніңе.
Еріңдей асыл адам жок
Қарасаң ата тегіне.
Көңілін тауып іс еткен!
Бұрынғыдан артықша
Ерің сыйлар сені де.
«Алғаным менің жақсы» —
деп
Сыртынан мактап жүреді,
Ағайын, туған елің.
Ерің үйге келгенде
Қагып төсек салып бер
Отыратын жеріне.
Бір нәрсеге жұмсарда
Алыстан—әй! —деп.
айтызбай
Жақын отыр шеніне.

Төсегін салып, шешіндір
Еріңе қылған жұмыска
Кермегейсін еріне!
Ертемен тұrsa киіндір,
Киімінің бәрін әперіп.
Белбейін байла беліне.
Ерің үйден шығарда
Кебісін қойып, есік аш
Үйінің тұрмай төрінде.
Не сез айтса, «құп» —
дегін,
Карамағын әр уақта
Сезінің артық-кеміне!
Бұл айтканың бекер — дес
Қарсылық қылып отырма
Келмессе де ебіне!
Тамақ келсе алдына
Ұлкенге тұр ұсынып.
Орныңдан өзің түрегеп,
Әдеппен тұр қызылып.
Бетіңе таман түсіргін,
Желегінді ысырып.
Қолынды төмен салып
тұр,
Женінді де түсіріп.
Артынан өзің алып іш,
Ұлкенге алдын ішіріп
Бата тілеп, су құйғын,
Болған соң тамақ ішіліп.
Көгересін кешікпей
Ұлкенге қылсан қішілік.
Қаншама қызмет қылсан
да
Кетпессін, сірә тыжырып.
Жамандық атың
шыкпайды
Көңілінде болса кіслік.
Отқа жақын отырма,
Кісідей келген үсініп.
Еш адаммен үрыспа,
Жесе де сөзбен пісіріп.
Менің айтқан бұл сезім
Бәрі саған керек іс
Абайлап қара, түсініп.

Отырмағын ешуақытта
Еркектей болып жүгініп.
Бір тізерлеп отыргын
Төмен қарап бүтіліп.
Қатты ұнмен сөйлеме
Ақырын сөйле мудіріп.
Майдалығы сезінің
Кеткендей болсын үтіліп.
Біреудің қылған ісіне
Отырма қарап үніліп.
Бір нәрсеге барғанда
Кеп кешікпе кідіріп.
Үй арасы болса да
Қатты жүрме жүгіріп.
Бозбалага қарама
Артық аса тігіліп.
Ерегеш болып әркіммен
Өсекке жүрме ілініп.
Жасырылмайды жаман ат
Ақыры шығар білініп.
Жаман атың бір шықса
Кетседі халқың тұніліп,
Бәрі саған керек іс
Айтқанымды тыңдал тұр,
Кұлагыңа құл іліп.
Бір үйде жүрме қыдырып
Сылтау етіп бір істі.
Бір баланы жібергін
Егер болсаң жұмысты.
Қайын жұртың қаламас
Желегінді бүркеніп,
Ел қыдырып жүрісті.
Аяқсыз қылып тастама
Орнына келтір жақсылатап
Қолыңа алсаң бір істі.
Біреу жаман айтса да
Ешкіммен қылма үрысты.
Жасы құрыбы екен дес
Жаманға қылма жұғысты.
Абиыр-арың кетеді
Егер қылсаң бұл істі.
Өсек айтып тасыма
Біреудің сезін бірсуге.
Шаман келсе шыдағын

Үндемей қарап жүргүе.
Қасақана кей кісі
Жақсы-жаман айтады
Мінезінді білерге.
Жақсы-жаман айтты деп
Біреудің айткан сезіне
Әзілім емес, шын ерме.
Көңіл етіп біреудің
Бір іаресесін тілерге.
Әдепшенен жүріп тұр
Келін бол келдің бұл елге.
Үйіндегі бектік жок
Көнілменен сабырлы.
Тағзым етіп салем бер
Үлкен үйге кірерде!
Сыртыңмен шық иліп,
Есіктен тыска жүрсірдс.
Бір **ұят іс** дүниедс
Пәленше келін мұндай деп
Сыртыңнан әркім құлар
мей?

Ерте тұрып түлік аш
Ерініп жатпай төсекте.
Мезгілсіз келген үйқыны
Өзіңе жақын дос етпс!
Өзің жатып еріңе
«Тұрсайши» — деп пыш
етпе.
Баршаңа бірдей айтамын
Жалғыз маған айтты деп
Өзегінді ексітпе!
Кеш болғанда кейін жат
Бұрын жатпа ерінген!
Ата-ененді жайғап сал,
Ісінді қой ерінген!
Жылына шейін ескеріп
Сынайды сені, көрініз.
Бір-екі жыл өткен соң
Үлкен-кіші адамның
Ісі болмас сенімен.
Дүниенді бұлдірме,
Орнын тауып жұмсағын,
Мал тапқандай тегінген.
Бұрынғы күнін балалак

Қатарға енді іліндің,
Кеткен соң туган жеріңмен.
Сейлеген уақта еркектей,
Даусынды қатты қынама,
Нәзік сөйле еріңмен.
Ата-ене мен еріңнің
Бетіне тіке қарама.
Қасына бала келгенде
Қабагың түйіп кіржіп,
Жылатпа тұртіп қолыңмен.
Ретсіз сөйлеп, кеп құліп
Әдепсіз келін атанба,
Келдің, отыр жөніңмен!
Орынсыз жаман іс қылып
Әркімнің тілін тигізбе,
Ата-анаңа, тегіңмен!
Ұзын создің қысқасы,
Ізетті болып, іс қылышп,
Жұртыңа жакқын, слің **мен**.
Колыңмен ұрып ойнама
Өзіңнен кіші баланы.
Жылап барса үйіне
Бұл болар істің жаманы.
Ісі теріс болса да
Кояды саган жаланы.
Үлкен адам жұмсаса,
Отырып айтпа жауабын
Бітіріп келгін тез барып
Аузынан шыққан заманы.
Барған ісің бітірмей
Қыдырып кетпе, даланы!
Кайтып келіп, жылдам бар
Болса да қандай хабары.
Бар айтқаным бұл смес,
Құлағың салып тыңдал тұр,
Айтылар кейін қалғаны.
Отырган адам **көзінше**
Бір жерінді **қасыма!**
Жауалығында шұбалтпай,
Дүрыстап ора басыңа.
Колынан ұстап бетің сүй
Отырса бала қасына.
Қайныңды қатты ізет қыл,
Қарама, үлкен жасына.

Ойынның жөні осы деп
Біреуге тұрма асыла!
Мырза келін десін деп,
Әркімге берме шашыла!
Біреу жаман айтты деп,
Еріде сөзді тасыма!
Естісек-дағы жаман сөз
Жүргенің жақсы жасыра.
Өтірікті әдет қылмагын
Сөзінді сейле расына.
Бастаңғы үрлық іstemей,
Береке кіргіз асына.
Ұзын сөздің қыскасы,
Көнілінді қылмай жогары
Темен бол жүр басыла.
Бір іэрсессін біреудің
Үрлап алма жасырып.
Үрлығың қылған бір шықса
Кетеді жұртқа шашылып.
Сұғанақ келін атанба,
Бетінен арын қашырып.
Тамакты жылдам жемегін
Кісідей келген ашығып.
Біреу саган сойлесе
Жауабын берме асырып.
Жеңілtek келін атанба,
Салмакпен іс қыл
басылып.
Бұлініп дүниең кетсе де
Сөйлеме кейіп, ашынып.
Үйіңің ішін жиып жүр,
Жатпасын жерде
шашылып.
Келінім, енді өзің біл
Ұялар деп ойладым
Айтпақа мұнан асырып.
Қыз күнінде қашама
Шығып тұрса тұлымың.
Айып емес еді көрмекке,
Басынды жалпай тұруың.
Көрінбей шашың
тұрганнан
Ойлаши, жоқ қой
шығының.

Керегі жок ілгері
Жұмыстың саған бірінің.
Өз жұртың емес ойласаң,
Бұл келген бөтен орыны.
Қаршыға болдың қаша жыл
Енді барада жерің жок
Қонағыны осы тұғырың.
Айтпай-ақ вәіз білерсін,
Кәңілінде болса блімің.
Қай істі қылсаң жылдам қыл,
Болмасын жалқау қимылың.
Даусынды қатты шыгарып
Ұят дүр сенің құлуің.
Әдеппен тұр майысып,
Қатқандай болма бойынмен.
Ұзын сөздің қасқасы
Қай жұмыс-істе болса да,
Әдепті жақсысынығың.
Әйелге керек әдептің
Біразын айттым түрінің.
Кәңіліңе келіп жүрмесін,
Айтты деп сөздің киынын.
Бу құнді жаман көргенмен,
Кәңіліңе келіп жүрмесін,
Айтты деп сөздің киынын.
Бу құнді жаман көргенмен,
Кәңіліңе теріс келгенмен,
Бәрі де саған пайдалы
Ағаның айтқан жырының
Өзіме айтпай жасырып,
Кетті деп жұртқа шашылып,
Кәңіліңіз менен қалмасын.
Сыйлаймын сөздің асылын.
Үлкен адам көзінше
Отырма мініп келікке,
Жаяулап өт алдынан,
Кәңілінді қоймай ерікке.
Пана жерге барғанша
Жүргенге жаяу ерінбе!
Ұятыз келін атанип
Өз басынды кемітпе!
Ауылды жалғыз қыдырма
Біреуді алып жүр серікке.
Иә қатын болсын, иә бала

Қасыңа жігіт ерітпе!
Еріңен жауап сұрамай
Атаң мен еңең үнамай
Айт пен тойға құбының
Баралың деп елікке!
Жалаң аяқ қыдырып
Мінезін қылма баланың!
Гибрат алып, үлгі қыл
Жақсы адамдардың аялын!
Келін бол келдің бұл елге
Көнбейтін қайсы
амалың?
Бәрі де калды артында,
Ағайын, тұған жараның.
Кез үшыменен абайлап
Назар ғып өзің қарагын.
Сырынды жұртқа алдырма
Келгенінше шамаңын.
Көп ішінде әзіл сөз
Аузыма қалай аламын?
Әдеп пен ақыл, есінет
Қалдырмай айттым
тәмамын.
Мейлің істе, істеме
Бәрінен болды хабарың.
— Айттар сөзім және бар
Құлағың салып тыңдасаң.
Иә болмаса қаяйын,
Аяғың шыдан тұрмасаң.
Халықтың бәрі жалығар
Таң атқанша жырласам.
Құндізге шейін таусылмас
Әзілді қойып шындасан.
Айтпай-ақ енді қояйын,
Өзгелерден жасырын
Қойыңыз деп ымдасаң.
Айып етпеніз, алеумет,
Қойыңыз — деді, келінім,
Болмайды енді тынбасам.
Мениң берер алғысым
Алғаныңмен екеуің
Қоса ағарып, мың жасан!
Келінге бата беріндер
Осы отырган халайық.

Койып енді бұл жерде
Батага құлақ салайық!
Тыныштық алсын келін де
Бәріміз де тарқасып
Үйді-үйімізге барайық.
Жақсы-жаман сөз айттым
Ойын-шыны аралас.
Естімеген ғажайып
Кесіріңіз, әлсүмет
Сөзімде болса бір айып.
Келін, енді колың жай
Көптен бата алайық.
Көп тілеуі қабыл-ды.
Осынша көптен бата алмай
Не ғылып құры калайық?!

四

Келін, келін келіп тұр!
Келіп, үйге сніп тұр!
Қайын жұрты халқына,
Иіліп салем беріп тұр.
Үйдің іші толы адам,
Бәрінді келін көріп тұр.
Көргенменен, танымай,
Қайсысы алыс, кім жақын,
Сол жері көнілін бөліп

Көрімдік берсе коп адам,
Талай мал әзір болып тұр.
Қайнаға, қайны, карт ата,
Сараңына кез қылмай,
Мырзасына жолықтыр.
Не қылсанқ, халық, өзін біл
Жат елден келіп жас келін,
Жана мейман болып тұр.
Келін келді қабынып,
Женсіз жесек жамылып,
«Келін келді» деген соң,
Ат айғыр қалды сабылып.
Не ғып тұрсың, келіншек,
Май салып отка табынып?
Жай болды ма көнілің,
Іздегенің табылып?
Әүелі сізге айтайын,

Жасы үлкен, балалар!
Есі болса келіншек
Мал өнер жерін
шамалар.

Үлкендерден алған сон,
Тәмен қарап жағалар.
Үлкендер түйе бермесе
Дос-дүшшаны табалар,
Алмадай жұақ қызырып,
Келіншек пакыр ұялар.
Жоғарғылар нар берсе,
Жетелеп келін ала алар.
Үлкендерден үйреніп,
Қимылдар мырза балалар.
Келін келді, көрініз,
Көрімдігін беріңіз!

Жат елден келіп жас бала,
Жаңа көрген еліміз:
Әуелі бастан аксакал
Үміт еткен жеріміз.
Берер болсаң жылдам бер,
Келінменен косылып,
Түрегеліп отырып,
Ауырмасын беліміз.
Нар берсеніз, мая бер,
Үстіне кілем жая бер.
Одан артық айтуга
Еркін келмес ебіміз.
Маяның даусын есітіп,
Қаша көрме, кебініз!
Не берсе ырза келіншек,
Қытаймыз ба сени біз!

Аксакалдан күр калсак,
Онай болмас кебіміз.
Ол бермесе, не берер,
Кейінгі күрбі тенініз?..
Жылқы берсен, биеден,
Кем болмасын түйеден,
Сүтті болсын ақ бейіл,
Сауғанда келін иіген.
Жұрт жолында бар нәрсе,
Құтылмайсың еш кайсың,
Қашканменен жүйеден.

Тон жапсаныз, камқадан
Жібектен есіп бау тақкан
Келіншек оны киініз,
Аксакалдар тұрыныз,
Мархамат болса қызыныз.
Қызы келін шаршар иіліп,
Колтығынан сүйеген.
Сиыр берсен, қызылдаz,
Шұбалан құйрық ұзыннан,
Алыстан келді деменіз,
Келіннің ақын жеменіз.
Кем көрмекіз келінді,
Өзінің тұған қызыннан.
Бермесеніз не өнер,
Пайдасы жоқ мылжынан?
Келінге болар абыыр,
Еліңе болар тағы үйір.
Еті қызған мырзалар,
Беріп салса қызумен,
Осы отырган көп адам,
Әркайсы берсе калмастан,
Келін байгүс шаршайды
Құндікке түйе тізумен.
Аксакал тәуір көрмесе,
Көрімдікке түйе бермесе,
Әуре болар бет ашқан
Құндікке сабын езумен!..

Кой берсен, үлкен ағынан,
Алмайды келін жағынан
Егіз болсын қозысы,
Болмасын жылқы ағынан!
Ендігі жылы тумаса,
Көреді келін бағынан.
Косақтаңыз, байеке
Жұндісі, ірік жағынан!
Бұл малдын бәрін алған сон
Корасына салған сон,
Бай боп қалар бұл келін,
Өзінің озып табынан.
Қарын-қарын май жинай,
Құрты кетпес қабынан.
Бұл келінді көргенін,
Семіз мал болсын бергенін,

Отау үйдін шебі жок,
Болмасын арық қоңынан.
Қымасаң абын, байеке,
Қолыңын болсын қарасы,
Жұлыса жүнгө жарымас,
Болмасын тағы аласы.
Ногайың қойды қойыңыз,
Жайдары тұқым баласы.
Тандauлы қойды көп
берер,
Мырзаның асқан саласы.
Бересінді жылдам айт,
Берменегенің үйте кайт,
Келіннің жоқ сіздерге
Жасырын берер парасы,
Берсөң қалар қуанып,
Бермесең бар ма шарасы!?
Нысап қылсын, агалар,
Бұл келіннің іліл,
Сәлемін қылған қарашы!
Үндемейсің ешкайсың,
Бермейсің-ау, шамасы!?
Үлкендерден дәме етіп,
Ауыз басын шаң өтіп,
Бір отырып, бір тұрып,
Ұлғайды келін жарасы.
Берменеген соң ұлғайып,
Ашылды сөздің арасы.
Ешкі берсөң, жагалдан,
Сәукеле қара сакалдан.
Алмай-ақ қой, алмасаң,
Ешкіні, келін шырагың!
Сенің үшін бұл көптен,
Сонша малды сұрадым,
Беретін boldы бәрі де,
Құлағын әбден бұрадым.
Бәрекелді, көп жаса,
Бір отырып, бір тұрып,
Күндікке әбден
шыдадың!...
Кейі сараң, кейі мырза,
Кейі қата, кейі ырза,
Барша жұртты сынадың!
Біреуі сиыр, түйені,

Біреуі қой мен биені,
Берің жатыр әркайсысы,
Кайсысын тәүір үннэттың?
Бай болындар, ағайын.
Келінді наумез қылмадың!
Түйе мен жылқы, қой, сиыр,
Төрт түлік малды құрадың!
Қыздарың қонып кияға,
Ұлдарың қоңып үяға.
Баршаңызға рахмет!
Асыл болсын мұрадың!..
Мүйізді болсын бәрі де,
Токал ешкі тағы алман.
Сүтті болсың емшегі,
Сүтсіз болса, саяу алман.
Ақсак токсак болмасын,
Есебін құрттаң таба алман.
Кетеген болса құрысын,
Етінді жерде баға алман.
Кетіп қалса ауылдан,
Жаяу оған бара алман.
Мынау келін сыбырлап,
Аузы тұр гой жыбырлап,
Алмаймын деп тұр, ешкіні,
«Пайдасы аз», — деп,
залалдан.
Нәзік жерде жарам бар,
Нанбасандар қарандар
Жоғалса, іздел ешкіні,
Атка мініп шаба алман.
Кім үстайды қуалап,
Кашқаң ешкі ылағын?
Ойнақтап кетсе көрінбей,
Ішіне кіріп жыраның,
Куалап кетер құрагын.
Етінге тұссе, дикандар,
Отап тастар құлағын.
Екінші сәлем келіннен,
Кара сақал билерге,
Той тамаша жырменен
Келіншек кірді үйлерге.
Ауыздарың бармайды
«Көрімдікке шапан ки!» —
дерге.

Айттырып тілер еп пе еді,
Біздер мейман сіздерге!
Бұл келіннен аяну,
Жоқ еді бүрүн дәстүрде,
Асып келген келіншек
Аса жұрт деп сый жерге.
Әуелі бастап ақсакал,
Үлкеннен алдық маяны,
Маяға бура керек деп,
Тагы да қолын жаяды.
Бере берсен бұл келін,
Қай нәрсенді қояды.
Көрімдік деп бергеннің
Қайбірін алмай тояды.
Ақсакалды көрген сон,
Ашылды келін араны.
Оттай жанған құ нәпсі,
Не қылғанда тояды?
Боз балалар, асықла
Сендерге де барады.
Бірте-бірте бұл келін
Бәрінді дс сояды,
Әуелі алып, жымырды,
Мая менен биені,
Кара сақал билерден,
Білмеймін, не мал тиеді?
Биeler қысыр қалар деп,
Айғырды қөңілі сүйеді.
Тұр-тұрімен сұраған,
Бозбалалар, құлмендер,
Келіннің сөзі жүйелі.
Босқа берсе, келінжан,
Талай мaldы үйеді.
Кетсе кетер біреуден,
Келіннің несі күйеді?
Айғыр берсен, мініп ап,
Шапан берсең, киеді.
Тон берсеніз қымбаттан,
Жарты қарыс жиегі,
Бозбалалар жеткізер,
Кемірек болса сүйемі.

Үшінші тұлік, үлкеннен,
Сыры деген мал алды.

Шаруа малы көп болса,
Ешкім тартпас залалды.
Ақ сақалды жымқырып,
Кара сақал билерге,
Ал, келін енді қадалды.
Бұл сиырға бұқа жоқ.
Құле берме, бозбала,
Өздерін тап амалды.
Құлгенінді жақтырмай
Қөңіліне келіп шам алды.
Жөн сөзімді теріске алып,
Не десен болар заманды?
Үлкендерден қолқалап,
Қойды да келін көп алды.
Ақ, карасын айрып,
Атын ата, деп алды.
Қошқар таппай көп қойга.
Келіннің ойы қамалды.
Сумандаған, егіншіл
Ешкіні өңшең тагы алды.
Текеден сосын тагы да,
Таба алмай тұр амалды.
Төрт тұлік малға сай
болып,
Келінге дәүлет жамалды.
Іздегені табылып,
Өріске малы жайылып,
Бақты келін оңалды...
Әзір бол, келін, малына,
Көпшілікпен ес көрмей,
Тай тулагын жоғалды.
Алдындағы ақынға,
Сене берме келіншек
Жинасқаны болмаса,
Қарасуға додал-ды!..
Сендерге енді келейін,
Жапсардағы отырган,
Жастары үлкен аналар!
Ақылы артық даналар!
Сіздерге де қуаныш,
Жасы кіші балалар!
Бұрынғының бір жолы,
Келінді көрген адамнан,
Көрімдікке мал алар.

**Келінің, балаң бір тегді.
Қосылыпты сайына!
Осындай жақсы келінді,
Көрімдігін атамай
Көрессіндер ме жайына?
Не берсөң де, актан бер,
Өсеріне бактан бер.
Тым болмаса ен салдыр,
Түйенің кенже ботасы
Биенің кіші тайына.
Малға шамаң келмесе,
Берсөң де ырза боламыз,
Қаптағы құрт пен**

майыңа!..

Беремін деген кей катын,
«Бергенім осы, менің» дер.
Алыстан келген кей

катын,

**Шыгарып беріп жанынан,
«Берер едім аямай,
Жақын емес елім» — дер.
Бермейін деген кей катын,
«Дүниенің билігін,
Үйдегі білер ерім» — дер.
Сылтау қылып кейбірі:
«Өкпелімін бұл тойдан
Беретін жоқ жерім» дер.
Желдіртпелеп кейбірі:
«Сабыр қылып —**

тұра-тұр,

Берейін саған кейін», —
дер.

Кейін барып сұрасаң:
«Ойнамай жүр менімен,
Мен емес сенің тенің дер!..
Жұрт билеген адамға
Үлкен болған дәүлетің.
Әлемді басқа сәулестің
Ықпалың жүрген шагында,
Тандап қонған нәубетің,
Бектікпенен ағарды
Қара сақал қауметің!
Төрде отырған ағекене бір
салем!

Мырза адамға:
Өзі тені адамнан
Мырзалығын асырған.
Көрген жан колын
кусырып,
Сәлем беріп бас ұрган,
Жақсылығын жайылтып,
Жамандығын қашырган,
Жақсы кісі атанған,
Мырзекене бір сәлем!

Сараң байға

Тай-құнаның мактаган,
Шебі көп жерді **жақтаган**,
Сексен сомға бір атын,
«Сат» десе дс, сатпаган,
Жазы-қысы өмірі,
Жайлы жергес жатпаган,
«Көрімдік бер» деп, айтар
деп,
Жан-жагына бакпаган,
Сараң байға бір сәлем!

Жомарт адамға:

Бедеу атка жем берген,
Тылдадан дабыл өңгерген,
Нан тілессе, май берген,
Бай кісі мен байғусты
Бәрін бірдей тсң көрген,
Шәлдеп келген кәріпке,
Бал, қант қосып шай берген,
Жомарт байға бір сәлем!

Таз кісіге:

Таз үлкені құлышқтай,
Кейбір таздың бастары,
От шықпаган құмшықтай,
Жүсіп таздың бастарын,
Төрт-бес құрт келіп
шымшыпты-ай!
Таздың аты Батыrbай,
Кей таздардың бастары,
Шөп шықпаган тақырдай,
Түгел тазға бір сәлем!

Дұнисқорға!

Даладан отын тасыған,
Оракпен бұтын қасыған
Насыбай атып түкіріп,
Аузы боктан сасыған.
Кемекей ашыған,
Отырып көрмей еш
 ракат,
Ертесінді кеш жүгіріп,
Бейнет көріп жасыған.
Бетінің нұрын қашырган,
Қапыл қалған ақылдан,
Бұрынғы еткен
 нақылдан,
Дұнисқорға бір салем!

Өтірікшіге:

Аргымақ мініп жемдеген,
Пайдасы жокқа ерменген.
Өз айтқаны болмаса,
Бөтенте тіпті сенбеген,
Мың жолы өтірік айтса
 да,
Жалған сөздер өлменген,
Халайық жаман десе де,
«Өзімдікі жөн!» деген,
Пайда ал десе, үш тын,
Сом бермесе көнбекен,
Бытбылдыққа бір салем!

Биге:

Биіміз тұрган әділет,
Жалған ба, осым,
 жамагат?
Келінжан, тұр, тәжім ст!
Биекене бір салем!

* * *

Ағытайын сарынды,
Ішіндегі зарынды.
Сыйлап ата, ененді,
Құрметтеп күшті
 жарынды.
Тұған соң қызды ұзатқан,
Бұрыннан үлті қалынды.

Келіншек болып бүркеніп,
Басыңа желек салынды.
Мен айтайын жырымды,
Той бар деп елге білінді.
Шықкан жерін үлгілі,
Елге де толық үғулы.
Тәкаппар болма ешкімге,
Шүйіріп сөйлем мұрынды.
О, қыздан келін болған көп,
Сіздер тұргай бұрынғы.
Оу, мінгенде атын аксайды,
Жамандар өнер таппайды.
Біреуменен ойнасан,
Күйесінде жакпайды.
Бұрынғы жаксы келіншек
Түске шейін жатпайды.
Әдепті болсаң жайдары,
Жаксы деп сонда мактайды.
Көрінерсің көзіме
Ақылыңыз бар құсан,
Шарпылдаста ешкіммен,
Мінезің де тар құсан,
Кей жамантың белгісі,
Сұраса жауап бермейді,
Тілі жоқ хайуан мал құсан.
Оу, ақылды бол әр іске,
Алдағанға ұтылмай.
Жіңішке сөзге ұста бол,
Лапырып сейлем күтырмай.
Түске шейін ұйықтап,
Жатып алма, бір тұрмай.
Оу, сарын айтып беретін,
Келіншекке батамыз.
Білгенінді айтпай жиында,
Бекерге нете жатамыз.
Құрметтесен әдеппей,
Қолыңнан дәмді татамыз.
Оу, жарамсақ болсаң

 мақтансақ,
Өнерің артыш үстей ме.
Жаралған соң құл болып,
Біреуге ісің түспей ме,
Ашиды сізге жанымыз,
Бұл сезіме наныңыз,

Кызық үшін жынылдык,
Осында келіп бәріміз.

* * *

Бетінді, келін, ашқаным,
Жаңа жұртқа қосқаным.
Жасы үлкенді сыйлап
жүр,
Құрмет қылып жасқанып.
Балалық күнің өтті енді,
Аналық күнің жетті енді,
Жаңа дәурен есірі,
Алдыңғай енді ашылды,
Бәйбішелер келтіріп,
Шараларын толтырып,
Шашулары сатырлап,
Есіктен төрге шашылды.
Айт, келін, енді айт,
келін!

Атынан басын тарт,
келін!

Қыз көнілден кайт, келін!
Сауысканнан сак келін!
Жұмыртқадан ак келін!
Күйеуіне шақ, келін!
Ел-жұртыңа жақ, келін!
Өзің бір ақыл тап, келін!
Ата-ененді бақ, келін!
Кісі келсе үйіне,
Кигізінді как, келін!

Атанды бұрын жатқызып,
Тұндігінді жап, келін!
Шәугіміне су күйип,
Сонан кейін жат, келін!
Сүйгеніңмен сүйісіп,
Адалдан бала тап, келін!
Қалдырмай ақыл айтайын,
Құлакты, келін, саласын.
Катасы болса сезімнің,
Осы отырган алеумет,
Сынға салып карасын.

Құлағың салып қараң тұр,
Келінжан, ал да тілімді!.

Әдеп жолын үйренибек —
Жас кісіге білім-ді.
Ақылсызға айтқан сөз —
Далаға кеткен шығын-ды.
Бәрі саған керек іс,
Тыңдасан, келін, жырымды,
Жырға косып айтамын,
Бар еснет, сырымды.
Бұрынғы күнің — балалық,
Ер жеткесін күнің бүгін-ді.
Өзім айтқан сөз смес,
Осылай деген бұрынғы.
Келін боп келген қыны іс.
Жаңа еспірім балаға,
Қызымет қыл иіліп,
Ата менен анаға,
Өзіңнен үлкен адамның
Бетінс тіке қарама!

Үлкен кісі келгенде,
Катарласып отырмай,
Кейін отыр панада,
Бар айтқаным бұл емес,
Құлағың салып тыңдал тұр,
Сөз бар айттар және да,
Тен құбының артық боп,
Үлкен смес, кіші смес,
Қосылыпсын теніңе.
Еріңнен асыл адам жок,
Карасан ата-тегіне.
Күйеуің үйге келгенде,
Қағып көрпе салып бер,
Отыратын жеріне.

Менің айтқан бұл сөзім,
Бәрі саған керек іс,
Абайлап қара ұғынып.
Салекст болып отырма,
Еркектей болып жүгініп.
Бір тізерлеп жән отыр,
Төмен қарап бүтіліп.
Катты-катты сөйлеме,
Ақырын сөйле мұдіріп,
Майдалығы сөзіңнің
Кеткендей болсын үгіліп,

Бір нәрсеге барғанда,
Көп кешікпе, кідіріп,
Үй арасы болса да,
Қатты жүрме жүгіріп.
Бозбалага қарама
Артық аса тігіліп.
Сыпсың болып біреумен,
Өсекке жүрме ілініп.
Жаман атың бір шыкса,
Кетеді елің тұңіліп...

Тәжім етіп, салем ет,
Ұлken үйге кірерде.
Сыртыңнан шық іліп,
Есіктен шығып жүрерде.
Бір киын іс дүниеде,
«Пәленше келін сондай»,
— деп,
Сыртыңнан әркім күлер
ме?!

Ерте тұрып тұндік аш,
Ерініп жатпай төсекте.
Мезгілсіз келген үйқыны,
Өзіңе жақын дос етпе.
Жаңа түскен жас келін
Жақын болар өсекке.
Қатынга кәрі айып жоқ,
Мінсе де теріс есекке...

Сейлекен кезде,
еркектей,
Даусынды катты кенсеме,
Нәзік сөйлес сріңмен,
Не жұмыс қылсан, жылдам
қыл,
Шұбалаң келін атанба,
Тастама белбебеу белінмен.
Жүріп жұмыс қылғанда,
Бәрімен ұста қолыңың,
Ұстама жалғыз женінмен.
Қасына бала келгенде,
Қабағың түйіп тыржиып,
Жылатпа түртпіп
қолыңмен.

Орынсыз жаман іс қылып,
Әркімге тілің тигізбе,
Ата-анаңа тегінмен.
Ұзын сөздің қыскасы:
Жақсы болып, іс қылып,
Жұртыңа жақ елің мен.
Біреу жаман айтты деп,
Болымсыз іске жасыма.
«Пәленше бүйдеп айтты», —
деп,

Жарына сөзді тасыма.
Есітсөң де жаман сөз,
Жүргенің жақсы жасыра.
Көңіліңе келіп жүрмесін,
Айтты деп сөздің қиынны.
Бұ күнде жаман көргенмен,
Көңіліңе теріс келгенмен
Бәрі де саған пайдалы,
Ағаныңайтқан жырының...

Айт, келін, тағы, айт, келін!
Атыңың басын тарт, келін!
Сауықсаннан сак, келін!
Жұмыртқадан ақ келін!
Келін, келін, келіншек,
Алдыңғы түйен итіншек,
Итіншек түйе екен деп,
Басқа сокпа, келіншек!
Артқы түйен тартыншақ,
Тартыншақ түйе екен деп,
Артқа сокпа, келіншек!

Өзің жатып төсекте,
Қасында жатқан байыңа:
«Тұр-тұрлама», келіншек!
Қаптың аузы бос тұр деп,
Құрт ұрлама, келіншек!

Жаман болса келіншек,
Күлкісін, тіпті, тымайды.
Кісі келсе даладан,
Аяғын жылдам жимайды.
Көрінгенмен ұрсысып,
Ауылдың бәрін былгайды.
Қырыстанып үйінде

Беті-колын жумайды,
Ел қыдырып інірден,
Кісінің үйін тындайды,
Шакырсан, үйде
тұрмайды,
Көргені жаман екен деп,
Есіткен ауыл шулайды.
Жаксы болар келіншек
Ондейларды қылмайды.

Осынша айтқан ақылды
Демегейсің, келіншек,
Қайнага — ақын,
такылдап,
Мұнша неге жырлайды...
Ал, бітірдім жырымды,
Айтып болым сырымды!
Төрде отырган бабалар,
Қара сақал ағалар,
Жапсардағы аналар,
Жамағатқа бір сәлем!

АРНАУ

Атасына қаратып айтқаны:

Шу-шу билер, шу билер,
Шуылдаган көп билер.
Аузыңдан шыққан
сөзінді,
Жібекпенен бу билер.
Төрде отырган төрелер,
Көпті көрген көнелер,
Жапсардағы жақсылар,
Жасы үлкен, ағалар,
Кеңесінді кері сал,
Құлагыңды бері сал,
Келіні келіп түскенде,
Корімдігін шамалар.
Келін де келіп, жатыр-ау,
Үстіне тіккен шатыр-ау,
Кірмес те үйге кіреді,
Әйел де болса, батыр-ау.
Құлықтан туған құлаша,
Ат болады сыласа.

Біраз ғана сейлейін,
Әлеумет, сізге ұнаса.
Ұнамаса сөзімді,
Әуре етпеніз езімді.
Әүеде бұлт құрыстар,
Беташарға бізді ұстар.
Екі ат жектім парлатып,
Алыс жерден біз келдік,
Үлкен жолды шандатып,
Құн жауады қарлатып,
Беташарға келгенде,
Сөз сейлеймін зарлатып.
Ана отырган атасы
Кара жердің жотасы,
Келіні келіп, түскенде,
Үйінің толды ортасы.
Колын жайып бата етсе,
Бізге тиер батасы
Ана отырган атаңыз,
Атаңызга бір сәлем!

Енесіне:

Осы отырган әлеумет,
Ұнай ма сізге сөзіміз.
Ұнамаса сөзіміз,
Басқа біреуді қойыныз,
Бізді қойдың ақын деп,
Сойлер сөзге жақын деп,
Беташарға келгенде,
Сөз сойлаймін тақылдап.
Көшкенде көшін баставан,
Көпшігін кейін таставан,
Абысындары қоштаван,
Ана отырган енесі,
Баламды көзіме көрсет
деп,

Ертслі-кеш қақсаган.
Ана отырган синесі,
Қара жердің кемесі,
Бір балам екеу болды деп,
Кокке жетер төбесі,
Енсізге бір сәлем!

Қайнагасына:

Ана отырган қайнагаң,
Сыртынан біреу сөз айтса,

Шыныменен арланып,
Кәріне мініп шамданған.
Тұлғасына қарасан,
Аскарлы қара таулардай,
Сүйегіне қарасан,
Қайнап біткен болаттай.
Қабагына қарасан,
Қаптаған қара бұлттай.
Бет алдына қарасан,
Жұзінен адам
корықандай.
Ана отырган қайнаган,
Ор қояндай ойнаған.
Ақ боз үйдің сыртына,
Алтыннан қазық
қақтырып,
Сексен нарды байлаған,
Үйінің іші жайнаган,
Келін келіп түскенде
Көрімдікке боталы інген
байлаған
Қайнагаңа бір салем!

Абысыныңа:

Ана отырган абысын,
Бүйімінди алғансын,
Абысын сені нағылсын.
Абысыныңмен тату бол,
Өкпе менен бауыр бол,
Қындаасар қара ағаш,
Үйірлессер карында,
Басыңа жеслек түскесін,
Абысыннан жақын
табылmas,
Ана отырган абысын,
Абысынменен алышпа,
Өзіңе тисс, қалышпа.
Өзіңе тимесе жарыспа,
Абысын сөзі асты деп,
Шаба берме намыска,
Абысыныңа бір салем!

Қайын сіңлісінеге:

Ана отырган бикеші,
Жібектен ескең шүйкесі,

Бар жасауды алған соң,
Теңіне буып салған соң.
Мен де осында болам деп,
Құрып отыр жүйкесі,
Бикешіңе бір салем!

Қайнысына:

Ана отырган қайнысы,
Қайнысы деген кай кісі,
Женгесі келіп түскенде,
Не болады бәйгісі?
Қайнысына бір салем!
Ауылдың қарттарына:
Әуедегі үркер-ай,
Оте шығар тұған ай.
Атаңнан соңғы үлкен-ай,
Үлкендерді сыйласан,
Елің сыйлар сеніде-ай,
Ана отырган үлкендерге бір
салем!

Барша көпшілікке:

Әуедегі үркер-ай,
Түйессін қомдап тіркер-ай,
Осы отырган алеумет,
Қайсыбірін айтайын,
Ерінбесең, келіншек,
Баршасына бір салем!

* * *

Уа, халайық, бет аштым,
Беташар алып қолыма.
Бакыт консын, келінжан,
Бас коса келген жолыңа.
Жақсы атансан ауылға,
Желің шығар онына.
Жаман болсаң, келінжан,
Абысың түсер соңыңа.
Сабырлы бол, ашусыз,
Ақыл бітпес долыға.
Асын болса елге бер,
Қызығанып жүрттап қорыма.
Ақсақал келсе, әдеппен
Су құйып бер қолына
Кіші келсе дүңкимей,
Шырайлы қарсы ал оны да.

Фарылтарды күте біл,
 Қарама оның тонына.
 Көршіңмен тату бола біл,
 Шөп салма жаның
 жолына
 Бар болсаң аспа мақтансын,
 Сабырмен кара жоғына.
 Өнерпаз бол да ерге
 бас.
 Үлгі бол жастар тобына.
 Ал, айт, келін, айт, келін,
 Атыңның басын тарт,
 келін.
 Жұмыртқадан ақ келін,
 Сауысканин сақ келін,
 Ата-анаңың жолы сол
 Еріннің көнілін тап, келін.
 Ел ісіне үлсс қос,
 Аймағыңа жақ, келін.
 Ал, келіншек-келіншек,
 Келіншек, болма еріншек.
 Үлкендерді көргенде
 Орныңдан түр, келіншек.
 Қарсы келсе қарт адам
 Қайқандама, келіншек,
 Байым жақсы көрді деп,
 Тайтандама, келіншек.
 Бірден-бірге сез тасып

Сылсында ма, келіншек.
 Жабығынан әр үйдің
 Тың тыңдама, келіншек.
 Ерте түр да шаруа қыл,
 Келіншек, болма еріншек!
 Ал, ақсақал, ағалар,
 Әжей, жәңтей, аналар,
 Күрбы-күрдас, балалар,
 Жас келінді көріндер,
 Көрімдігін беріндер,
 Жақсы тілеу, ақ бата
 Аринаңздар келінге.
 Жақсы келін келіпті,
 Оң аяқпен еніпті,
 Екі жақта ата-ана
 Ақ батасын беріпті.
 Ақыл айтсан үзатын,
 Әр көнілден шығатын
 Келіндерің корікті,
 Бұл сезіме сеніндер.
 Ал, келінжан, келінжан,
 Сіз де бері келіңіз.
 Ел-жүртіңды көріңіз,
 Құтты болсын Сізге де,
 Бас қоса келген жеріңіз.
 Нұр жүзінді аш-дагы,
 Осы отырган қауымга
 Иіліп сәлем беріңіз!

БАТА

Алыс сапарға шағарда, аса жауапты істі бастарда, басқа да ақ ниетті асыл армандар алдында тұрғанда бата алу халықмыздың ежелден келе жатқан дәстүрі. «Данаалардың ақыллын тыңда, сезін тұт, сонда гана ақ ниеттіңе адап жетесің, қыдырып қолдан, басыңа бақ қонаады». Осы ой, осы сенім шешендерді де, батырларды да алыстан ат шалдыртып, батығай қарияларды іздептірген. Үлкен жиындарда қалың нопір халықты ақ батаса жапырыла қол жайдырттырган.

Ақ бата үлlyn үйлендіріп, қызын тұрмысқа шыгарып, той откізген ата, анаға да, отау көтеруші жас жұбайларға да айттылады. Батығай қария жаңа тұсken келінеге:

«Екі түрлі енші бар,
 Біреуі соның бата алған.
 Кай жерде жаман болады,
 Баталы келін атанған», —

деп одан әрі:

«Асын, асың, асына!
Береке берсін басыңа!
Беденедей жорғалап,
Кыргауылдай қорғалап
Қыдыр келсін қасына», —

деген сияқты ақ ниет, ақ тілекке көшеді.

Батаның екі түрі бар. Біріншісі, жаңағыдаі оқ баталғыс, екіншісі теріс бата-қарғыс. «Құдай қарғыстан сақтасын», — деп ақ сапар, ақ ниеттегілер біреудің қарғысына ұшырамауга тырысады. Экесінен теріс бата алып, гашығына жете алмай, орта жолда мерт болған Төлегеннің тағдырына үқсагысы келмейді.

Бата, сондай-ақ қарғыс емес, адам бойындағы жат мінездерді сынап, мінеу түрінде де беріледі. Б. Уахатов батаның осындай бір түрін мысалға келтіреді: «Шагырай дейтін ақын ел арагап жүріп бір үйге келіп, ат шалдырып алайын десе, үй иесі әйел бұған көңілсіз қарап: «Шайга май әкел», — деген еріне: «Оңайда май жоқ еді, қарын басталған жоқ еді», — дейді. Күйеуі: «Ет ас», — десе: «Бұзылған ет бітіп еді, оңайда ет жоқ еді», — деп отырған орнынан қозғалмайды. Мұны сезген Шагырай бір-екі шыны шай ішіп, кесені көңілсіз төңкере салады. Дастарқан жиярда ол қолын жайып, бата қылады.

«Иә, құдай!
Осы үйдің кара биесін
Тайынаң айыр!
Әйелін байынан айыр!
Бұзылмаган майынан айыр!
Дүниеде көретіні азап болсын,
О дүниеде жатар жері дозақ болсын!
Аллаәкбар!», —

дейді.

Шагырайдың батасынан қорыққан әйел көршилдерін шақырып, өзінің бір пәллеге ұшыраганын айтып, жалынып, жалбарынады»*

Келіннің осындай қарғысқа ұшырамауы, анасы тілек ет-кендей «қайын жұрттына судай сіңіп, тастай батуы үшін» ең алғашқы жауышы келіп, ақ қой бауыздалар сәттен, келін түсірген тойдың дастарханы жиналар сәтке дейінгі мәреп-сәре салтанаттарда бата үзілмейді. Беташардагы сияқты инабаттылық, имандылық, салиқалы сабырлылық, көпшілдік іспеттес ізгі қасиеттерді жас жұбайлардың естеріне қайта, қайта түсіріп, үлкендейтін атымен ақ тілек тілейді.

*Б. Уахатов. «Қазактың халық өлеңдері». 1974, 166 бет.

* * *

Құрметті той иесі,
Ісінді тағдыр ондастын,
Қайда жүрсөң көлтықтап,
Қызыры бабан қолдастын!
Ұлықпандай көп жаса,
Дененде дерт болмасын!
Тойың тойға ұласып,
Жан, жүргің толғансын!
Күннен, күнге көбейсін,
Дос-жараның, жолдастың!
Бақытың тассын әманда,
Бергенін тәңірі алмасын!
Өмірінді ұзартып,
Балаң менен немерен,
Шеберең мен шөпшегің,
Туажаттар жалғассын.

* * *

Асың, асың, асыңа,
Бақыт қонысын басыңа!
Таң мезгілі болғанда,
Бөденедей жорғалап,
Қырғауылдай қорғалап,
Қыдыр келсін касыңа!
Денсаулығың зор болсын,
Дастарханың мол болсын!
Қайда барсан алдында,
Жаркыраған жол болсын!
Армандарың алдыннан,
Саған шығып қол берсін!
Дүшпаның саған құл болсын,
Үйің толған үл болсын!

* * *

Жаратқан исем, тілсімізді қабыл ст,
Иманымызды кәміл ст.
Інтымаксыз алауыз қырқыстан сакта,
Әрі тарт та бері тарт жұлқыныстан сакта.
Терінді билер жатыннан сакта,
Көкдолы катыннан сакта.
Руга бұрган наданнан сакта,
Жақсылығы өз басынан артылmas адамнан сакта,
Қара жүрек есерден сакта.
Нан аттаган кесірден сакта.

Кеуде көрген көргенсіз келінген сакта.
Мезгілсіз келген өлімнен сакта.
Татымсыз тұзынан сакта,
Көргенсіз қызынан сакта.
Бетіңе құлғен сүмнан сакта,
Бетімен кеткен жыннан сакта,
Жалғаскан баледен сакта,
Бас кетер жаладан сакта.
Қайырымсыз малдан сакта.
Аңдысан елден сакта.
Қазымыр шалдан сакта,
Ез болған срдсн сакта.
Төтенишे нәубеттен сакта,
Міндестшіл жекжаттан сакта.
Иә, жаратқан, өмір берсең, жайлы ғып бергін,
Дәулет берсең сайлы ғып бергін.
Әйел берсең әдепті болсын,
Алыс-жақынның көnlі толсын.
Ұл берсең от болсын,
Қыз берсең шоқ болсын.
Келін берсең келісті болсын,
Келешегі ерісті болсын.
Құда берсең жолдасындаі болсын,
Құдаги берсең сырласындаі болсын.
Ата-баба жолынан кім ассын,
Құдалық мың жылға ұлассын.
Екі жастың бақытын берсін,
Екі жақ қызықшылығын көрсін.

* * *

Бақытты бол, бағың ашылсын!
Әр күнің шатты болсын,
Татқашың тәтті болсын.
Босагаңа жамандық жетпессін,
Төріңнен жақсылық кетпесін.
Ұлың он шақты болсын,
Қызың моншақты болсын.
Бастарыңа бақ консын,
Жаратқан ием жақ болсын.
Міндестікке жегілмендер,
Күндестікке женілмендер.
Босага берік болсын.
Ынтымақ серік болсын.
Шаңырақ биік болсын,

Несібе иіп қалсын.
Дастарханың кең болсын,
Қызықшылық тең болсын,
Ауылыш мерекелі болсын,
Аймағың берекелі болсын,
Жолдарың ақ болсын,
Молшылық тап болсын.
Сән-сүлтің ассын,
Мал-дәuletің тассын.

* * *

Куаныш қайырлы болсын!
Жастар абыройлы болсын!
Уайымдары жок болсын!
Көңілдері ток толсын!
Адал сінбек аркасында
Табыстары көп болсын!
Алақандары ашық болсын!
Өмірге машық болсын!
Күйбен қагып кейін қалмай,
Жаңалыққа ғашық болсын!
Үрпактары ер болсын!
Кеменгерлермен тең болсын!
Оларды көре алмағандардың,
Бедел-берекеті кем болсын!

* * *

Бастарыңа бақ берсін!
Не берсе де, нақ берсін!
Қырда жүрген қыдырды
Үйлеріңе ап келсін!
Қарындарың ток болсын!
Қайғыларың жок болсын!
Шұпірлекен үйінде,
Балаларың көп болсын!

* * *

Өмір берсек, жайлы қып бер!
Дәulet берсек, сайлы қып бер!
Бау берсек, миуалы қып бер!
Келін берсек, ибалы қып бер!
Қара ниет батырдан сакта!
Көк долы катыннан сакта!
Кеудесін керген келіннен сакта!
Кездесік келген өлімнен сакта!

* * *

Әумин, — деп қолыңды жай,
Мен бір бата берейін.
Бергенде бата не дейін:
Әүелі құдай оңдасын!
Әулиелер қолдасын!
Малың менен басыңа,
Еш жамандық болмасын!
Берекелі бақ қонып,
Бірдей ессін мал-басың!
Несібен артып күн сайны,
Өзегің сәлір талмасын!
Жаратқан жаббар жар болып,
Пендсігс күнің салмасын!
Жаратушы құдырет,
Жарылқаудың қамын ет!
Қайыры гүмір кешуді,
Ұрпактарға несіп ет!
Қосылған екі жастарды,
Зылика мен Жұсіптей,
Бір-біріне ғашық ст!
Ғайып ерсін, қырық шілтсін,
Назарыңды салып өт!
Тар жол, тайғақ кешуде,
Жәрдемдесіп алып өт!
Бақыт, дәulet, перзентте.
Еш болмасын қасірет!
Ықыласпен тілек тілеген,
Тілекті, алла, қабыл ет!
Әумин!

* * *

Тәңірі жас жұбайларды
Шат өмірмен жарылқасын!
Бақыттары арылмасын!
Ешқашан да мұқтаждық көріп,
Еш адамға жалынбасын!
Жастары жүзге жеткенше,
«Дерттімін», — деп шағынбасын!

* * *

Қосылып тұрған қос ұлан,
Игілікті, алаулы болыңдар!
Халыққа қалаулы болыңдар!

Мейірбанды махаббатпен,
Мейірлі мархабатпен.
Үлкенді сыйландар!
Өкпеге де кимандар!

* * *

Тақыр жерде тайғақ бар?
Тәңірім содан сактасын!
Бату бар жерде бәле бар,
Машайық содан сактасын!
Шұқыр бар жерде сайтан бар,
Сактаушы содан сактасын!
Ойнатған оқ қолың
Ақ білекке қарыссын!
Кімұлдаган екі аяқ —
Табанында қарыссын!
Аузындағы отыз тіс —
Таңдайында қарыссын!
Құдай қосқан қосағың —
Біргелесіп қарыссын!
Басың жерге жетпей жамандық көрме,
жаным!
Дәuletің зияда болсын!
Дүшпаның пияда болсын!
Ұлың ұяда болсын!
Қызың кияда болсын!
Адамның жаласынан,
Бұлттың аласынан,
Көрінер-көрінбес мың да бір бәлесінен
Патша құдайым өзі сактасын!

Әумин!

* * *

Жан үяң ұлken бай болсын!
Төрт түлігің сай болсын!
Ата-анаңның көнілі жай болсын!
Шаңырагың жогары, биік болсын!
Мал-басты үйіп берсін!
Босағаң берік болсын!
Тату-тэтті махаббаты
Бір-біріне серік болсын!
Дастархандарыңа береке берсін!
Бастарыңа мереке берсін!
Астарыңа ададдық берсін!

Бастарыңа амандық берсін!
Қызметтеріңе табыс берсін!
Қол жеткісіз ырыс берсін!
Дастархандарын тоқ болсын!
Уайым-қайғыларың жоқ болсын!
Отбастарың шуылдап,
Құлшашарларың көп болсын!
Бақ-дәүлет берсін бастарыңа,
Ғұмыр берсін жастарыңа!
Пәле-жала, жын-шайтан,
Жоламасын қастарына!
Аллау әкбар!...

* * *

Жас келіннің батасы.,
Жастардың көп қатасы.
Жек көрмейді баласын.
Анасы мен атасы.
Балалар, көтер қолынды,
Қайырлы құтты жолынды,
Ием берсін мал мән бас,
Толтырын он мән солынды!
Мен берейін батамды,
Кішіпейіл болып, келінжан,
Сыла енең мен атаңды.
Кекшіл болма, карагым,
Кешірер әркім қатаңды!
Бола берсін ойын-той,
Қызыктай тойлау-құрмет кой.
Ақыл, естен айырылмай,
Жастарым еске алып қой.
Қайырлы болсын тойыңыз,
Құдалар кеуде соктырып,
Құйрық, бауырга тойыңыз!

Аллау әкпәр!

* * *

Келін келді. Той аяқталды. Қыз сәүкелесін шешіп, басына әшекейлі желек жамылды. Ол оны бір жылга дейін, яғни тұңғыш сәбілі болғанға дейін басынан тастамайды. Қайын атасы мен қайын ағасының төріне шықпайды, үлкендердің алдарынан кесе өтпейді. Ибалық, сақтайды. Тек бөпелі болғаннан кейін енесі келінің төрге оздырады, жекжат-жұрагаттарын шақырып, келіннің енді өзі сияқты ана

болжаңдығын сый-сияпатымен жария етеді. Өмір осылай жалгаса береді. Тек сол өмірдің сәні болгай, жақсы дәстүр тозбагай, ұрпақ азбагай, құрметті оқушы!

ЕЛ АУЗЫНАН БІР ҮЗІК

Он басте — отау иесі.

* * *

Құда болмай, құл билігін сұра,
құда болған соң құл да болса сыйла.

* * *

Үйленудің қуанышы мәңгілік.

* * *

Терің қарап қызын ал,
сөзүнина қарап қару ас.

* * *

Аяғын көріп асын іш,

* * *

Шешесін көріп қызын ал.

* * *

Калыңсыз қыз болса да,
кәдесіз күйеу болмайды.

* * *

Күйсу келсе қыз тұрмас,
бесін келсе құн тұрмас.

* * *

Ақасын киген саукелені
сіңгілі де киеді.

* * *

Отырған қыз орынын табар.

* * *

Калыңдығына өкпелеген күйеу,
кайнағасына сәлем бермейді.

* * *

Кызынды құтты орынга қондырғанша күт,
ұлынды отау иесі болғанша күт.

* * *

Күйеу — жолдасымен,
қыз — жасауымен.

* * *

Жақсы қыздың жасауын
Жақын-жаран жасайды.
Жаман қыздың жасауын
сұран-тілсін жасайды.

* * *

Отаулап бергөн қыздың
отын, сұмы аз болмас.

* * *

Аты, тоны сай кісі,
Жиын, тойға барысар.
Ұлы, қызы бар кісі,
құдалыққа барысар.

* * *

Келіннің бетін кім бұрын ашса, сол ыстық.

* * *

Құданы құдайдай күт.

* * *

Құданы құдай қосады, үйірі басқаны нокта қосады.

* * *

Құданы құдай қосады, досты періште қосады.

* * *

Құдалық белгісі — сый, сыйыт, коңыс белгісі — бейіт.

* * *

Құдаги сыйымен жарасады, куырдақ майымен жарасады.

* * *

Құдандалының малы бір, айтушы достың жаны бір.

* * *

Алыс жерге құда болсан, түйе-түйе ас келер,
жақын жерге құда болсан, түйе-түйе сөз келер.

* * *

Құданың құдасы — құнан қойдың сорпасы.

* * *

Көп беріп, көргендіден қыз алсаң,
тік тұрыл мейманыңа қызмет етер.
Аз беріп, көргенсізден қыз алсаң,
Байының қойнына бір жатқанын міндеп етер.

* * *

Құдашамен құда ойнар, ку шөппен борі ойнар.

* * *

Қайындағы күйсуден қарғылаган тазы артық.

* * *

Қыз бала өкпеші болса, қалыңмалы көп ғолар,
Ер бала өкпеші болса, ырысқа кесір болар.

* * *

Қызы бергенді қыз өтсер.

* * *

Қызы бардың — назы бар.

* * *

Күйсү — жұз жылдық, құда — мың жылдық.

* * *

Ат өлсс де кәдес өлмейді.

* * *

Олі-тірі кірген соң, алғен күйсү жатпайды.

* * *

Көріп алсаң, көріктіні ал,
Көрмей алсаң тектіні ал.
Таба алсаң таспа сыртты құбаны ал,
Тапласаң азбас, тозбас караны ал.

* * *

Әркімдікі өзіне, ай көрінер көзіне.

* * *

Өнерсіз қыздан без,
Өнегесіз үлдан без.

* * *

Қыз кезінде бәрі жаксы,
Жаман катын қайдан шығады.

* * *

Сом темірге балға бер, сомсынғанга тәнір бер.

* * *

Су сүзілмейді, сүйек үзілмейді.

* * *

Бок жагылған нетеді?—

Жуса кетеді.

Ат тағылған нетеді?—

Сүйегімен өтеді.

* * *

Бір қыздың тойы болса, қырық қыздың басы ауырады.

* * *

Күйеудің атымен күл тасы

* * *

Қыз — еріс, үл — коныс.

* * *

Қыздан қалынмал алыш, ешкім пайда қылмайды.

* * *

Бірінші байлық — денсаулық.

Екінші байлық — ақ жаулық.

Үшінші байлық — он саулық.

* * *

Карыздан да катын ал,
Катының қалар жаңында.

* * *

Құдасымен құдай ұрган ұрысады.

* * *

Тойға барсан бүрін бар,
Бүрін барсан орын бар.

* * *,

Қайта шапқан жау жаман,
Қайтып келген қыз жаман.

* * *

Есік көргенді алма, бесік көргенді ал.

* * *

Кедейдің әйслі елсе басы қаңғырады,
байдың әйслі елсе төсегі жаңғырады.

* * *

Құдан құрдасында болсын,
құдағының сырласында болсын.

* * *

Жаман құданды өкпелетсөн,
жақсы құданың қоңілі қалады.

* * *

Бастапқы қызыңды жасауымен ұзат,
соңғы қызыңың етеуіне жақсы.

* * *

Екі бай құда болса, арасында жорға жүреді.
Екі жарлы құда болса, арасында дорба жүреді.
Бай мен жарлы құда болса айрылыса алмай зорға жүрсі.

МАЗМУНЫ

Кызды ауылда күнде кызық	3
Үлді үяға, қызды қияға	11
Ы. Алтынсарин. Орынбор ведомствосы қазактарының құда түсу,	
кыз ұзату және той жасау дастүрлерінің очеркі...	12
Н.И. Гродеков. Сырдария облысының қыргыздары мен кара қыргыз	
дары. Бірінші том. Эдеп-ғұрыптары (Ауд. Ш. Керімов)	21
Л.Ф. Баллюзек. Кіші орда қазактарында заң ретінде жүрген, тіпті	
казір де кеңесстін, халықтық дастүрлер (Ауд. С.Бақтышев)	35
К. Халиди. Қалынмал (Ауд. Б. Төтпенаев).	39
Той, той, тойланыз	47
Құда қақпай	48
Сыңсу	50
Аушадијр	60
Жар-жар	64
Той бастар	74
Бет ашар	81
Бата	100
Ел ауынан бір үзік	108

Учебное издание

КАЗАХСКАЯ СВАДЬБА: ОБРЯДЫ И ТРАДИЦИИ

(на казахском языке)

Суретшісі М. Ысқақов,
Көркемдеуші редакторы С.Әлиев
Техникалық редакторы Н. Мельник

ИБ N 108

Торуге 15.05.92 жіберілді Басута 12.09.92, көл көйчілды. Пішімі. 84x108¹/32 Баспаханалық
кварта. Өріп түрі «Тип Таймс». Шырынды басымыс. Шартты баспа табеги 5,83. Шартты
бапулы беттандасы, 6,68. Есептік баспа табеги 8,1. Таралымы 100000 дана. №499 тапсырыс.
Бағасы келісім бойынша.

Казакстан Республикасы Баспасөз жөнс бұқаралық әкпарат министрлігінік «Ана тілі» баспасы,
480124, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143 үй.

Казакстан Республикасы Баспасөз жөнс бұқаралық әкпарат министрлігінік полиграфкомбинаты,
480002, Алматы қаласы, Макатаса көшесі. 41 үй.

Қазіргі жариялышық жалған болмай, тәнірім
көлдаса, халқымыздың үлттық табиғаатымен енді
кайта табысармыз, жақсы дәстүрімізді қайтадан
жасағыртып, қазақ деген халқының осы
дегендерліктең өз мінез, өз болмысымызды та-
бармыз. Осы кітапты пирақтай отырып, әжелерім
мен жеңгелерімің қоңғліме мәіғіт үялап қалған
аңғимелерін есіме түсірдім, өзімнің жастық
шагымды көз алымда келтірдім. Өмір — ала-
пат ағыс, әр халық өзінің үлттық мәдениетімен,
үлттық дәстүрімен дарапанбаса, сол алапат ағыс-
тың арасында жұтылып кетеді-ау деп ойладым.
Жүргегім қағып, тынысым тарылғандай болды.
Дегенмен, бүгінгі өміріміздегі жылы лепке жа-
нымды тостым. Содан үміттендім. Үкілі жас
отауға әжелік ақ батамды бағыштап, үмітім ал-
дамағай деп тіледім.

Казақстанның халық жазушысы

М. Нахімжанұлы Зор.



Халық тұрмысында ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлердің, жол-жоралғылардың ішінде қалыңдық таңдал, көлін түсіруге, үйлену тойын өткізуге қатыстылары айрықша орын алады. Жинақта, міне, осы құда түсіп, жаушыжіберу, есік-төр көрсету тойы, ұрын той, ең соңында қыз ұзату мен келін түсіру тойы сияқты сән-салт-нанттардың қалай өткізілетіндігі кең суреттеледі. І. Алтынсариннің, Н.И. Гродековтің, Л.Ф. Баллюзектің және Қ. Халидидің еңбектерінде шеге шапан кигізу, құйрық-бауыр жесісу, бақан салу, «мұрындық ана» атану, кемпір өлтіріп, ит ырылдату сияқты толып жатқан кәделерге анықтамалар беріледі. Екінші бөлімде үйлену салт жырлары ұсынылып отыр.

Жинақ халқымыздың үлтттық дәстүрімен танысуға құмар студент жастар мен қалың қызырман қауымға арналған.